

**Бибігүл
Иманғазина**

НАЗЫМ

(повесть)

*Ашынған әйел
лаулаған өрттен де қауіпті!*

Автор.

Өрмекшінің торындай шимайланған әжім бетті, шарасы кең көзінің жарқылы сөне қоймаған, салбыраңқы екі ұрты анда-санда бүлк ете қалатын кемпір, сүйектері шығыңқы, тамырлары адырайған қолымен тізесінде еркелеп жатқан немере қызының басынан сипап, ертеқ айтып отыр.

– Ерте, ерте, ертеде, елден асқан бір сұлу қыз болған екен...

– Менің тәтемнен де сұлу ма? – Әжесінің мойнына білегін асынып, еркелей сөйледі.

– Жо-ға, сенің тәтеңнен қайдан сұлу болсын!

Әлгінде ғана жағылған жалпыншақ қазан-ошақтың айналасын ысытып-ақ жібергендей еді, ас-су ішіп болмай-ақ кішкене ғана бөлменің іші суи бастады. Пештің түбінде салынған жамау-жасқаулы төсек Қатыш әженің өзімен бірге ұзатылып келген көне дүниелер. Желдің өтіне шыдай алмай сықырлаған жалғыз көз терезенің әйнегін басқан қыраудың сызын кәрі денесі сезіне түссе де, Қатыш сыр білдірмейді. Құдайдан жатса-тұрса «Осы немеремді бәлиғатқа жеткізгенше ғұмыр бере гөр мен сорлыға» деп тілейді.

– Әже, тәтем жаз шыққан соң келе ме? – Назым көзі ұйқыға кетіп бара жатып, әжесінің мәмесіне тұмсығын тыға түседі.

– Келеді, құлыным, келеді, шыбыным, келеді...

Жаз шықса қыста, қыс түссе жазда келеді деп, енді бір-екі жыл ғана алдар, сосын әрі қарай не істейді?!

Көзінен әлдеқашан жас та шықпайтын болса да, кемиек иегі кемсеңдеп, ақыры ішіндегі жанын өртер жалынын әдеттегідей «аһ» деп бір-ақ шығарды. Кішкене жеңілейіп қалды. Қойнындағы құйтақандай қыздың тағдырын ойлай береді, ойлай береді...

Әкесін сұрайды, әкесі соғыстан қайтпады. Өткен жылы жалғызының соғыста қаза тапқаны туралы қара қағаз алған Қатыш баласынан әлі күдер үзбейді. Немересін алдарқатып жатып, кейде өзі де баласы тап қазір кіріп келетіндей елеңдейді. Шешесін сұрайды. Шешесі көрші ауылдағы әйелі өлген жігітке күйеуге шығып кеткеніне де айдан асты. Сор маңдайдың шекесі не шылқып жүр дейсің, жетім қалған алты баланың бабын табу да оңай

болмас! Қатша келінінің жастығын ойлап, өзі оң батасын беріп шығарып салды. Көз жасын бұлай отырып «Қарағым, шаранасынан бауырыма басқан жалғызымның көзінен мені айыра көрме, өзімнің көзім жұмылғанша осы шаңырақтың оты сөнбесе деймін» деп егіліп еді, келіні Ақсайран енесінің тілегін орындады. Ақсайраны маңдайына сыймады. Мінезі, қылығы да, үлкеннің алдынан кесе көлденең өтпейтін әдептілігі де осы күнге дейін елдің аузында. Қысқа жететін отын жинап, жарты қап бидайды өз қолымен тартып беріп кеткен Ақсайран осы жаққа келетін біреу болса құрт, май, шайын да беріп жіберіп жатыр. Күйеуі дыңдай тракторист.

«Қарағымның бақыты ашылса екен!» Қатша күн сайын келініне осылай бақыт тілейді.

Әжесі көне камзолын сөгіп, өзіне сөмке тігіп отырғанда Назым қабағын түйіп:

– Әже, тәтем көптен бері келмей қалды ғой, – деді.

– Ой, құлыным, тәтеңнің жақында бөпесі болады, сосын бөпесін екеумізге әкеліп көрсетеді. Өзіміз де барып қайтамыз.

– Бөпе дейді?! Әже, сосын біз тәтемді жібермейміз ғой, әйтпесе ол бөпе біздікі болмайды.

– Өйтсек Жақай көкең ренжиді ғой.

– Жақай маған көке емес, мен оны жек көремін.

Назым бетін басып ұзақ жылады.

– Құлыным-ай... Қарғыс атқыр соғыс қанша бала мен жесірдің обалына қалды, қарғыс атқыр Гитлер!

Ақсайранның кенеттен қайтыс болғанын естіруге келген көрші-қолаңдарының бетіне бедірейе қарап отырып қалған Қатша қолын ербеңдетіп, басын шайқай берді. Шүкіршілігі келіні еді, Қатша енді ертелі-кеш жоқтау айтатын болды.

Үлкен кісідей әрдайым тауып сөйлейтін Назым төрде тұрған тәтесінің суретіне көз қиығын тастай отырып:

– Сорлыны сор айдап барған ғой, әйтпесе осы ауылда күйеулері соғыстан қайтпаған, бір баласы да жоқ, жас келіншектер енелерімен осы күнге дейін отыр ғой. Сен екеумізді тастап кеткені үшін құдай оның жазасын берді, – деді тістене, аппақ беті қызарандап.

– Қой, ойбай, ол сорлы өмірден не көріп кетті? Ең болмаса сен екеуміз жақсы сөзбен еске алып отырайық тағы. Менің қолымнан жеті сайын шелпек жасағаннан басқа не келеді?

Қатша біреудің текеметіне ою жапсырады, біреудің күпі ішігін тігеді. Сол еңбегі үшін алған тиын-тебені немересі екеуінің ішіп-жеуіне, көйлек-көншегіне жарап тұрады.

Күнде ертеңгісін дәретін алып, намаз оқитын әжесін Назым кейде мазақ етеді.

– О, жасаған, құдаймен арпалысқан бұл қандай заман?! Әйелге еркекке бағынба, еркекке әйел атаулыға бағынышты бол деп үйрететін ағайларыңа мені алып баршы, – деп ашуланып еді, Назым шырылдап қоя берді.

– Сосын мені пионерден шығарып жіберсін дейсің ғой, пионерден шығу деген өліммен бірдей, әже!

Ұлы мен келінінің бастарын түйістіріп түскен суреттің жанында қолдан жасалынған раманың ішінде Сталиннің суреті ілінген.

– Маңдайыма сыймай кетті. Артының қайырын бере гөр!

Өзімен бірге шай ішетін көрші кемпірдің ұлының халық жауы емес екенін ел анық біледі, оны істеткен де Сталиннің өзі емес, жаулары. Екі кемпірдің тұжырымы осындай.

– Алла тағалам аман болса, жазықсыз еңіреп кеткен ерлер үшін ауыздарынан қандарын ағызар-ау...

Назым оқитын мектеп кішігірім қаланың ортасындағы кірпіштен қаланған үй. Басқа үйлерге қарағанда оқшауланып көзге түседі. Мейрамдардың алдында мектептің маңдайына қызыл шүберекке аппақ әріппен баттита жазылған ұрандар ілініп, елдің көңілі бір көтеріліп қалады. Сырнай тартылып, би биленіп жатқан мектептің алдына жұрт таң атысымен жиналады. Бірыңғай ақ жібектен етегі дөңгеленген көйлек пен қынама, жеңсіз қара желеткі киген әйелдер мен қызыл жібектен шекелеріне қисайта орамал тартқан қыздар топ-топ болып тұра қалып, өлең айтып, құрдастарымен әзілдері жарасып жатады. Жағасы жабық ақ китель мен галифе шалбар, жылтыраған қара құрым етік, жігіттердің той-томалақта бір киерлері.

Осыдан төрт жыл бұрын Қатыш әже үш-ақ күн ауырып, қайтыс болды. Ауылдың ақсақалдарының ұйғарымымен Назымды бір ағайыны асырап алатын болған, бірақ Назым өзінің айтқанынан қайтпай, мектептің

жанындағы жетім балалар үйіне барып, оқуын жалғастыруды қалады. Алғашқы жылы әжесін жоқтап зар еңірейтін Назымға қасындағы тұлымы желбіреген кішкене қыздар қосыла жылап, азан-қазан болысатын да қалатын. Өзімен бір сыныпта оқитын Күміскүл деген қатқан қара қыз үнемі Назымды үйіне шақырады. Бірақ Назым ешкімнің үйіне бармайды.

Бірінен-бірі айнамайтын күндер мен айлар, жылдар ауыр да болса сырғып, Назым он беске толды. Математика сабағын өзінің жаны сүймейді.

Бір күні жанында отыратын Күміскүл сыбырлап:

– Тайжан, мына кітапты саған беріп жіберді, – деді.

Үстіндегі әскери киімін әлі тастамаған, қонышы тізесінен төмен қарай жиырылған қара етігі жүргенінде сықырлап қоя беретін Мырзабаев деген есептің мұғалімі сыбырласқан екі қыздың жанына келіп:

– Қазір болса ғой есеп, ал сен екеуің историяны оқып отырсыңдар, әкел бері, – деп жекіді.

Ойында ештеме жоқ Назым ежірейген ұстазының күректей қолына кітапты ұстата салды. Күміскүлдің екі көзі жыпылықтап кетті. Кітаптың арасынан сырғып барып жерге түскен ақ қағазды көтеріп жатқан Мырзабаевқа:

– Ағай, ол менікі еді, өзіме беріңізші, – деп жалынды Күміскүл.

Бетінің түгі мол, танауы таңырайған, қалың шашын қайта-қайта сілкіп тастап, езуін бір жағына қарай қисайта сөйлейтін Мырзабаев ортасынан екі бүктелген қағазды асықпай ашып, тақтаның алдында шірене тұрып сайрай жөнелді: «Алтыннан ардақты, күмістен салмақты, сүттен ақ, судан тұнық, айдан жарық, күннен сәулелі Назымжан!» – Мырзабаев кенет тоқтай қалып, Назымға екі көзін сығырайтып, сұстана қарады. «– І... Алтыннан артық дейді! Балалар, көрдіндер ғой, сабақтың үстінде біздің қыздарымыздың немен айналысатындарын. Бүгін сабақтан кейін барлық комсомол мүшелері қаласыңдар. Қарай гөр өзін, Абайдың барлық өлеңін көшіріп жазыпты. Көшіргішін қара! Өзіңе ғашық Т... .» – Демек, бұл Мәжнүннің аты алты әріптен тұрады екен...

Мырзабаевтың алдына жетіп барғысы келсе де, Назымды бір мығым күш жібермеді, жағын да аштырмады, аяғы да еденге жабысып қалғандай. Әр жерден қиқ-қиқ деген дыбыстар да тез басылды. Енді ғана қылтиып, қыз санатына қосыла бастаған әрбір қыз бен жігіт қызға жазылған хатты жігіттің кітаптың арасына салып, біреу арқылы қызға жеткізілетінінен хабардар. Бәрінің де Назымға жаны ашыды. Енді бүкіл мектепке аты жайылатынын

жақсы ұғынған Назым бетін басып, үнсіз жылады. Қыздың көз жасы деген мұғалімдер үшін түк те емес. Екілік алса да жылай салатын қыздарды ешкім де жұбатпайды.

Өздері жылап, өздері қояды.

– Жолдастар! Бүгін қаралатын мәселе Назым Айжарықованың мектеп қабырғасында жүріп, қыз балаға лайық емес іспен айналысатынын әшкерелеу. Сабақ үстінде жігіттен алған хатын оқып отырған адам енді бір жылдан кейін не істейтінін біз қайдан білеміз?..

Мырзабаев желпіне сөйлеп, қасында отырған Назым оқитын сыныптың жетекшісі Сарғасқаевқа да тиісіп қояды. Назымның жалғыз үміті Сарғасқаевта. Ақты ақ, қараны қара дей алатын Сарғасқаев өзінің арқа сүйері.

Назым тақтаның алдында кірпігін төмен түсіріп, тістеніп тұр.

– Ал, Назым, өзің айтшы... өзі қалай болды... істің мәнісін, мүмкін, өзің түсіндірерсің, – деген Сарғасқаев ағайының жұп-жұмсақ даусы қалтырап тұрған тізесін қатайтып, сырт жағынан келіп әжесі қолтығынан демеп жібергендей бойына күш бітірді.

– Менің білетінім, мен ешкімге хат жазуға заказ берген жоқпын!

– Заказ деп орысшалайды өзі?! Көрдiңдер ме?! – Мырзабаев сұқ саусағын безеп, біраз түтігіп барып басылды.

«Тура осының әкесін мен өлтіргендеймін! Қыр соңымнан қалмай қойды-ау, қара бура!»

Назым едіреңдеген Мырзабаевқа безере қарап тұрып, іштей аямай сіледі.

– Хатты кім жазғанын білемісің?! – деді Сарғасқаев.

– Сеземін, бірақ айтпаймын.

– Неге айтпайсың?! Мүмкін, ол ертең тағы біреуге хат жазар!

Мырзабаев қақала-шашала сөйлеген күйі орнынан көтеріліп барып қайта отырды.

– Ол оның өз ісі!

– Көргенсіз! Тілін сумаңдатуын қарашы!

Сарғасқаев түсін суытып, Мырзабаевқа көз қиығын тастап еді, анау жым болды.

– Біреудің біреуге ғашықтығы көргенсіздік пе екен?! – Біреу күңк етті.

– Қызға сөзді кім айтпайды, қымызды кім ішпейді дегенді бізден гөрі ақылды аталарымыз айтып кеткен ғой. Сондықтан өзіне біреудің хат жазғаны үшін Назымды біз еш кінәлай алмаймыз, – деген өздерінің сыныбында оқитын комсомол комитетінің мүшесі Нұрымның сөзі бәрін дүр сілкіндірді.

Ақыры Назымға комсомол комитетінің атынан сөгіс жарияланды. Комсомолдан шығарылсын деген Мырзабаевтың ұсынысын ешкім қолдамады. Бөлмесіне жеткенше Назым іштей өксіді. Шешесінің басқа күйеуге тиіп кеткенін естіген күні осылай өксігені бар-ды: «Сөгіс алғанша өлгенім жақсы еді...өлгенім жақсы еді...»

Дене бітімі еркекшоралау, ұсқыны келісіңкіремеген Күміскүл әке-шешесі бар қыз болса да, тірі жетімдікті жиі сезінеді. Күміскүл екі күннің бірінде көз алдында шешесін сүйреп сабайтын әкесін жек көретіні сондай, оған өлім тілейді. Өте бұйығы, адамға көзін көтеріп қарап, жарқылдап бір күлмейтін шешесін аяйды. Күміскүлдің арманы онжылдықты бітірісімен оқуға кетіп, сол жақтан өмірі оралмау. Қара басын қорғай алмайтын шешесіне де әлдеқашан көңілі қалғанын оңашада сыр етіп айтқанда Назым «Баланы адамдар не үшін туады екен?» деп күрсінді. Назымға досының бақыты өз бақыты, қуанышы өз қуанышы. Күміскүлдің әкесінің бір қолы жоқ, – соғыстан тез қайтқан, жесірлерге қырғидай тиетіндердің бірі. Назымға туған әкесі мен қызының арасындағы ызғар түсініксіз. Өлім мен өмірдің арасынан келген адамның әйелін сонша жәбірлейтінін де түсіне алмайды. Білетіні, күйіп-піспе, ақылын ашуға жеңдіретін, жұдырығын ала жүгіретін еркек барып тұрған оңбаған адам!

Тайжанның әкесі қаланың ауыл шаруашылығын басқару бөлімінің басшысы. Күміскүл мен Тайжанның әкелері немере ағайын. Тайжан суретші болғандықтан, бар қыздың сүйіктісі. Осы жетімдер үйінде де Тайжанның қолынан шыққан алуан түрлі суреттер ілулі тұр. Назым сол хаттың иесі Тайжан болғанына қуанады. Мұғалімдердің көбісінің өзінің жағында екеніне көзі жетті ғой, демек Мырзабаев сияқтылардың өзі не, сөзі не!

Тайжан Алматыдағы суретшілер дайындайтын училищеге өте жақсы бағамен оқуға түсіп, үйіне оралысымен Назымды көргенше асықты. Күміскүлдің келгеніне жүрегі жарылып кетердей қуана тұрып:

– Назымға айт, кешкісін өзеннің жағасында мені күтсін, – деді.

Назым мұны естісімен бір орнында тағат тауып тұра алмай, елікше елеңдеп, күткен минөтіне де жетті-ау. Бақалардың үні құлағына майдай

жағатын, салқын ауасы жаныңды жай таптыратын шағын өзеннің шетінде отырған Тайжанды көрісімен жүрісін бәсеңдетті. Тайжан жүгіріп келіп иығынан құшақтады.

– Түү, уақыт өтіп болсайшы, ел дегенің түн ортасына шейін босып жүреді екен-ау, – деп күлді.

– Оқуға түскенің құтты болсын!

– Рақмет, сені ойламаған бір де бір сағатым болған емес, қатты сағындым.

Назым жан-жағына жалтақтап қарағыштай береді.

– Ойбай, бұқ, анау әлгі бақташы шал емес пе?

– Ой, батырым-ай, тіпті есің шығып кетті ғой, – деп Тайжан ішек-сілесі ката күлді.

Алданғанын білген Назым бұртиып, сырт айналды. Тайжан аңдаусыз тұрған қыздың арқасынан қапсыра құшақтап, бетінен сүйіп алып еді, Назым үздігіп тұрған жігіттің құшағынан сытылып шығуға тырысты.

– Қойшы енді, мен сені жақсы көремін ғой, бір сүйгенім үшін сонша ашуланғаның қалай?

– Сен мені қорлайсың! Сен мені сыйламайсың? Жақсы көрсең менен рұқсатсыз өрескел қимыл көрсетпес ең!

– Сені жақсы көргендіктен де шыдамсыздық танытқаным үшін кешірші жаным, кешірші. Бір жыл...бір жыл ғой... бір жылдан кейін сен мектепті бітіресің, сосын екеуміз үйленеміз, сосын сен оқуға түсесің. Сосын екеуміздің баламыз болады.

– Бір жыл дегенің де аз уақыт емес...

Алматыға келгелі Тайжан таңның қалай атып, күннің қалай батып жатқанын байқауға шамасы келмейтін болды. Осы уақытқа шейін өзі өңі түгілі түсінде де көрмеген кинотеатрлар мен музейлер, жастардың демалатын жерлері... Күн сайын біреуіне барады, одан уақыт артылса, қаланың ортасындағы кітапханаға жүгіреді. Ал, училищеде өтетін әр сағаты өзіне өте қызықты. Кешкісін шаршап келсе де түні бойы көрген-білгендерін айтып Назымға хат жазады. Үнемі қарны ашып жүретін Тайжан жолшыбай нан мен сүтін ала келуші еді, бүгін қалтасында бір тиыны қалмай, қарны шұрқыраған күйінде не де болса жатақханаға жеткенше асықты. Өзінен басқа бір бөлмеде тағы үш бала тұрады. Бірақ өмірі бастары қосылып тамақ ішіп көрмепті. Біреуі түн ортасында, біреуі таң ата оралады. Әйтеуір қыздар сияқты орталарынан ақша жинап қазан көтеруді қалыпқа келтіре алмай келеді.

Алдынан шыққан, өзімен қарсы керуетте ұйықтайтын Серік таңқы танауы делендеп:

– Әй, сорақы-ай, сені күтіп көзіміз көгерді ғой, жүр, ана бөлмедегі ең сұлу қыздың бүгін туған күні екен. Тайжанды алып келесің, алып келе алмасаң қараңды көрсетпе деп мені қуып жіберді, жүр болшы, бәрінен бұрын тамақтан құр қалатын болдық, – деді.

Тайжанның да сілекейі шұбырып, тамсанып тұр.

– Сыйлықсыз туған күнге қалай барамыз?!

– Сен осыдан бір жеті бұрын үйден ақша алдым дегенің қайда?!

– Жігіттерге қарызға бөліп бердім.

– Ол қыз бар ғой, саған өлердей ғашық! Сыйлық мына өзің боласың!

– Ой, тәштек-ай, айтасың-ау, жарайды, өзің жуып-шаярсың, кеттік.

Көгілдір көйлекті, көгілдір көзді, аппақ қыз есікті айқара ашты.

– Міне, көрдің бе, туған күніңе мен қандай сыйлық әкелдім?! – Тәштек қыздың қолтығының астынан ішке қарай өте беріп, сөйлеп барады. – Сыйлық алуға бұл жігіт бармақшы еді, мен жібермедім, бұның бір кетсе жоғалып кететіні бар, сосын таңға шейін осыны күтіп отыруға тура келер еді.

– Танысып алайық, менің атым Болғангүл. Мен сіздің жерлесіңізбін. Иә, иә, танданбай-ақ қойыңыз, өзім де енді естіп жатырмын. Менің әкем сіздің қалаңызға екінші басшы болып жатыр. Әке-шешемнің қыздары көп болып бара жатқан соң менің атымды Болғангүл қойыпты. Шынында менен кейін бір ұл дүниеге келді.

Тайжан сасқалақтап, мына тықылдап тұрған қыздың соңынан ерді.

– Мына жерге отырыңыз, сізге осы орынды сақтап отыр ек! – Болғангүлдің бір қараторы құрбысы құпиялап жымиды.

Тайжанға керегі тап қазір қыз емес, үстелдің үстіндегі алуан түрлі тамақтар болып тұр.

Көзді ашып-жұмғанша жаңа ғана тау болып үйілген үстелдің үсті орталанып, арақ пен шарап та тоқтаусыз ішілуде.

Болғангүл бұлаңдай келіп Тайжанды биге шақырды.

– Достар, бүгін менің туған күнім, сондықтан кіммен билесем де өз еркім, – деп қасына жақындай берген еңгезердей жігітті кеудесінен итергендей болды. Ол жігіт қол-аяғы шілпиген, қыз пішінді Тайжанға көзін аларта бір қарады да, керуеттің үстіне отыра кетті.

Тайжан үшін көйлек жуу мен тамақтың мәселесі шешілді. Болғангүл күйеуін күткен жас келіншектей небір шөптердің иісін бұрқыратып, ыстық тамақпен Тайжанды күтіп отырады. Жақында Тайжанның шешесі келіп кеткен. Болғангүлдің баласын күтетіні ұнады. Тайжан оңашада:

– Апа, балаңды үйленіп қояды деп қорықпаймысың? – деп әзілдеген.

– Несі бар?! Әкесі елге белгілі адам. Ата-тегі беймәлім біреуге тап болмай тұрып, осы қыздан айырылмағанымыз да жөн-ау, балам!

Тайжан анасына өзінің қызы бар екенін, оған жер жүзінде бір қыздың да тең келмейтінін айтқысы келсе де, айтпаған. Кезінде көрер, намысшыл, өркөкірек Назымның өзінен рұқсатсыз атын атауға да қорқады. Бірге оқитын, өзінің қамқоршысы Болғангүлді өз басы қыз ретінде мойындамайды.

Тайжан келмеген күні тамақты жатақханасына апарып беруге де ерінбейтін Болғангүлге жігіттер «Тайжанның көлеңкесі» деген ат қойып алған. Тайжан ғана ештемеге көңіл бөлмейді. Бірде екеуі тамақ ішіп отырғанда, жартылай ашық қалған есікті сәл ғана тықылдатып, жауап күтпестен, өткенде өзіне алара қараған жігіттің кіріп келе жатқанын көріп, Тайжан орнынан ұшып тұрды.

– Төрлетіңіз! – Болғангүл соншама қалбалақтай қалған Тайжанға көзін аларта қарады.

– Өткенде таныса алмай қалдық, менің атым Тайжан!

– Қияқ! – Күректей алақанға сүп-сүйір саусақтар көміле қалды.

Қияқ өткендегідей емес, жуасып, бұйығы отырып, Болғангүл алдына қойған бір кесе сорпаны асықпай ішіп отыр.

– Болғангүл екеуміз жерлеспіз, өткенде айтып еді ғой, маған жақсы дос табылды. Айына қанша ақша жұмсасам да бір тамағымды тойғыза алмай жүруші ем, енді аз ғана ақшамен Болғангүл менің қарнымды тойғызып қоятын болды.

Тайжанның балаша ақтарылып сөйлегенін Болғангүл жақтырмаса да, оны елер Тайжан жоқ.

– Өзің қай жерліксің?

– Ақтауданмын. Ауылшаруашылық институтында оқимын.

– Бұл жігіт менің дос қызымның жерлесі, – деп Болғангүл тісінің арасынан сыздана сөзге араласты.

– Ертең бәріміз операға барайықшы.

– Тайжан, сен мені кешір, мен сол операны әлі дұрыс түсіне алмай жүрмін. Былай қарасаң музыка да, ойын да, бәрі-бәрі бар, ал бірақ менің аяғына жетпей ұйқым келеді. Бала күнімізден тыңдап үйренбегендіктен-ау деймін.

– Тайжан, операға бару үшін жаныңда бір қора адам болмаса болмай ма, өзіміз-ақ барамыз.

Болғангүлдің шапшып тұрғаны Тайжанға ұнамады.

– Жарайды, достар, мен тұрайын, әлі Назымға хат жазуым керек!

Назым деген өзінің сүйген қызы барын Болғангүлге бір сырласқанда айтқан-ды. Бірақ Болғангүл кекесінді ғана тыңдап, бәлендей мән бермеген.

– Жоқ, екеуің бірге кетесіндер, – Болғангүл тызақтап, Тайжанның алдын кес-кестеді.

– Әдейі келген адамның бір шаруасы болады ғой, Болғангүл, саған не болған?!

– Не шаруасы болушы еді?! Шаруасы мұның... шаруасы сол... бұл мені сүйеді... бар, енді кете беріңдер!

Тайжан көз алдында сүмірейіп қалған жігітке жаны ашып:

– Осындай жігітті қорлайтындай сен кім едің?! – деп айқай салды. – Ой, ұятсыз!

Болғангүл де Тайжаннан мұндай мінезді күтпеген, көзі шарасынан шығардай шатынап, аппақ өңі қып-қызыл болып, тепсініп, сырт айналды.

– Жігіт дейді ғой! Жігіт болса қайтейін! Мен өз басымның еркі өзімдегі адаммын, сүймеймін дедім, сүймеймін! Неге айтқанға түсінбейсің!

– Жүр, кеттік! – Тайжан қолын бір сермеп, Қияқтың иығынан құшақтап, далаға беттеді.

– Сен уайымдама, әлі бұдан он есе артық қыз табасың, көгерендеп тұрған мұндай қыздан қандай жақсы әйел шығар дейсің, – деп жұбатқан болды, ұнжырғасы түсіп кеткен Қияқтың арқасынан қағып. – Мен әлі онымен сөйлесемін, біздің ауылдың қыздары мұндай болмаушы еді, онысы несі-ай...

– Тайжан, әкелші қолды, нағыз жігіт екенсің! Екеуміз дос болайық. Сенің еш кінәң жоқ екеніне көзім жетті. Ол қыз сені сүйеді. Сондықтан да сенің алдында ақтарылып жатқаны ғой.

– Мені?! – Тайжан дәл жанынан өте берген машинаның астына түсе жаздады. – Мына мені ме?!

– Иә, мына сені.

– Маған ештеңе айтқан жоқ қой.

– Қазақтың қай қызы көңілін алдымен өзі білдіруші еді?!

– Менің ауылда сүйгенім бар екенін ол тамаша біледі, жоқ, ол мүмкін емес. Ол маған жерлес қана, жүрші, қайтадан барып сөйлесейік.

– Жоқ, қайта барғанымыз тіпті жөнсіз. Уақыт көрсетер, адал да азамат жігіт екенінді көріп тұрмын. Өзім қыз болсам саған мен де ғашық болар ем.

Қияқ қияқтай мұртын қиылтып, сәл күлімсіреген күйі кете берді.

Тайжан келесі күні Болғангүлдің көзіне түсуден қашқақтап, кітапханадан да кеш оралды. Күндегідей ыстық тамақ та жоқ, табылғанын жеп, төсегіне қисая берген еді, Тәштек зыр етіп кірді де, бір үлкен жаңалық ашқандай,

асып-сасып сөйлей жөнелді:

– Ана бар ғой, әлгі Болғангүл бар ғой, сені әбден күтті. Керемет қуырмаш алып келген екен, біз рахаттанып тұрып жеп алдық. Саған қалдыратын ек, көршідегі бір жігіт келіп қалып, сымпанский етті.

– Жақсы болыпты, ас болсын!

– Әй, Тайжан, егер өзің құтыла алмай жүрсең, сол қызды маған айналдырып берші...

– Оның жігіті бар, аулақ жүр, түсіндің бе? Сенен бір де бір жері кем емес, анада көріп ең ғой, Қияқ деген жайсаң жігіт!

– Ойбай-ау, біздің қыздардың бәрі Болғангүлді саған ғашық дейді ғой.

– Сен өзің өсек тасимын деп жүріп бойың өспей қалған-ау.

– Менің әкем ревлюционер болған адам, ол да өсек теріп пе? Оның да бойы мен сияқты бір жарым метр болыпты.

Енді екеуі қосыла күлді.

Тайжан қанша шаршаса да ұйықтай алмай, бетін қабырғаға берген күйі көп жатты. Ойында да, көз алдында да өзінің аяулы Назымы. Қыздың бәрі шіркін Назымдай болса ғой, онда талай жігіттің маңдайының бағы ашылар еді-ау. Асылдық, тазалық, адамдық, – еркелік, наз, бәрі-бәрі бір өзінің бойына қалай сыйып тұр екен! Тұнып тұратын көзіне қарасаң арбалып, ішпей-жемей тоясың, тіпті сондай қызға ғашық болғаның үшін-ақ өзіңді бақытты сезінерсің. Ұлпа қардай аппақ денесі, мінсіз дене бітімі... Назымның алғаш рет бетінен сүйгенінде шошынғаны есіне түскен сайын күлкісі келеді де, жүрегі елжірей түседі. Тағылық болса да өзіне қол жетпес айдай құмарландырып, ұмтылдыра түседі.

Қызды жігіт қана таңдауға тиісті деген ұғымды қыз атаулы жақсы біледі. Мүмкін, бір уақытта өзгерер, әйтеуір әзірше махаббатын қызға алдымен жігіт

білдіреді, ал оны қабыл алу, алмау қыздың өз еркінде. Тайжан есін білгелі түсінгені осы. Назымды өзі алғаш көрген күні-ақ ұнатқан. Назым өліп кетсе де сырын білдірмейтін асқақ та, өр ғой. Қыздың құпиялылығы, ұстамдылығы, қазақ қызының ең ұтар жері-ау. Тайжанның әлгі Қияққа жаны ашыды. Жақсы жігіт! Бірақ өзінің қадірін кетіріп, соншалықты қыздың алдында мүсәпір бола қалғаны ұнамады-ақ. Назымның аузынан «Мен де сені жақсы көремін» деген бір ауыз сөзді естімей келе жатса да, хаттарында жазатын «Сағыныштың осыншалықты жаныңды күйдіретінін кім біліпті...» деген сияқты сөздерінен өзін сүйетінін сезеді. Тезірек оқуын бітіріп, жанында болса екен. Өмірі маңдайынан шертпес еді, жетімдігін ұмыттырар еді, ішпегенін ішкізіп, жемегенін жегізіп, кимегенін кигізер еді...

Тайжан көз алдында жүдеп-жадаған Болғангүлмен ашық сөйлесіп, көңілін қалдырайын деген оймен жиналып жатқан. Есік сырғи ашылды да, Тәштек әдеттегідей қапылып кіріп келді.

– Ойбай, ойбай, Болғангүл уксус ішіп, өліп қала жаздапты. Жаңа ғана қыздар ауруханадан келді.

Тайжан әрі қарай тыңдамастан Болғангүлдің құрбысы тұратын бөлмеге жеткенше жүгірді.

– Қыздар не болып қалды?!

Бөлменің ортасында өңдері қашып тұрған қыздар сырт айналысты.

– Айтсандаршы, тірі ме өзі?

– Тірі! Тірі! – деп біреуі сайрай жөнелді. – Ақыры түбіне жеттің. Ақсақ емес, соқыр емес, сонша әлдеқандай болып... сенсіз өмір сүргісі келмейді! Ал, осы білгің келсе!

– Қазір қалай, жағдайы қалай деймін?

– Айқайлама, ойбай, тіпті төбемізді оятын түрің бар ғой, қазір жақсы. Енді кемінде бір ай ауруханада жатар.

Тайжан қолын бір сермеп, шыға жөнелді.

Ертеңіне жеміс-жидек алып, көңілі аяғының астына түсіп жатқан күзгі жапырақтай сарғайып, ілби басып ауруханаға беттеді.

Болғангүлдің қан-сөлсіз өңіне жасырына қарап, жаны удай ашып отырса да, сызданып:

– Сен де мені түсінсең қайтеді?! Егер сені бұрынырақ кездестірсем... мүмкін барлығы басқаша болар ма еді... – деді күмілжи.

Болғангүл көзінен аққан жасты сүртпестен, төбеге қараған күйі бақырайып жата берді. Ләм деместен қала берген Болғангүлге алғаш рет көңілі жібіп, Тайжан ертеңіне ауруханаға қарай құстай ұшты.

Тайжаннан бір айдан астам уақыт хат келмей қалғаны Назымға үлкен уайым болып, өзінің құрбысы, Күміскүлге өтініш жасады.

– Ауырып қалмаса жарар еді, үйіне хат келіп жатыр ма екен, жеңген саған бәрін айтады ғой, біліп қайтшы.

Күміскүлді қуана қарсы алған Тайжанның шешесі бар сырын ақтара салды.

– Неғып көрінбей кеттің? Тайжан хат жазған сайын саған сәлем айтады. Құдай бұйыртса жақында келінді болатын сияқтымыз. Қыздың шыққан жері жақсы адамдар. Жақында келіп жатқан екінші басшының қызы болып шықты, солай!

– Тайжан маған ештеме жазбапты.

– Ұялады ғой, бізге де ол әзірше ештеме деп жазған жоқ. Бірақ мен анада барғанда өзім көріп келдім, керемет қыз, – деген Тайжанның шешесінің қуанышты келбетіне қараған Күміскүлдің қабағы түйіле қалды.

– Жеңеше, мен Тайжанның басқа қызды жақсы көретінін білуші ем.

– Оның кім еді?

– Назым деген ай десе аузы, күн десе көзі бар қыз.

– Әлгі жетім қыз ба? Не деп отырсың өзің? – Бетінде шешек дағы бар, басын шалқайта ұстап, кердиіп тұратын әйел енді ашулана бастады.

– Сендердің қызығып отырғандарың қызы емес, оның әкесі ғой.

– Менің не жазығым бар, қыз-ау, оларды мен таныстырыпшын ба? Тайжантайдың өз қалауы. Ол қызға осы күнге шейін хат жаза ма екен?

– Жоқ... Хаты соңғы кезде тынып қалып еді, енді бәрі түсінікті!

– Балам тірі болсын! Әйтеуір бір күні Тайжаным осы босағаға бұйырып тұрған бір бәлекейді әкелер.

Күміскүл қайтып келе жатып, бар сырды ақтарып салғанына өкінді. Жеңгесінің байлық пен атақ, даңққа жақындау тұрған жан екенін білетін. Не де болса енді кеш! Айтылған сөз атылған оқпен бірдей.

Назым қолындағы тоқымасына қызыға қарап, Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін әдемі даусымен жай ғана ыңылдайды. Осы ән өзіне бұрын өмірі басынан өтпеген ерекше бір сағынышты сезіндіре түседі.

Күміскүл есіктен кіре сала:

– Бәрі жақсы, кеше ғана ауруханадан шығыпты, жақында демалысқа келетін көрінеді, – деп өтірік айтып, өзі ала келген бір қалта шемішкені Назымның алдына қойды.

– Біздің әлгі «Химия деген қиын ғой, химияны білмесең екілік сенің сиың ғой» дейтін ағайымыз бар ғой, – деген Күміскүл мұрнын пұштитып, маңқалана қалды. Химия мұғалімінің бар кескін-келбетін айнытпай салған досына қарап, Назым ішек-сілесі қата күлді.

Досының көңілденгеніне Күміскүл дән риза.

– Иә, соны айтамын-ау, – деді. – Ол ағайымыз бойы өзінен екі есе ұзын, екі жауырыны қақпақтай бір дәуге үйленейін деп жатқан көрінеді. Бұны да, сұлуым, сенің болашақ енеңнен естіп келдім. Құдай бұйыртып, менің жеңгеме келін бола қалсаң бар ғой, онда өсектен кенде болмайсың.

Назым осылай, бар қайғысын қасында бір досы отырғанда ғана ұмыта алады.

– Осы саған келсем бар ғой, кеткім келмей қалады. Біздің ылғи жыңдыны қамап қойғандай у-шу үйімізде рақаттанып отырып тамақ та іше алмайсың.

– Осы жетімдер үйі мен өзіннің от басыңды қалай салыстырасың?! Адамның қандай да болса өз отбасы болғанына не жетсін! Жетімдікті адам баласының басына бермесін!

– Айтпақшы, біздің үйдің қасында кеше ұзату тойы болды. Қыздың бар жұртқа көрісіп, сыңсығанын көрсең ғой. Мен шынымды айтсам, сондай қыздарды түсінбеймін. Күйеуге шыққың келмейді екен, сені ешкім қыстамайды ғой.

– Бармаса болмайтын болған соң жылайды ғой, отбасын қимай жылайды, аялап өсірген әке-шешесін тастап бара жатқаны үшін жылайды. Қыздан өткен мұңлық жоқ екені рас қой.

Күміскүл досының толқи сөйлегеніне құлағын түрсе де, өзінің жасырған сырының беті ашылатынынан зәресі қалмай отыр. Бірақ сыр бермеуге тырысады.

Тайжанның екі ұрты суалып, әбден жүдеген. Бұрынғыдай ашық-жарқын күле де бермейді. Жалғыздықты жаны қалайды. Махаббат та өзіне басқа қырынан қарай бастаған сияқты. Қойнында күн сайын күйіп-жанатын Болғангүлдің:

– Айтшы, сүйемін деші, – деп қиылғаны-ақ жанын тілгілеп, кейде түн ортасында төсегінен тұрып кететіні бар.

Бірақ есіктің алдында біраз отырады да, ішке қайта кіреді. Болғангүлдің өзіне деген ашқарақ махаббаты жүйкесін жұқартып, қалған өмірінің не болатынына есеп бере алмайды.

Екеуінің үйленбегені болмаса ерлі-зайыпты адамдай... Өмірі адам баласын алдап көрмеген Тайжан басын кесіп алса да өзі жанындай сүйетін Назымды алдай алмас еді. Енді не істейді? Тек қана алдына жығылып, бар шындықты жайып салып, кешірім сұрау керек. Не де болса айтар үкімін аяулысының өз құлағынан естігені жөн! «Осыншалықты боркемік екенімді білсемші. Бала күнімнен тәтті тағам мен жақсы киімді қалаушы ем, тәтті төсектен де бас тарта алмадым... Қайтейін... Назым маңдайыма сыймайтын болды... Өмір бойы ішқұса болып өтуді құдайым маған жазған екен, амал жоқ...»

Өз маңдайын өзі төпештеді.

– Сенің суреттеріңнің барлығы соңғы кезде қара түнек... қайғы мұң... – Болғангүлдің даусында кінәлау мен кекету.

Қолындағы бояулы шөткесін сүрткен болып, біраз қипалақтаған Тайжан:

– Менің өзіме ұнайды! – деді.

– Ал маған ұнамайды, мен де сен сияқты суретші болсам деп жүрген адаммын, сен менен ештеңе жасыра алмайсың, мен саған мұрнына суреттің иісі бармайтын ауылдағы сенің Назымың емеспін!

Тайжанның сөмкесінен Назымның бірнеше хатын тауып алған Болғангүл енді өмірі өзі көрмеген, білмеген де Назыммен жауласуын қояр емес.

– Назымнан сен садаға кет! Садаға кет! Естимісің! Бұдан былай бір рет оның атына тіл тигізсең бар ғой... – Тайжан қалшылдап, әдеттегідей есікті тарс жауып, шыға жөнелді. Әдеттегідей сәл отырып қайтып келді. Қайтадан аймаласты, қайтадан сүйісу мен табысу.

Ырың-жырың өмір деген осы болар... Болғангүл қайткенде де, қандай азаппен болса да махаббатынан айырылмау жағын ғана көздейді. Оның ойынша «Өзіңді сүйгенді сүй» деген мақал әшейін пәлсапа!

Тайжансыз өмірдің әдіре қалғаны жақсы!

Болғангүл қысқы демалыс жақындаған сайын «Әке-шешене мені апарып таныстырасың» деп қиғылықты сала бастады. Тайжанның көз алдына мұнайып, сарғайған, өзі үшін жер жүзінде теңдесі жоқ Назымы келе қалады да, жігері құм болып:

– Олай болса бармағанымыз-ақ жақсы болар, – деп күрсінеді.

Осылай, екеуі әуре-сарсаңмен бір жағына шыға алмай жүргенде Болғангүл өзінің аяғының ауыр екенін біліп, жүрегі жарыла қуанды.

Бұл жаңалықтан есеңгірегендей болған Тайжан тұтығып:

– Мүмкін... әзірше баланы қоя тұрармыз, – деп ойындағысын сездірген еді, Болғангүл кереуеттен қарғып тұрып, екі көзі шатынап, еріні қусырылып, жалбыраған шашын кері қарай сілкіп тастап, төбелеске дайындалғандай шүйлікті.

– Мен көшедегі біреуден балалы болайын деп отырған жоқпын! Білдің бе! Амал жоқ, мүмкін сенің ішкі күйіңді мына менің ішімдегі бала ғана жазатын болар! Иә, солай!

Тайжанның басқа амалы қалмай, Болғангүлге үйленсе де, Назымға деген сағынышы жанын жегідей жеп жүрсе де сыр бермейді. Болғангүлдің әрдайым дайын тұратын көз жасын көргісі келмей, оның айтқандарын екі етпейді.

Күміскүл досына Тайжанның үйленіп қойғанын қалай айтарын білмей көп қиналды. Назымның өзінен бір қуанышты жаңалық әкелетінінен дәмеленіп отыратынын да біледі.

Сабақтан қайтып келе жатып кемсеңдеп қоя берген Күміскүл:

– Назым, Тайжаннан айырылып қалдық, – деп білгенінің бәрін жайып салды.

Назымның сабырлылығына риза болған Күміскүл:

– Сен әлі одан он есе артық жігіт табасың, – деп құнжыңдады.

– Махаббатты сонша құдыреттей сезіндірген өзі еді, сөндіретін де өзі болыпты.

Тайжанның келін әкелгенін естіген ағайын, көрші қолаңдардың аяғы басылған кезде Тайжан ысырылып шығып, өзінің бала күнінен досы, көршісі Қанағатты қасына ертіп алып, Назымның бөлмесінің алдына келіп, есікті тықылдатқанда қолы дірілдеп кетті.

Есіктің алдында тұрған Тайжанды көрген Назымның тілі байланып, қимылсыз тұрып қалды.

– Назым!

Өзіне ұмтылған Тайжанның кеудесінен Назым бар күшімен итеріп жіберді. Өңі боп-боз. Әдемі көзінде мұң. Ар жақтан шыққан Күміскүлдің де қабағы қатулы.

– Бәрін естіп-біліп жатқаныңды білемін... Әуелі мені тыңдашы, мына екі досымыз куә болсын. Егер сен бәрін кешіре алатын болсаң, мен ол қыздан тап қазір бас тартамын. Мен сенің алдындағы кінәмді бұл өмірде өзіме де кешіре алмаспын. Кінәм көп... қайтейін... бәріне өзім кінәлімін... сезімімнің құлы боп қалдым... ол екіқабат. Мен оны сүймеймін. Шын сөзім осы. Ақтала алмаймын! Тек сен кешірсең болды! Өмір бойы құлың болып өтер ем, кешірші жаным.

– Кет! Кет! Мен сенен жиіркенемін! Кет!

Әлгінде жолда келе жатып бар сырын досына айтып үлгерген.

– Назым! – деді Қанағат. – Қателеспе! Тайжан ол қызбен бәрбір тұра алмайды. Өмір бойы жылап өткің келмесе, кешір!

– Кетіндер! Кетіндер! Ешкімді көргім келмейді!

Назым жылаған күйі, кереуетінің үстіндегі жастығына бетін басып, бүк түсіп қалды.

– Мүмкін ойланарсың, Назым, ойланшы, – деп қиылды Күміскүл.

– Жоқ, мен үшін ешкім жыламасын! Мен ешуақытта біреудің бақытсыздығы арқылы бақытты болғым келмейді! Кетіндерші құдай үшін! Өмірге келмей жатып әкесіз қалатын ол сәбидің не жазығы бар?! Бар жетімдік менімен ғана кетсін!

– Әй, жүрші! Кет дегенде ит те кетеді ғой.

Қанағат досының көзіндегі жасты көріп тұрса да итермелеп, далаға шыққанша асықты.

«Назымым ақылды еді ғой, мүмкін мені түсінер, әлі де кеш емес...» деген Тайжанның үміті ақталмады...

Назым көрер таңды көзімен атырды. «Жоқ, мен Алматыға бармаймын, Тайжан жүрген жерде жүрмеймін. Оқуға басқа жаққа кетемін.» Осы ойын таң атпай жағдайын білуге келген Күміскүлге айтып еді, ол:

– Солай ма?! Әй, Тайжан-ай, бір жылға шыдамаған еркектен болашақта не күтуге болады?! Өзінің кім екенін ертерек көрсеткені жақсы болды.

Ойланайық, ең бастысы аттестат қалтамызда, сен болсаң біреудің көйлегін тіксең де өлмейсің, – деді.

Назым әжесінен үйренген қолөнерінің арқасында соңғы екі жылда талай қыз бен келіншектің көйлегін тігіп, біреулердің текеметтеріне ою жасап, біраз ақша жинап алған болатын. Бір тиынын шығармай жинап жүрген қомақты қаржысы бар.

– Назым, менің басқа қалаға баруға жағдайым келмейді, әке-шешемнің маған беретін бір тиыны жоқ.

– Менде ақша бар, жатақхана алсақ, екеуіміз бірге тамақтанамыз, ол жерде де көйлек кигісі келетін қыздар табылар.

– Түу, сенің шебер қолың сен екеуімізді асырайтын болды ғой. Дүкеннен тамақ тасушы, тамақ пісіруші мен боламын.

– Аштан өліп, көштен қалмаспыз-ау, тек менің жан ауруымды ешкім емдей алмас! Ешкім емдей алмайды, естимісің, ешкім емдей алмайды!

...Назым аяғындағы жып-жылтыр қара туфлиін қолына шешіп алып зытып келеді. Әлсін-әлсін артына қайырылып қарап қояды. Қорыққанға қос көрініп, біреу өзін өкшелеп келе жатқандай. Қақпаның алдында темекісін бұрқыратып тұрған күйеуін көргенде қуаныш пен қорқыныш тағы бір сәтке сапырылыса қалды.

– Әлгі Күміскүлдің құрбысының үйінде біраз әйелдер жиналып, ананы-мынаны айтып көп отырып қалдық. Апам ұрсатын болды-ау.

Аяған күлімсіреп, келіншегін құшақтап, бетінен сүйді.

– Сен үндемесең, сөйлеп-сөйлеп өзі қояды. Жайлап өзіміздің бөлмемізге өтіп кетейік, қызы екеуі әлдеқашан жатып қалған. Мүмкін сенің қай уақытта келгеніңді білмей де қалар.

Назым күйеуінің мына сөзіне енді күлкісі келді.

Кеш бойы тексеріп, эзер бітірген оқушыларының дәптерлерін жинай тұрып, Аяған келіншегіне:

– Қарның аш емес пе? Апам керемет қуырдақ қуырып, сені әбден күтті... саған да алып қойып жатқан, – деді.

– Жо-жоқ, тамағым тоқ, тез жатайық, тыныштық керек.

Аяған мен Назым би алаңында танысқан. Екеуі қыз бен жігіт болып көп те қыдырмапты, оншақты достарының басын қосып үйленді де, тоғыз айдан кейін ана әжесінің қойнында жатқан екі жасар Назгүлдері дүниеге келді. Назымның «Мен сені сүйемін деп айта алмаймын, бірақ сені көрмесем іздеп отыратынымды да жасыра алмаймын» дегеніне ойланып қалған Аяған ертеңінде барып:

– Менің саған деген махаббатым екеуімізге де жетеді, тек менің адал жарым болшы, – деп еді.

Аяған былтыр институтын аяқтасымен осы қаладағы қазақ орта мектебіне мұғалім болып орналасты. Аяған шәкірттерін де, жұмысын да жақсы көреді. Өзінен бақытты адам жоқ. Оның ойынша, – еркектің сүйгені мен жаны қалайтын мамандығы болса, қалған бақыт өзі-ақ іздеп келеді.

Үлкен қала болса да Аяған белгілі де, беделді жігіттердің бірі болып қалған. Газеттерде басылып жатқан ұтымды мақалалары, өзі басқаратын алуан түрлі үйірмелердің әр жақтан сыйлық алып жатқаны, қаланың ішіндегі тәртіпті орнатуға оқушылармен ат салыса қатысатыны елдің аузына іліне бастаған.

Осыдан үш-төрт ай бұрын кешке қарай Назым кішкене Назгүлдің жуылған көйлектерін ауладағы ұзыннан-ұзақ созылған жіпке ілейін деп жатып, дуалдың ар жағында Күміскүлдің тұншыға күлгенін естіді. Қолындағы ауыр табақты алма ағаштардың түбіне қоя салып, тың тыңдаудың ұят екенін білсе де, Күміскүлдің кіммен тұрғанын көру үшін өкшесін көтеріп, құрықтай мойнын созды. Үстінде су жаңа костюмы бар, бет-аузы жып-жылмақай, қырықтар шамасындағы еркек Күміскүлдің иығынан құшақтап бірдеме дейді де, өзі де қосыла күледі. Екеуі Назымның тұсынан өте бергенде мұрныңды жарардай иіссу мұңк ете қалды. Күміскүлді сүйетін болу керек, күйеу жігіттей тұла бойы өте сәнді. Назым бірдемеге ашуланғандай аузы бұртия тұрып, қыстырғыштарын қайта-қайта бекіте түсті. Үйге қайтқысы келмей, дуалдың ар жағына құлағын тосты. Өзінің жаңағы көргені жүрегін толқытып, бір әдемі сырдың құпиясы ашылғандай. «Бала, бай, үйдің көзге де көрінбейтін, таусылмайтын да ұсақ тірлігінен басқа мен не көріп жүрмін?! деп өзін-өзі жерлеп тұр...

Сол күннен бастап Күміскүлге сыр тарта қарайтын болды. Күміскүл де өздері сияқты пәтер жалдап тұрады, бір ауруханада медбике болып істейді. Жаңа бір киім кисе аяғын жерге тигізбей мақтап, іш тарта сөйлейтін Назымға Күміскүл бұрынғыдан да жақындай түсті. Ақыры Күміскүл суыртпақтап

сырын айта бастады. Аяған мектепте, енесі әдеттегідей дүкенге сүтке кеткен, кішкене Назгүл бұрышта ешкіммен ісі жоқ, ойнап отырған. Үйде екеуі ғана болса да, Күміскүл Назымның әсем құлағына аузын апара беріп:

– Анау күнгі көргенің әшейін базда меңгеруші ғана. Жақында бір күштімен таныстым, – деп екеуіне де таныс адамның атын атады.

Көп ұзамай Күміскүлдің үйінің алдында ақшыл «Волга» жиі тұратын болды. Әбден таранып-сыланған Күміскүл былқ-сылқ жүріспен машинаға отырып жатқанын көрген сайын Назым қызығып, күндей көз салатын болды. Досының мұнысы да Күміскүлдің көзінен таса қалмады. Назымның оңашада қалған бір күнінде жайрандай келген Күміскүл көп әңгіменің арасында:

– Күйеуімнен ажырасқаным өкінбеймін, сенемісің, түк те өкінбеймін, – деп күлім қақты. Екеумізді осы қалаға құдай айдап келген ғой. Айтпақшы, сенімен бір мықты азамат танысқысы келеді.

– Мені қайдан біледі екен? Ол кім өзі? – деп таңданды Назым.

– Аты – Төкен. Сені біледі, білгенде қандай! Білмесе ол саған қалай ғашық болады?!

Ғашық деген сөзді Күміскүл оп-оңай айта салды.

Күміскүл шығып бара жатып:

– Айтпақшы, ең басты жаңалықты ұмытып барады екенмін, мен басқа пәтерге көшетін болдым. Өзіңе көрсетемін, тамаша, ол да сен үшін, – әйтпесе мына жерде сенің енең екеумізді андиды да отырады ғой. Ол да мықты Төкеміздің тапқан ақылы, – деді сыңғырлай күліп.

Назымның жүрегі әндетіп қоя берді. Әлі де еркектерге ұнайды екенмін, бір жұмыстан басқа ештеңемен ісі жоқ Аяғаннан не қызық көріп жатырмын!

Кешкісін әлгі еркекпен ресторанда шампан ішіп отырып та өзін-өзі іштей ақтай берді...

Аяған келіншегінің жанына жақындай беріп:

– Осы күні келіншектер де темекіні аямай тартатын болған-ау. Тұла бойыңнан темекінің иісі бұрқырап тұр, – деді көйлегін басынан асыра шешіп жатып.

«Осы күйеуі не нақұрыс, не жер жүзіндегі жалғыз адал еркек!»

Ертеңгілік бет аузы ісінген келініне көз қиығын салған Айғаным үндемеді. Айғаным ол күні де, одан кейін де келініне сенбейтін болды. Назымның жүрісі қоюлана түскен сайын Айғанымның шыдамы кетсе де, ашуын ақылға жеңдіріп, іштей тынып жүр: «Жас қой, есі кірер, қыздарын

жетім қалдырып екеуін ажыратқанда, тағы қандай келінге тап келетінімді құдай білсін».

Аяған мектептен өте кеш қайтады. Есіктен кіре сала Назымды іздейді.

– Апа-ау, Назым әлі сабақтан қайтпағаны ма? – деп сұрайды.

Баласының бет жуатын суын дайындап жатқан Айғаным мұңды көзін баласына көрсетпеуге тырысады.

– Өзі кешкі оқу болған соң... Аяқ астынан кешкі оқу дегенді шығардыңдар, әйел адамға соның не қажеті бар еді?! Сен де шашпауын көтеріп болмай қойдың ғой...

– Апа, әр адам өзіне ұнайтын іспен айналысуы керек. Кешкі техникумда оқып жүрген жалғыз сіздің келініңіз емес қой. Тек соңғы кезде осы маған Күміскүл ұнамай жүр. Күміскүлдің ажыраса сала баласын әке-шешесіне апарып тастағанын да түсінбеймін. Алатын айлығы белгілі, сонша қымбат киімге ақшаны қайдан табатынына да таңым бар.

– Әй, жарығым-ай, осы күні ауруханада істейтін адамдар да көлденең табыстың жолын біліп алыпты деседі ғой жүршылық... – Аяған шешесін қоштап, оңай олжамен күн көретін арамтамақтардың ұяттан безгендерін біраз әңгіме етті. Меруерт ұлына сүйсіне көз салды. Баласының өз үмітін ақтап, адал, жақсы азамат болғанына қуанып, іштей шүкіршілік етеді. Ауылда Айғаным істемеген жұмыс қалмаған-ды, бригадирмен де тілге келісіп көрмепті, ел біткеннің сыйлысы болды. Айғанымға көңілі кетіп, сөз салатындар да баршылық еді. Бірақ солдаттың жесірі ешуақытта өзінің сыртынан сөз жүргізбей, тек бір-ақ мақсаты Аяғанын ел қатарына қосу болыпты. Соғыстан кейінгі жылдары халықтың күй-жайы дұрысталғанына іштей шүкіршілік ететін аналардың бірі еді. Қайтадан нанның кезегіне таң атпай барып тұратын халге жеткен жұрттың пейілі де жаман. Кезекте тұрғанда Айғаным әртүрлі әңгіме естиді.

– Хрущевтың әйелімен шетелде гөләйттап жүр, ал халыққа жүгерінің нанын жегізіп қойды.

– Біреу алтын мен күміске малынып, машина мінеді, ал біз сияқтылар кара нанның кезегінде тұрады.

– Тағы да сексенінші жылы коммунизмге жетеміз деп көкітінін қайтерсің!

– Ақшаның берекетін алып қойғаны анау. Менің күйеуім «Бұрын мен жиырма бес соммен бір досыммен ұялмай ресторанға бара алатын ем, ал қазір жиырма бес соммен қайда барасың»деп күйінеді.

Қай жерде болса да жұртқа ойындағысын қалтқысыз айтатын Ұлы Отан соғысында аяғынан айырылған кісінің сөзін әйел біткен ұйып тыңдайды.

Айғанымның бір-ақ тілегі бар, тек енді қайтып соғыс болмасын! Келінінің кердеңдегеніне қарайды да, бір қырсыққа бастайтындай, тұла бойын қорқыныш кернейді.

– Балам, құдай тек абыройлы еңбек, абыройлы несібе, отбасына береке берсін, – дей отырып, естігендерінің шет жағасын айта бастаса баласы:

– Апа, бәрі жақсы болады, саясатты шемішкедей шағатын шалдарды азырақ тыңдау керек, – деп әзілге айналдырады.

Баласы жоғары білім алғанша жоқтықтың бәріне шыдады... Аяғанының өз көңілінен шығатын келін әкелетініне шүбәсі жоқ еді...

Алғаш рет Назымды тал шыбықтай бұралтып Аяған үйіне ертіп келгенде Айғаным жүрегі жарылардай қуанып «Қылдай белі үзіліп кетер ме екен-ай» дей берді. Баласы Назымды шығарып салып, үйіне қайтып келгенде:

– Хор қызындай екен, е, құдай, тіл-көзден сақта! – деген еді, Аяған көнетоз алашаның үстінде дөңбекши, ұзақ күлді.

Сонда келінінің сұлулығының бір уақытта аямай тарттыратын азабы барын ойламапты-ау, сорлы Айғаным.

Даладан кірген келінінің үстінен шарап пен темекінің иісін сезгенде Айғанымнан да шыдам кетті. Айнаның алдына барып, өз түріне өзі қызыққандай мәз болып тұрған Назым қасына келген Назгүлге:

– Кетші әрі, үстімді бүлдірерсің, – деп еді, Назгүл кемсеңдеп жылап қалды

– Ұятсыз! – деп айқай салды, өзі әрең шыдап жүрген Айғаным немересін көтеріп алып жатып. – Күйеуің болса таңертеңнен кешке дейін бір тыным таппайды. Түнімен дәптер қарап тағы отырады. Ал сенің жүрісің мынау. Тіпті сен өзің не болып барасың, осы дүнияда байың, қызың бар екенін күннен-күнге ұмытып барасың ғой.

– Әуелі жөні түзу бай болып келістіріп алсын!

Айтарын айтып салса да, өкініп қалды. Енесінің аяғына жығылып кешірім сұрағысы келсе де, тұла бойын қысқан ашу жібермеді. Не үшін ашулы екенін өзі де түсінбейді. Кешірім сұраса кешірер еді-ау, бірақ екеуі есіктен кірген Аяғанды байқамай қалысты.

Аяған аулаға кіре бере, үйден шығып жатқан шаң-шұңды естісімен сәл кібіртктеп қалды. Шешесі мен әйелінің біріне-бірінің дауыс көтеріскендерін

бұрын байқамаған еді, әуелі ештеңеге түсінбеді. Өзі кірсе ерегісті ушықтырып алатындай, әйел адамдар ғой, түсінісер деп аялдап тұрғанда әйелінің сөздері арқасын аяздай қарып, ішке қалай кіріп барғанын да байқамай:

– Тоқтат! – деді бар даусымен.

Жалт қарасқан екі әйел істің насырға шапқанын ұғысып, әрқайсысы тілдерін тістеп, қабақтары түйіліп кетті. Қашанда татулықты, бірлікті, берекені көздейтін, кейісі болса оңашада айтатын ана тағы да шырылдап ортаға түсті.

– Мен шіркін баяғы тірліктің жайын айтып жатқан түрім ғой...

Аяған толқынды қара шашын сілкіп тастап, отты көзімен келіншегіне қаһарын төге, жирене қарады. Аяғанға талай адамдар Күміскүл мен Назымды әр жерде жиі көретіндерін жеткізіп те үлгерген еді. Аяған қанша көңіл аудармайын десе де, көңілінде бір түйткіл жүретін. Енді Назымның өз аузынан шыққан сөздер сол қанды түйткілді түптеп, бар кінәсін мойнына алып тұрғандай көрінді де, көзінен от шашып, бедірейіп тұрған әйелінің жағынан шапалақпен тартып жіберді. Назым бетін басып егіле жылады. Аяған әйелі екеуінің төсектері тұрған бөлмеге кіріп кетіп, ішінен іліп алды да, шықпай қойды. Назым енесі мен қызының бөлмесіндегі диванға қисайды. Кішкене Назгүл шешесіне жаутаңдап қарап қояды. Айғаным тістеніп жатқан келінінің жанына келіп:

– Қой енді, қоя ғой, өзінде де бар ғой, одан да шындықты айтып, күйеуіңнен кешірім сұра, – деді.

– Не үшін кешірім сұраймын? Не үшін? Қол жұмсағанын қара оның... Онысы үшін әлі талай өкінер! Маған жаны ашыр ешкім жоқ! Менің кімім бар?!

Қызы да тәтті ұйқыда. Аяған жататын бөлменің есігіне қарай елеңдеп, күйеуін көп күтті. Келетініне, кешірім сұрап жалынатынына күмәні жоқ еді. Тоң мойын адаммен басын қостырған тағдырына өкпеледі, қателескеніне өкінді... Әбден шаршаған Назым талықсып, таң ата барып көзін ілді. Таңертең оянғанда Аяғанның жұмысына кетіп те қалғанын білгенде:

– Тұра тұр бәлем, сені ме, тұра тұр... – деп күйіне күбірледі.

Не істерін білмей отырғанда әруақыттағыдай көңілді, жалт-жұлт еткен Күміскүл кіріп келгенде Назым бетін басып, шағына жылады.

Күміскүл досының арқасынан қағып, еркелете отырып:

– Қойшы, сонша таусыла қалатындай не болды? – деді жанашырлық дауыспен.

– Әлгі оңбаған... менің байсымағым... мені ұрып...

– Сол сүмелегіңнен айрылсаң өлетіндей болып жүрген өзің ғой. Тағы бір баланы қосып алмай тұрып құтылсаңшы осы пәледен!

– Ол не дегенің?! Не деп тұрсың сен өзің?! – Назымның көзі шарасынан шыға, Күміскүлге шошына қарады. – Қызымды жетім ете алмаймын ғой... Өзімнің жетімдігім де ғұмырыма жетерлік, сен оны білесің.

– Ха-ха-ха! Онда неменеге Төкемнің басын қатырып жүрсің?

– Аяған менің өмірлік жарым, қалғандары... Көңіл көтеремін деп жүріп... Мұндай болатынын кім біліпті...

– Сүймеген адаммен көңіл көтерілуші ме еді? Әлде ашықтан ашық Төкеме Назым сізді сүймейді дейін бе?

– Білмеймін...

Назым өмірінде бірінші рет өзін ұрлықшы адамдай сезініп, өзінен өзі жиреніп, басы дал болып отырғанда ішке кішкене Назгүл мен енесі кірді. Назгүл шешесінің алдына жүгіріп барып, тізесіне бетін төсеп, еркелеп, екі иығын қиқаңдатты.

– Жақсы қыдырып қайттыңдар ма? – Назым томпаңдаған қызын жүрегіне басып, біртүрлі жеңілейіп қалды. Бетіне күлкі үйірілді. Қызын жібергісі жоқ, жіберсе біреу алып кететіндей.

Сонда Назым қызынан жақын арада мүлдем айырылатынын біліп пе? Күміскүл де Назгүлді еркелетіп, сабырлы адам бола қалды. Өзі бала күнінен білетін Күміскүлдің соңғы үш жылда мүлдем өзгергеніне кейде Назым іштей таңданатын да, бірақ онысына бәлендей мән беріп, әрі қарай ойын жалғастырмайтын.

– Енді Аяғанмен татулассам... Бәрін қояр ем... – деп күрсінді Назым кіріп-шығып жүрген енесіне естіртпей.

Күміскүл досынан айырылып қалу қаупін сезініп отыр. Қалайда Аяғанмен татуласуына бөгет жасауды іштей жоспарлап та қояды. Назымнан айырылса өмірдің бар тынысы тоқтап қалатындай қорқады. Жанында Назым жүргенде ғана бар айтқаны болып тұратынына көзі жетіп те үлгерген еді.

Назымнан айырылуға болмайды! Болмайды! Қай жерде болмасын Назымды көріп қалған еркектер Күміскүлдің құлы бола қалады. Жо-жоқ, май шелпектен айырылар жайым жоқ! Айғаным келіні мен немересіне аналық махаббатпен елжірей қарап еді, Назым да енесінің жүрегін түсініп, сәл езу тартты.

Күміскүл кешкісін келгенде де досының енесіне жағына:

– Апа, жалғыз өзім үйде отыра алмаймын, сендерді көргім келеді де тұрады, – деп еді, Айғаным естімеген болып сырт айналды.

Оңашалықты досының тілеп отырғанын көзінен ұққан Назым арғы бөлмеге өтті. Ілезде досының соңынан ере кірген Күміскүл мүләйімси қалды.

– Назым, көп ойландым. Біздің істеп жүргеніміз шынында дұрыс емес екен, қояйық. Өрт шықпай тұрып тоқтағанымыз дұрыс болар.

– Солай ма?! – Назым балаша қуанды. – Мен де күні бойы соны ойладым. Қашанғы солардың мазағы боламыз, тіпті талдап ойлансам тұла бойым түршігеді.

– Бірақ бірден қол үзуге болмайды. Болмайтын сияқты-ау, – деп әндетті Күміскүл. – Бүгін ақырғы рет ана Төкеңе өзің кездесіп, өз аузыңнан айтпасаң, күні бойы телефонға тыныштық бермеді. Менің айтқанымға тіпті сенбейді, бейшараны аяп кеттім. Саған он сегіз жасар қыздар да ғашық қой, қоя қойыңызшы десем де көнбейді, сонша есін кетіретіндей не істеп қойғаныңды кім білсін... Әрі ойлап, бері ойлап, олармен жақсылықпен ажырасқанды жөн деп таптым. Әйтпесе, Аяғанға біреулер арқылы жеткізсе масқараның көкесі сонда болар, мен қорқайын дедім, сөздері біртүрлі, біртүрлі...

– Менімше де солай, – деп келісті Назым. Көз алдына көңілдесінің мығым келбетін елестетіп, істің насырға шаппау жағын ойластырып отырған досына ризашылықпен қарады.

–Түсінер, өздерінің де бала-шағалары бар адамдар ғой... Ақырғы кездесу ғой, мейрамханаға барайықшы.

– Обай, ол жерде Аяғанның таныстары кездесіп қалса қайтеміз, болмайды!

– Менің жанымда өзім сенетін екі келіншек болады. Біз сол жерде сіздерді күтеміз, сені көліктен шыға салысымен қаумалап ала жөнелеміз. Мейрамханадан шыққан соң оңаша қаласыңдар ғой. Сенің арқанда бір көңілімізді

көтеріп, билеп қалайықшы.

– Жарайды, жарайды, – Назым күлімдеп, досын құшақтады.

Аяған жанын қоярға жер таппады. Жанындай жақсы көретін әйеліне қол жұмсағаны үшін күні бойы өзін-өзі жерлеумен болды. «Түнде Назымның жанына бармағаным дұрыс болмады. Тазалық, аңқаулықпен Күміскүлдің қанды тырнағына ілініп қалды-ау менің Назжаным. «Қалайда әйелінің Күміскүлден аулақ болуын ойластыру өз міндеті екенін Аяған жақсы ұғынып, әуелі Назымнан кешірім сұрауға бекінді. Қыздары бар ғой, ең болмаса кішкене Назгүлдері үшін Назым татулыққа барар... Қызғаншақ адамдарды өз басы түсінбейтін еді, енді қарашы, аяқ астынан өзі де сол қызғаныштың қанды тырнағына шырмалып қалғанын... Өмірінде тап бүгінгідей сабақтың аяқталуын асыға күтпеген болар. Соңғы қоңырау соғылысымен, әріптестерімен асыға қоштасып, жүгіре шығып бара жатқан Аяғанға таңдана қарап қалғандар да болды.

Аяған күндегі әдеті бойынша көк қақпаға қағылған почтаның жәшігіндегі газет-журналдарды алып жатқанда жерге көкшіл конверт сусып түсті. Әрі-бері айналдырып тұрып өзінің хат алысатын дос-жарандарын ойша шолып өтті. Жазуы таныс емес. Конверттің ішіндегі тілдей қағаздағы «Жанындай жақсы көретін, өзің періште санайтын Назымның көңілдесімен бүгін қалай сайрандайтынын көргің келсе «Қарлығаш» мейрамханасына тез жет! Сәлеммен, саған жанашыр Біреу». Аяған қайта-қайта оқып, қолы дірілдеп, маңдайынан тер бұрқ ете қалды. Жәбір көрген жас сәбидей жалтақтап, қатты қорланып, жан-жағына қарағыштай берді. Хаттың иесінің еркек адам екенін жазуынан байқап тұр. «Қарлығаш» деген мейрамхана бар екенін де білмейді екен...

Аяған есікті жұлқа ашып, аптыға:

- Апа, Назым қайда? Назым деймін? – деп айқай салды.
- Ойпырмай не болды соншама? Зәремді алдың ғой, – деп шайдың камымен жүрген Айғаным өңі қашқан баласына үрейлене қарады.
- Әуелі Назымның қайда кеткенін айтыңызшы?
- Қайда кетуші еді, оқуында дағы.
- Бүгін Күміскүл келді ме?

– Иә, – деп бар жүрегімен ақтарыла сөйледі Айғаным. – Күміскүл деген бәлеге қалдық қой. Бір емес бүгіндікке екі рет келді. Соңғы келгенінде мүләйімсіп, өтірік күліп отырған.

Аяған өзіне-өзі келе алар емес. Күміскүлдің кешкі келісінің тегін емес екенін сезеді. Туфлиінің бауын әзер шешті. Төр жақтан жүгіріп шығып, құртақандай қолымен мойнынан қапсыра құшақтаған қызының былдыр-былдыр сөзі Аяғанның есін жиғызып, езуіне күлкі үйірлді.

Қызын тамақтандырып отырып әртүрлі ойға кетті. Барса Назымды кездестіретініне күмәні жоқ сияқты. Бұрын болса күлкіге айналдырар еді, келіншегінің соңғы кездегі өзгерісі... Не де болса шешесіне сыр білдірмеуге тырысты. Мүмкін біреудің мазағы ма екен, сынау үшін істелініп отырса ше? Күлкіге сонда қалар! Күлген адам күле берсін! Өмір бойы бір шаңырақтың астында тұратын әйелімнің кім екеніне көзімді жеткізуім керек!

Айғаным дастарқанды жинастырып жүріп, түтігіп отырған баласына көзінің астымен қарап қояды. Осыны сезген Аяған орнынан тұрып, жұмыс үстеліне барып отырды. Мұндайда қандай жұмыс! «Не істеуім керек? Назымның кінәсі жоқ дейік, солай-ақ болсын, сонда менің көңілімдегі күдік кете ме? Жоқ, кетпейді! Бару керек, бару керек! Өзі сүйетін адамға үнемі күмәнмен қарап өмір сүру оңай бола ма? Ал шындық болса менің не істеуім керек, олай болғанда Назымнан айырылу ғана қалмай ма? Айы-ры-лу! Аяғанның ішіне мығым орнаған күйік, тұла бойын шарпи бастады. Жоқ, бұл шындық! Өзім де кешемін-ау, қалайша ештеңе сезбегем. Бұл ащы да болса шындық! Әлде дұшпанның ісі ме? Ылайым солай болғай». Ойы он саққа жүгіріп, тұла бойын қысқан ашу мен ызадан жігері құм болып тұрса да анасына сыр білдірмей:

– Апа, менің бір оқушым ауырып қалыпты, соның жағдайын біліп қайтайын, – деді.

– Е, бара ғой, құлыным, тек құр қол барып жүрме, дүкенге соғып бірдеме аларсың.

Айғаным баласының уайымын кешегі келіні екеуінің арасында болған реніштен көріп жүр. «Үй болған соң қазан-аяқ қағыспай тұра ма, қайда барушы еді, татуласар, тіпті бұрынғыдан да жақсы тіл табысып кетер» деп үміттенді.

Аяған үйден дұшпанын мұқатардай, жасанған жауын жеңердей екпінді шықса да, мейрамханаға жақындаған сайын ілгері басқан аяғы кейін кетіп, қатты толқыды. Мейрамхананың алдында бір топ адам темекі тартып тұр.

Аппақ «Волга» машинасы әуелі мейрамхананың алдына тоқтады да, сәлден кейін мейрамхананың ауласына қарай жылжыды. Алдында отырған Назымды көріп, бір қадам кейін шегініп, тұнып тұрған қалың талдардың арасына бой тасалады.

Тойға барардай сіресе киінген, денелі жігіт машинадан шығып, біреуді іздегендей жан-жағына жалтақтай қарап біраз тұрды да, қайтадан машинаның ішіне кірді. Сәлден кейін қайта шығып, Назым отырған есікті ашты. Назымды әлгі жігіт қолтығынан демеді. Былқ-сылқ еткен Назым бірдеме деп, сыңғырлай күліп еді, қасындағысы оның қолынан сүйді. Осының бәрі Аяғанға түс секілді. Көзінің алды бұлдырап, жүйкесін әлдебір күш от қамшымен осқылап жатты. Оның ар жағында не болады деп ойланған жоқ. Жерге аяғы желімденіп қалғандай. Тістеніп, ауыр жүріспен мейрамханаға беттеді. Барып бас салғысы келді. Бүркіттей бүре түспекші болған әлгіндегі ниетінен тез қайтты. Неге екенін өзі де білмейді. Ол мейрамханаға қайралған пышақтай жалт етіп кірді де, залға көз тастады. Бұрышқа таяу отырған Назымды көргенде төзімі қалмай, жетіп барды. Одан арғысын Аяған ақылға салып елеп, екшеп жатқан жоқ. Үсті жайнап тұрған дөңгелек үстелді аударып тастады да, қолына түскен бір шөлмекті Назымға қарай бар пәрменімен сілтеді. Ашынасы ара түспек түгілі, алды-артына қарамастан зыта жөнелді. Төрт-бес жігіт Аяғанның қолын артына қайыра ұстап, милицияға тапсырды. Басынан аққан қан бет-аузын жуып кеткен Назымды жедел жәрдем машинасы ауруханаға алып кетті.

Ешуақытта да бір әйелмен жұрттың көзіне түспейтін Төкен мырза амалсыздан Күміскүлдің жоспарына сеніп, мейрамханаға барған еді. Онысы үшін Күміскүлдің жер-жебіріне жете ұрсып, ауруханада жатқан Назымға қажеттінің бәрін жеткізіп тұруға мүмкіндік жасағанмен, өзі төбесін көрсетпеді.

Сол күннен бастап Назымның бар бақытсыздығы басталған екен, тек оны Назым сезбеді. Күміскүлдің қуанышы қойнына сыймай жүр. Бар айласы іске асты. Оны кінәлап жатқан да ешкім жоқ. Аяғанның бұл жерде енді қалғысы келмеді... Ауруханада жатып, Назым өзіне ең жақын адамдарынан айырылып қалғанын да білмепті. Тек Күміскүлдің:

– Слушай, сенің күйеуің шешесі мен қызын алыпты да, көшіп кетіпті, – дегенін естігенде сенерін де, сенбесін де білмей, орнынан бір тұрып, бір отырып:

– Мүмкін емес! Мүмкін емес! – деп, үстіндегі киімін ауыстыруға да шамасы келмей, далаға атып шығып, үйіне жеткенше жүгірді. Есіктің алдына келіп тың тыңдады. Еш дыбыс жоқ! Өзінің кілтімен есікті ашып, үйге кіргенде бос бөлмені көріп, көзінің алды қарауытып кетті. Терезенің жақтауына ілінген ақ қағаздағы Аяғанның жазуын танып, – асыға қолына алып, тез-тез көзін жүгіртті. «Назым, сау бол! Біз енді ешуақытта кездеспейміз. Мен сені есімнен тана сүйгенім үшін жазықты болыппын. Қайтейін... Тағдырдың ісі осылай болды. Саған жанымдай жақсы көретін қызымды тәрбиелете алмаймын. Ешуақытта, ешуақытта Назгүлді менен ала алмайсың! Бізді іздеуші болма!»

Назым көпке шейін жылай да алмады. Әр сөзі мірдің оғындай мына бір жапырақ қағаздағы Аяғанның жазуын зерттегендей қайта-қайта оқи берді.

Қасына келген Күміскүлге де тіл қатпады. Есінен айырылған адамдай, шыр-пыр болған Күміскүлдің жылан көзіне кірпігін қақпастан қадалып қалды.

– Құдайым-ай, әлі басың жас емес пе? Енді күйеуге шықсаң кімге шығарыңды білетін боласың. Аяған сияқты еркекті балшықтан-ақ жасап алуға болар, қойшы... сонша күйреп... жұрттың сендей қызы әлі үйінде отыр!

Назым ішіндегі бар толқынысын көзіне жинап, алдында ақылсынған Күміскүлдің жағасынан ала түсті.

– Әй, саған не болған! Назым, саған не болған!

Назым кенеттен қолын тартып алды да, тағы да сұлқ отыра кетті...

Назымның ішіндегі шер күннен-күнге өсе берді, тас түйін болып түйіліп, кейде бірнеше күнге шейін ешкіммен сөйлеспей қоятыны бар. Өмірі иығына іліп көрмеген асыл киімдер мен асыл тасты алтындар ғана көңілін бір сәтке алдарқатады. Кішкене Назгүлінің өзіне осыншалықты жақын екенін, сағынышы күн сайын ұлғайып бара жатқанын кімге айтып шағынарын да білмейді.

Төкен осы қаладағы сауда атаулының бәрінің үстінен қарайтын, түкірігі жерге түспей тұрған мықтының өзі.

Күніне үстіне бір жаңа костюм киіп, француздың иіссуін аямай себініп жүретін жігіттің ұрғашы атаулының бәрінің арманы екенін Күміскүл жиі-жиі

қайталап, Назымның көңілін аулағансымақ болады. Түн ортасына дейін жанынан кетпейтін Төкенге бірде Назым:

– Әйелің қайда жүресің деп бір сұрамай ма, міне, үш ай болды, күн сайын таң ата кетесің, – деп еді, Төкен мырс етті.

– Әй, баламысың деген-ай, ол сен сияқты сезім үшін жаратылған әйел емес, оған дүния болса болды!

«Сезімсіз жаратылатын әйелдер де болады екен-ау», – деп Назым қатты таңданды.

– Сен маған бір бөпе тауып бересің. Менің мықты қолдаушыларым аман болсын! Қай жерге барсам да осы жұмысымды менен ешкім ала алмайды. Дүния сен екеуміздің ғұмырымызға, немере-шөберелерімізге жетеді.

Назым іштей «Енді қанша бала тусам да Назгүлімді ұмыта алмаспын», – деп ойласа да сыр білдірмейді.

Назым түсінде үнемі Назгүлімен бірге қыдырып жүреді. Әйтеуір бір уақытта қызымен кездесетініне сенімі мол. Өзінің осыншалықты балажан екенін дер кезінде байқамағанына өкінеді... Өкінеді... Жылайды... Еңірейді... Өзі жылап, өзі қояды.

Арада бір жыл өтпей-ақ Назгүлі де, өткен өмірі де алыстан қол бұлғап, сағымдана берді...

Назым техникумға емтихан тапсырар кезде ғана барғаны болмаса, жұрт сияқты білім алу үшін маңдай терін төкпеді. Алдында бау-бақшасы бар үш бөлмелі үйді Төкесі өзіне сыйлайтынын айтқанда Назым шынымен қуанды. Күміскүл бірнеше күнге шейін ашық күндеп:

– Мен болмағанда ғой, тәтті тамақ пен жақсы киімнің рахатынан адамның қандай қуанышқа бөленетінін осы өмірде білмей-ақ өтетін ең, – деп жүреді.

Назым досының бұл сөзіне не деп жауап берерін білмейді. «Бар асылым, бақытым Назгүлім еді ғой» дегенді айттың не, айтпадың не!

Күміскүл өзін ешуақытта Назымның алдында кінәлімін деп түсінбейді. Кейде өз-өзінен көгерендеп:

– Әр адам өзіне лайықты өмірді қалайды, – дейтіні бар.

Күміскүлдің бар мінезі сынаптай. Бүгін бір жігітті аузының суы құрып айтып отырса, ертеңіне басқа бір жігіттің қойнында жатып шығады. Негізі аз сөйлейтін Назым өзі айтпаса Күміскүлден сыр тартпайды.

Жылына екі рет Төкесімен курортқа барып қайтады, қалған айлардың бәрі бірінен-бірі айнымайтын сауық-сайран. Төкен Мәскеуге, Алматыға

баратын болса Назымды да қалдырмайды. Қайда барса да ханшадай күтілетін Назым жан-жағына бүгінде селсоқ қана көз салып, ештемеге қызықпайтын болған. Күміскүл бірде:

– Осы саған таң қаламын. Өмірі еркек көрмегендей Төкеңе жабысып қалдың ғой, анда-санда жас жігіттермен де ойнап-күлмейміз бе? – деді.

Күміскүл оны да өз достарының тілегінше, өз пайдасы үшін айтқан. Ауруханадағы бас дәрігердің орынбасары, белгілі хирург Хайдар жиі-жиі:

– Сұлу құрбыңды маған қымай жүрсің-ау, – деп қыңқылдайтын.

Күміскүл өзімен бірге жұмыс істейтін Хайдардың келіншегімен де әмпей-жәмпей. Бірақ ерлі-зайыпты екі адамның да көңілін тауып жүре беретін Күміскүл ақкөңіл Хайдардың да сеніміне кіріп алған. Сондықтан Күміскүлдің келіншегіне ештеме сездірмейтініне Хайдардың сенімі мол.

Назым досының жақсы хабарына шынымен қуанды. Ақыры ары, ұяты, намысы Аяғаннан айырылғаннан кейін Төкеннің көзіне шөп салмай жүргеніне тіпті өкініп те қалғандай.

– Төкен біліп қалса тындық қой, сен былай істе, жақсылап қағаз жазып, есікке қыстырып кет! Жоқ одан да телефон соғып, бір сылтау айтарсың. Өзі өмірі... бір жаққа ұзаққа командировкаға кетпейді екен.

– Қайда болса да мені тастамай алып кетеді ғой.

– Е, солай екен-ау.

– Оған қайда барамын десең де, түн ортасында болса да машина жіберіп алдырады. Одан да үн-түнсіз кете берейік.

– Хайдар пәтерді өзі табады.

Жігіттер вокзалдың арғы жағында тұратын бір таныстарының үйлерінде болатынын айтып, көп ұзамай хабар берісті.

Сықиып киініп, боянып, сыланған екі келіншекті екі жігіт тағатсыздана күтіп отырған. Шағын ғана екі бөлмелі үйде басқа жан көрінбейді. Үстелдің үсті Назымның көзі үйренген қара, қызыл уылдырықтар, қызыл балық, жеміс-жидектер, ішімдіктер... Назымның ішімдікке әуестігі жоқ. Мұнысын өзі «Бойымдағы жалғыз қасиетім» деп бағалайды.

Хайдардың кейбір қылықтары Назымның есіне Аяғанды сала береді... Көңілі бұзылыққырап, мұнды көзімен қайта-қайта жәутендеп, қараторы, сыпайы жігітке қарап қалды. Үнсіз отырған келіншектің тұла бойында бір аяулылық барын Хайдар да байқап үлгерген. Сәлден кейін-ақ Күміскүл домбыраны қолына алып, мұрты едірейген, ыржыңдап күле беретін жігітке қылмындай бастады. Хайдар екі көзімен Назымды ішіп-жеп:

– Назымтай, – деді үздіге.

Назым жай ғана кірпігін көтеріп, екі беті алаулап, өзіне өлеусіреген Хайдарға үнсіз қадалды.

– Назымтай! Назымтай!

– Әй, өлетін болдың ғой, одан да мына біз құсап сүйіспейсіңдер ме?! – Күміскүлдің басын өзіне бұрып алған жігіттің сөзінен екеуі де қызарақтап қалысты. Назым өзінің бойында әлі де ұят барын, бірақ туған қызынан тірідей айырылған анада ұят бар дегенге ешкімді сендіре алмайтынын жиі ойласа да, одан бәлендей қортынды да шығара қоймайтын. Міне, қазір де жас қыздардай, мына өзіне ұнаған жас жігіттің алдында шынымен ұялып, қызарақтайды. Күміскүлдің дөрекілігіне бойы үйрене алмай-ақ қойды.

– Әй, Хайдаржан, былай! Маған бір жетіге бюллетень ашып бересің, бір де, астыма су жаңа «Волга» тауып бересің бұл екі! Ал мен сенің арқанда шалқиып, ана баламды бағып отырған сорлы шешеме жиған-тергенімді апарып қайтамын. Ауылдағылардың бір ауыздарын аштырып, естерінен тандырып келейін!

Назымды жоғалтып алған Төкеннің әбден қаны қайнап, өмірі әйел атаулыдан алданбаған жүрегі бір жамандықты сезіп, енді Назымның ізіне соқтауылдай екі жігітті салып қойды. Олары нағыз әпербақан, шаш ал десе бас алатын жауыздар.

Екі жігіт алыстан бақылап, төсекте құшақтары айқасқан шақта есікті теуіп жіберіп, қолдарындағы тапаншаларын жоғары көтерген күйі, кіріп келісті. Түстері суық екі жігітті көргенде естерінен танғандай болған Назым мен Хайдар:

– Сіздерге кім керек?! – десті сасқандарынан.

Назым жалма-жан көйлегіне қолын созып еді, біреуі:

– Таста былай! – деп қолындағы тапаншасын кезеді.

Өмірінде тірі адамның қолынан тапанша көрмеген Хайдар қатты сескеніп қалды.

Аспай-саспай телефонды қолына алған екіншісі миығынан күліп:

– Жақсы ағасы, келе беруіңізге болады, – деді.

Назым қабағын керіп:

– Иә, Төкеннің қолшоқпары екенсіңдер ғой, – деді миығынан күлген болып.

Тапаншалы жігіт Назымды аяғымен теуіп қалды.

– Бриллиантқа малындырып қойған біздің көкеміздің көзіне шөп салатын сен кім едің, сайқал! Ой, сайқал! Сайқал біткенге дауа жоқ!

Хайдар тұра ұмтылып еді, Назым шыр етті. – Ойбай, қолыңды тигізбе! Бәледен аулақ! Бұдан өлгенім жақсы! Өлтіріңдер! Өлтіріңдер!

Хайдарды екі жігіт аямай соққыға жықты.

– Қазір барып-ақ сенің әйеліңді де алып келер ем, бірақ көп шудың керегі не? Бүгіннен бастап мына сайқалды ұмытпасаң бар ғой, екі қолыңды төбеңе қойып қаңғып кетесің!

Хайдар тапаншасын шошандата берген мына жігіттің не де болса қолынан келетінін сезіп тұр. Құдай сақтасын! Бала-шағасының құлағына тисе масқара ғой! Хайдар көңіл көтергенді, біреуге көзін салып жүргенді ұнатқанмен, екі баласы мен әйелі үшін жанын беретін жігіт.

Төкен кәдуілгі ыңыранған, сықиған түрімен ішке кірді де, алдынан иіліп-бүгіліп қарсы алған екі жігітке:

– Жеңгелеріңнің айыбын ашып мәз болып тұрмысыңдар? – деп өзі кеңк-кеңк күлді.

– Феодалдықтың барлық элементін сақтап қалған адамның халықтың дәл ортасында, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ болып жүріп жатқанына таңданып тұрмын ағасы! Бұныңыз үшін бір уақытта жауап беретініңізге менің күмәнім жоқ.

– Ха-ха-ха... Мына мен, мына сен үшін жауап беремін бе?

Екі жігіт Хайдардың құйрығынан біздей туфлилерінің ұшымен аямай тепкіледі.

– Сен бала, әуелі өз басыңның қамын ойла! Мына қаншық сен түгілі білдей азамат байы мен баласына опа бермеген адам! Мұндайлардың менің мына аяғыма күніне мыңы келіп оралады. Ащы өрікті жалпы өрік тәтті болуға тиісті деп жей бермейсің ғой. Жолдан тайған әйелді біздің елде ащы өрікке теңейді. Мұны мен аяп, адам қатарына қосамын ғой деп жүрсем. Бір еркекке мүсе тұтпайтын, к...ң құрты бар сайқал болып шығатынын кім біліпті. Ал, жігітім, қазір сен бұл жерден тай! Құнажын көзін сүзбесе бұқа жібін үзбейтінін біледі, мына мықты ағаң! – Төкен жұдырығымен кеудесін қойып қалды. – Сенің, жазған бала, жазығың жоқ! Барыңдар, мені далада күте тұрыңдар!

Назым шырылдап, жанұшыра айқай салды.

– Хайдар, мені кешір, Хайдар, енді көре алмасам... мені кешіре гөр!

Назымның жағынан шапалақпен тартып жіберген Төкеннің түтіккен бетіне көзі түскенде келіншек кейін шегінді.

– Қанішер! Ақсүйекпін, әйел баласына қол көтеріп көрген жан емеспін, әйелдей нәзік жан жоқ дейтін сөздеріңді қалай ғана ұялмай айттың екен! Аяғаным үшін, Назгүлім үшін, сенен жәбір көріп жүрген бар қыздар үшін жасаған ием, жазанды берсін! Елді қанап жинап жатқан дүниең өзіңе бәле болып жабыссын! Е, жасаған, менің өзіңнен басқа сүйенерім де, сиынарым да жоқ! Көз алдымда жазасын бере гөр! – Қолын көкке көтерген келіншекке Төкен мысқылдай қарап тұрып, тұла бойын алып бара жатқан құштарлықтың құрттары мысын басып, енді сөйлеуге шамасы келер емес.

Шашы жайылып, көзі жанып тұрған келіншекті бас салды. Назым да барынша алысып, берілер емес. Әлгінде жабылмай қалған есіктің ашық тұрғанынан үміттеніп, алға қарай ұмтыла береді. Жаңағы екі жендет кіріп келе жатқанда келіншек ыршып түсті.

– Мына жеңгелерің болар емес... Өзін былай... икемдеп жіберіңдерші.

Төкен жалтыраған төбесін екі қолымен сипалап сенделіп жүр.

– Қазір ағасы... – Екі жігіт Назымды кереуетке шалқасынан жатқызып, сөмкелерінен шығарған кендір жіппен қол-аяғын байлап та тастады.

– Аулада күте тұрыңдар, мынау үйдің иесі келіп қалар.

Төкен өкси жылаған келіншекке бурадай буырқанып, екі көзі шарасынан шыға шүйліге берген-ді. Назым оның мысқылды бетіне түкіріп жіберді. Қол-аяғы байлаулы әйел қандай әрекет жасай алады, даусы жеткенше айқайлай берді...

Назым өз үйіне Төкеннің екі жендетінің қоршауымен келді. Алдынан шыққан еркек пішінді, қасы-көзі сүрмеленген әйел:

– Жарайды, енді бара беріңдер, – деп еді, әлгі екеуі Төкеннің алдында тұрғандай жылмаң қағысты.

Өзінің күзетшісінің күшті екенін білген Назым көйлегін ауыстырып, душ қабылдап, ас үйге беттей бергенде, әлгі әйел:

– Ә, қарның ашты ма? – деп дарақылана күлді.

Назымның іші-бауыры дір етті.

– Апай, сізді мен танымадым.

– Танымасаң танытайын. Менің әке-шешемнің азан шақырып қойған атым Жайсаңгүл, жұрт мені «Қарагүл» деп атап кеткен. Бір құрдасымның қойған аты жұртқа жайылып кетті.

Десе дегендей-ақ екен. Түсінің емес, ішінің де қаралығын ескерген екен-ау құрдасы.

– Мен сізді Жайсаң апа дейінші! – Назым жатаған үстелдің үстіндегі шыны құтыдағы қымызды суша сімірді. – Жайсаң апа, мен амал жоқ, сізге бар сырымды ашып салуыма тура келіп отыр. Себебі, бір жап-жас жігіттің обалына қаламын ба деп қорқамын. Төкендей жауыз ешкімді аямас! Мені құдай қалай жазаласа да өз еркі. Жазықсыз жан жапа шекпесінші. Сізден өтінемін, аяғыңызға жығылайын, тек мені босатыңызшы.

Назым осындай ыстықта үстіне бешпет киіп алған әйелдің қолын қалтасына жүгірте бергенінен қауіптеніп қалды. Тапаншасы бар сияқты.

– Қой, айта көрме! Маған да жан керек! Бүкіл бір ауылды асырап отырған бауырымыз Төкен болғандықтан, біз оған әруақытта адалмыз. Мені жолдан тайдырып, күнәға батырайын деп отыр екенсің ғой.

Назым жалынудан шаршады. Қарагүл көнер емес. Тіпті дәретханаға кірсе де, есіктің тұтқасын ұстап тұрады.

– Мені сонда қай уақытқа шейін осылай азаптамақсыңдар?!

– Оны бәсекеңнің өзі біледі.

– Жетімдіктің зардабынан құдай мені жолдан тайдырды ма екен... Жайсаң апа, мен талтүсте жолдан тайған ащы өрікпін! Ащы өріктің не екенін сіз де жақсы білесіз ғой.

Әлгінде Төкеннің аузынан естіген осы бір сөз Назымның есінен бір минут те кетпей қойған. Сондықтан осы елдің адамы Қарагүлдің бұл теңеуге қалай қарайтынын білгісі келді.

– Тек! Қайдағы бәлені айтпай! Онысы несі!

– Жайсаң апа, құдайға не жазғанымды қайдам, жолым болмай-ақ қойды.

– Әй, қойшы-әй, қақсамай, қай құдайдың басын ауыртып отырсың?! Сен өзің құдаймен тамыр адамдай сөйлейсің ғой. Сен айтып отырған құдайға менің көңілім қалғаны қай заман! Зарланбашы! Мені ешкім де жібіте алмайды! Сондықтан да Төкентай мені сен сияқтылардың соңына салып қояды.

– Кәсібіңіз мықты екен! – деді мына ұсақ сүйел басқан мұрнының желбезегі делдиіп, сұп-суық жылан көзімен тесіле қарап отырған албастыдай кара бәлеге көңілі қалып. – Милицияға қолым бір жетсе!

– Тарт тілінді! Әйтпесе жоныңнан таспа тілермін!

Назым үнсіз қалды.

– Милиция дейді еше! – Қарагүл адамның қолқасын атар исі жаман темекісін паровозша бұрқыратты. – Милицияның тамағы жоқ па екен?! Осы маңда менің Төкенімнің алдына шығар бір адам жоқ! Сені күндеп жүрген келіншектердің талайын мына мен құлағыммен естігенмін. Хайдар деген кім? Онысы несі-ай! Мына үй-мүліктен айырылғың келмесе ешкімнің жоғын жоқтамай тыныш қана отыр. Әлгінде маған Төкенім «Барлығын кешемін, тек ойлансын» деп кетті. Қайтсін енді. Оған қатын да, қыз да көп. Ал ол болса бір сен деп жүрген жан. Затым әйел ғой, әлде де саған жаным ашиды, өмір сүргің келсе менің Төкеніме қарсы келме! Ол көңілі кеткен әйел үшін жанын аямайтын адам.

– Сол да адам ба екен?! Адам деген сөзден садаға кетсін!

Назым енді жалынуды да қойды. Екі тізесіне басын сүйеген күйі Төкеннен кек алуды ғана ойлады.

Қарагүл есікті бірнеше жерден жауып, кілттерін қалтасына салып алды. Киімшең күйінде Назымның кереуетінің алдындағы тілдей кілемнің үстіне қисая жатысымен, ұзақ қорылға басты. Назым тышқан аңдыған мысықтай екі көзі Қарагүлде. Бірде Төкенге:

– Сен кеткеннен кейін біразға шейін ұйықтай алмаймын, біреулер терезенің алдында жүргендей болады да тұрады, – деп назданғанында Төкен төсеніштің астына үштік пышақты өз қолымен салған да:

– Пышақтан қорықпайтын шайтан жоқ, тиме, осы жерде жата берсін, – деген.

Жайлап қолын жүгіртіп еді, өзі іздеген заты орнында болып шықты.

Назымның көз алдынан Аяған мен Назгүлі кезек-кезек көлденеңдеп кетпей қойды. Сол екеуі үшін өліп кетсе ғана кінәсі жуылатынын біледі. Ақымақ болды. Бір-ақ күнде Төкен бет-бейнесін ашып берді.

Қарагүл басын жұлып алып:

– Әй, сен неге ұйықтамайсың? – деп ежіреді.

– Жайсаңгүл деп атыңызды ата-анаңыз жақсы-ақ қойған екен. Баласының жайсаң болғанын кім жек көреді дейсіз... – Назым өзінің жаны күйген сайын сөзшең болып бара жатқанын байқап жатыр. – Жайсаң апа, мен де біреудің аяулысы болып, бала сүйіп, отбасымда ерке болған жан ем. Күйеуім өзімді сүйгені үшін ғана жазықты болыпты. Оның бар өмірін өксітіп кеттім. Бар бақытымды, бар қызығымды өз қолыммен өзім жерге көміппін.

Қызымнан мүлдем айырылдым. Мен сияқты адамға бала тәрбиелетуге бола ма? Бір елде күйеуі мен әйелі ажырасса бала әкесімен қалады екен. Отбасына ұйытқы бола алмаған әйелге баланы сеніп тапсыруға болмайды деген қағиданы олар қатты ұстанады екен. Солары дұрыс. Осы жүрісімде мен қызыма қандай тәрбие берер ем. Мүмкін, өзім сияқты ол да жетім балалар үйінде өсер ме еді, кім білсін...

Жайсаң апасының қалғып бара жатқанын көргенде, іштей өзі құрып жатқан жоспарын іске асырудың реті келетінінен дәмеленіп, бойын жиып алды. Қол созым жерде жатқан дәу бәленің ұйқысы қатты сияқты. Әрі-бері аунап, кереуетін сықырлатып көріп еді, Қарагүл ояна қоймады. Негізі Төкен өзінен жамандық күтпейтін болу керек, әйтпесе осындай ұйқышыл адамды да бақташы етер ме?

Жылжи бергенінде Қарагүл орнынан атып тұрды.

– Не болды?! Кім келді?!

– Ешкім келген жоқ... ішім ауырып... мазам болмай...

Қарагүл көпке шейін дәретханадан шықпай қойған Назымға айқайлап:

– Немене, арқан шығарып жатқаннан саумысың? – деп жекіді.

Назым дыбыс берді де, әрі қарай тағы өз ойымен әлек. «Бұл бейшараны өлтіргеннен не бітеді?! Бұл да мен сияқты жолдан тайып, сорлап жүрген сор маңдай болар. Жо, жоқ, не де болса бүгін бір жағына шығуым керек! Болмаса өлім! Иә, иә, өлім!»

Телефонның шырылы естілісімен екеуі де ішке қарай қосарлана жүгірді. Қарагүл телефонның тұтқасын құлағына апарып:

– Түзге отырғызып келдім. Тәубасына келіп қалған сияқты. Сенің жаман жеңгең қай ұрғашыны да тәубасына келтіретінін білесің ғой. Әй, кел бері, сенімен сөйлескісі келеді. Ажалың менен болсын демесең, дұрыстап сөйлес, – деп тістенді.

Назымның өзіне де керегі осы еді.

– Жаным, мені кешіре алсаң кешір. Қазір келші, әлі күн ерте ғой, сенің кешіргеніңді өз көзіммен көрмейінше көңілім көншір емес.

Қарагүл күнжыңдап:

– Е, сөйтсеңші, менің да басқа жұмыстарым бар еді, кете қояйын, қазір мықты қайным келсін, сосын мені босатар, – деп есіктің қайырылысында жатқан шүберек дорбасына үстелдің үстінде тұрған бір жартыны салып та алды. – Сендер ерлі-зайыпты адамдай болып қалдыңдар ғой. Ал

ерлі-зайыпты адамдар туралы орыстардың мынадай мақалы бар «Муж и жена, одна сатана!» Вот, солай!

Арада жарты сағат өтпей жетіп келген Төкеннің екі езуі екі құлағында.

– Ал, жеңеше, енді бізді оңаша қалдыра ғой, ар жағын өзіміз білеміз, – деген Төкеннің дарақы күлкісі ауланы жаңғыртып жіберді.

«Әйтеуір бір ұйықтарсың-ау».

Араны ашылған Төкен әбден сілесі құрығанша Назымды әбден әуреледі. Назым да оның шаршай түскенін қалап жатыр.

Бала күнінде тәрбиеші апайы «Назымды өшіктірмеу керек» дейтін. Шынында өзін қорлаған адамнан кек алмай қоймауды кім үйретті екен? Әлде жетімнің кекшіл болатыны ... әлде өмір өзінше тәрбиеледі ме?

«Керек болып қалар» деген оймен Төкеннің көзін ала беріп, пышақты тағы да сипап көрді де, қолын тез тартып алды. Алақаны күйіп қалғандай. Жоқ, қандай айуан болса да бұған пышақ салу менің қолымнан келмейді! Келмейді! Төкеннің бір ұйықтаса ояна қоймайтыны өзіне аян. Әшейінде тұла бойын түршіктіретін қорылы құлағына жағып барады.

Ойы аласапыран... «Мұның көзін жоймасам, бұл менің көзімді жояды. Қаптаған қасқырларын соңыма салып, ақыры көзімді жойып тынар! Мұның көзін мен жоюым керек! Жоюым керек! Ақыры бір өлім болатын болса, алдымен бұл өлуі керек!» Жайлап тұрып, аяғының ұшымен басып далаға шықты. Алысып тұрған итті босатып жіберді. Сарайдан алып шыққан қыстан қалған, курап тұрған, майдаланған ағаштарды үйдің айналасына үйіп, керосин құйылған бакты ауыз үйге кіргізіп қойды. Бөлмеге қайтып келіп, біраз үнсіз отырып, төсегіне қисая жатып, үйді басына көтере қорылдап жатқан Төкенге қадала қарап, оның енді ұзақ ұйқыға кеткеніне анық көзі жетті.

«Жексұрын! Осындай дүниеқоңыз, пасық, ұяттан үш күн бұрын туған адамның қасында жанды қуыршақ болып, бес жыл бойы бар жастығымды сарп еттім-ау».

Барлық бөлменің терезесін қымтап жауып шықты. «Е, Жасаған ием, ең болмаса бір рет қолдап жібер».

Аяғының ұшынан басып, далаға шығып, жан-жағына көз салды. Ешкім көрінбейді. Ішке қайта кірді. Шифоньерді ашып, ішінен шығарған ең үлкен сөмкеге бар ақша мен екі көйлегін салып алды.

– Ал, жауыз, әйелді қорлаудың не екенін мен саған көрсетейін!

Ауыз үйге кіріп, шырпы алып шықты. Өртеу керек, әйтпесе бұл жауыз жердің тесігіне кіріп кетсем де тауып алады, өртеу керек! Өртеу керек! Шырпы тиісімен лау ете қалған от жан-жағын жап-жарық етіп жіберді. Назым алды-артына қарамай зыта жөнелді. Тоқтамастан келесі үлкен көшеге жете бергенде жанына келіп тоқтаған жүк машинасының жүргізушісі:

– Бикеш, түн ортасында жалғыз жүруге қорықпайсыз ба? – деп қиыла қалыпты.

– Жаныңыз ашыса, мені вокзалға жеткізіп салыңызшы!

Іші-бауыры қалтырап келе жатқан Назым жас жігіттің әзілінің бірін естісе, бірін естімейді.

Машинадан түсе сала жүгірген Назым енді ғана тоқтай берген пойыздың белдеуіндегі «Алма-Ата-Москва» деген жазуды көрісімен, кассаға қарай жүгірді. Билет жоқ. Ойлануға шамасы келмей, алқынған күйі пойыздың алдында тұрған жол серігі қазақ әйеліне:

– Апатай, мені ала кетіңізші! – деп еңіреген күйі қолына бірнеше жүз сомдықты ұстата салды. Абыржып тұрған сұлоу келіншектің сөмкесіндегі будақ-будақ ақшаны көрген жол серігінің көзі жайнап:

– Алысқа барушы ма ең? – деді.

– Мәскеуге шейін, аз болса тағы есептесе жатармыз, тек орын берсеңіз болды.

– Келістік, ішке кіре бер.

Тұла бойын қорқыныш билеген Назым басын тұқыртып, жанынан өтіп жатқандарға қарамайды. Кісі өлтірмек түгілі, біреу өлсе үш күн жылайтын еді ғой... Біресе жаурағандай қалтырайды, біресе бетіне шейін тызылдап, мына пойыз бұл жерден өмірі жылжымайтындай.

– Жүр, бері жүр, – деп сыбырлады жол серігі әйел пойыз жүріп кеткеннен кейін Назымның жанына келіп.

Назым үнсіз жол серігінің соңынан ерді.

– Мына жерге жайғаса бер, көршің ерлі-зайыпты адамдар.

Жұрттың бәрі ұйқыда. Назым төрт адамдық купеде бүрісіп отыр. Қарсы алдында құшағына тұлымшағы желбіреген кішкене қызды қысқан күйі кемпір жатыр. Екінші қабатта кітап оқып жатқан еркектің қарсысында

жатқан әйелі болу керек. Басын көтеріп, бірдеме дегендей болды да, көзін қайтадан жұмды.

Назым төсегін салып, жастығына қисайды. Көп ұзамай жұрттың тұратынын біледі. Шаршағанын да сезбейді, тұла бойын шиыршық бір күш кернеп алған. Алдыңғы өмірі не болады? Не үшін қашып барады? Осы өмірдің өзіне қажеті бар ма? Мына жалған дүнияде өзі қызығатын ештеме қалған жоқ. Тек қана... Тек қана Назгүлі... Тірі жүрсе оны табады, табады... Айуанның қойнына жатып, өзім де айуан болдым. Сондықтан да адам өлтірдім. Бірақ ол адам ба еді?! Он сегізге толмаған қыздың Төкеннің кесірінен өзін-өзі өлтіргенін адам сияқты адам айтқанда неге мән бермеді?!. Адасты, жұрттың ақылын теріс түсінді. Әйтеуір біреу одан кек алу керек еді ғой. Әлі талайлардың өмірлерінің түп тамырын қимай тұрып оның ит өліммен өлгені дұрыс болды. «Жоқ, еш өкінбеймін, өте дұрыс істедім. Бірақ, мен ондай айуан үшін түрмеге отырмаймын! Отырмаймын! Өздігімнен милицияға бармаймын, ал тауып алып жатса, – оны да көріп алдық!».

Қарагүл мен ана екі жендет өз бастарының күйттерін күйттеп жатқан болар. Хайдар... Хайдардың әйелінен сескенетіні белгілі. Әйелі перзентханада ұл туып жатпаса, ол бір күн де менің қасымда қона алмас еді. Кімнің көңіл көтеретіндей жайы болса, соның қолжаулығы болыппын... Е, құдай, не жаздым?! Не үшін мені жолдан тайдырдың?! ...

Ащы өрік! Қарашы, қақпастың тілін сұғып-сұғып алғанын. Назым ойламайын десе де, құлағында шыңылдап қалған осы бір ауыз сөз жүрегін тілгілеп барады. Иә, жөн ғой, бір күндік өмірінің өткеніне ғана мәз әйел ащы болмай, тәтті бола ма?

Әрі-бері қараң-құраң етiскен адамдардың аяқтарының дыбысы көбейе бастады. Пойыздың үстінде жұрттың жұмысы әңгіме мен тамақ ішу. Назымға қазір соның екеуінің де қажеті жоқ. Ешкім өзіне тиіспесе екен, ешкім өзінен жөн сұрамаса екен. Өтірік айту да оңай шаруа емес. Өзінің жетім басын қадірлеп, жар еткен Аяғанын талай алдағаны есіне түссе, жанынан безеді. Аяғаннан кім аяулы еді өзі үшін?! Бәрін кеш түсініп, қолды кеш сермеудің жөні жоқ екенін енді ғана түсінсе де Назымның жүрегінің түкпірінде қалған жарық сәулесі ғана өзіне медет. Онысы Назгүлі.

Қайда бара жатқаны, Мәскеудің аузына қалай түскені өзіне де беймәлім. Қайткенде де уақыт өткізіп, ұзағырақ жүріп есін жинау. Алдында әлі үш күн бар, мүмкін осы жерден түрмеден бір-ақ шығармын, кім біліпті... Жоқ, түрмеге түскеннен өлгенім жақсы! Ең дұрысы өлу болар. Аналық қасиетті

қадір тұта алмаған ана өлімді ғана қаласа, оны құдай да қолдар! Өлім! Тек қана өлім! Орнынан ұшып тұрды. Қарсысында жатқан кемпір тағы да басын шошаң еткізді, бұл да қисая қойды. Жас әйел жайлап төмен түсіп, қыңқылдаған кішкене қызды көтеріп шығып бара жатып, жоғары сөреде жатқан еркекке көз қиығын тастады. Оятып алғысы келмейтінін бет-әлпетінен байқаған Назымның іші алай-дүлей. Жаңағы әйелдің не арманы бар екен? Күйеуі қасында, баласы бауырында. Сорлы-ау, сенің де күйеуің қасында, балаң бауырында еді-ау. Аңдай болған енеңнен не жамандық көріп ең?! Өзін аңди қалатын дауыстан-ақ жаны күйзеліп болғандай, қатты күрсініп қалып еді, кемпір көзін ашып, әжім торлаған жүзіне күлкі үйірілді.

– Е, ұйықтап тұрғанша қызды болып қалыппыз ғой. – Терезенің жапқышын ысырып жатқан жігіт Назымға күлімдей қарады.

Жігіт қарғып түсісімен:

– Саламатсыз ба? – деп басын иді. – Мен Бахтияр деген ағаң боламын.

Өңі жып-жылы кемпір Назымның алдына шай құйып қойды.

– Қызым, атың кім?

Назым атын өзгертіп айтуды ойлап отырған, азан шақырып әжесі қойған аттан бас тарту оңай емес екен... Әжесі өзін үнемі «Назтайым» деп еркелететін.

– Назым!

– Менің құдашамның аты да Назым. Өзі Мәскеуде оқиды, сол құдашам күйеуге шығып, үй-ішімізбен тойға бара жатырмыз. Өзіміз Алматыда тұрамыз.

Ауылдан шыққан кемпірлердің киім киісі де, мінездері де өте қарапайым болатынын, ешкімді жатырқамайтынын Назым жақсы біліп қалған. Танысып қана қоймайды, барлық тұқым-тұяғына шейін тәптіштеп сұрайды. Іші қыпылдай бастады.

Есіктен томпаңдап кіріп келе жатқан немересіне қолын созған кемпір құрақ ұшты.

– Көкен-ай, жанан-ай, кел, келші... – Қыз әжесінің алдына отырып алып Назымның бетіне қадала қарады.

Назымның көзіне жас келді. Тығыны ашылғандай тоқтар емес. Кішкене қыздың сүйкімді Назгүліне ұқсап кеткені ішкі қайғысын өршітіп, екі иығы селкілдеп, тіпті болмаған соң бетін басып шыға жөнелді. Тамбурға бармақшы еді, онда да темекілерін бұрқыратқан еркектер. Ақыры орнына қайтып келіп:

– Кешіріңіз, мына кішкентайды көріп... Қызым есіме түсіп... – деді.

Сыйлы адамдарға өтірік айта алмады.

– Е, қарағым-ай, сонша егіліп... Қызың алыста болды-ау...

– Жоқ, енем қызымды алып қалды... бермеді... күйеуіммен ажырасып кеткенбіз...

– Жас адамның басынан не өтпейді дейсің... сабыр ет...

Бахтиярдың келіншегі ақжарқын, өте кішіпейіл. Енесі мен күйеуінің еркесі, қылықты келіншекке қызыға көз тастай отырып, өзінің келін боп түскен кездегі қызықтарын көз алдына елестетеді...

Бахтияр сырты қызарып піскен тауықты қол ұшымен бұтарлап:

– Ал, келіншектер, асқа жақындаңдар, – деп жымыды.

Назымның тамағынан су да өтер емес. Қарны ашпайды.

Назым беті-қолын жуып келуге ыңғайланып, сүлгісін қолына алды. Жас келіншек таныс емес көршісінің бет пішінінен бір ренішті байқағандықтан, үндемейтін сияқты. Назым бетін жуып, шашын тарап тұрып, купеде өзі туралы әңгіме болып жатқанын сезеді. Айтса айта берсін, тек менен ештеме сұрамаса болыпты! «Жас әйел қызын есіне алып, өкси жыласа, оны неге жоруға болады?!»

Кемпірдің бар сөзін құлағы естіп тұрғандай.

Назгүлін бір көріп барып өлсе арманы жоқ!

Бахтияр тамағын тездете ішіп, орнынан тұрып кетті.

– Өздерің асықпай шай ішіндер, мен көршідегі жігіттермен домино ойнап қайтайын, – деді де, күдікке толы көз қиығын Назымға сездіре жылт еткізді.

– Келін, қайнаған су алып келші, мен қызыма өз қолыммен үнді шайын баптап құйып берейін.

Келін лып етіп орнынан ұшып тұрды. Кішкене қыз әжесінің алдында бірдеме деп өзінше былдырлап, әндетіп қояды. Қолындағы қуыршағымен үлкен адамдардай сөйлеседі. Назымның өзі де тап осылай әжесінің алдында жатып еркелеуші еді, Назгүлі де...

Кемпір аққұманды қолындағы көлдей бет орамалымен қымтап, Назымға тағы да күлімдей, мейірін төге қарайды.

– Жас адамның басынан не өтпейді, қателеседі, сүрінеді, жығылады, қатесін түзейді, әйтеуір алған бағыты дұрыс болса, ел қатарына қосылып кетеді. Осы жалғызымды арқама салып жүріп, масақ теріп асырадым. Әкесі соғыстан қайтпады.

«Сол уақыттағы барлық әйелдердің тағдыры бірінен-бірі аумады. Тағы да бәрінің де балалары жақсы азамат боп өсіпті. Егер мені шешем тастап кетпесе ол өлмес еді, менің тағдырым да басқаша болар ма еді». Назым өзінің әжесіне ұқсап кеткен кемпірді құшақтай алып, баяғыдай бір өксіп жылағысы келді.

– Енді құдайға шүкір, ұлым жазушы, мына туған қызымдай болып кеткен келінім дыңдай қызметкер. Құдайға мың тәуба! Қызым, әлі уыздай жап-жас екенсің, басыңа түскен қайғы бар. Көріп отырмын. Өзіңнің алған бағытың дұрыс болса, жеңіп шығасың. Лайым солай болғай.

Келіннің аты Бал екен. Өзі де, сөзі де балдай. Бахтиярдың былтыр ғана Назым екі кітабын оқыған еді, сонысына өзі де қуанып, біраз әңгіме қозғады.

Аяғанмен бірге тұрғанында еш алаңсыз, күйеуінің құрдастарымен билеп, өлең айтып, бәріне де барынша еркелейтін, олар өзін еркелете де алушы еді. Ондай достарды енді қайдан табар? Ал бес жылғы өмірі қысылып, қымтырылумен, үнемі жан-жағына қарап жалтақтаумен өтіпті. Ерлі-зайыпты адамдардың арасына барса, соның күйеуінен басқа бұл өмірде басқа еркек жоқтай, өзіне алара қарайтын әйелдер ызасын келтіретін. Ақыры жалғыздықты жаны қалай беретін болғанын өз басы мойындап та қалған еді. Өмір бойы адамның жалғыз өмір сүруі мүмкін бе? Талай ақылды да, талантты да келіншектердің халқының абыройлысы, елеулісі болып жүргенін біледі. Өзі адамға да, құдайға да керегі жоқ сияқты. Кімге қол ұшын берердей қауқары бар. Кім өзінен жәрдем сұрар. Асарын асап, жасарын жасаған жексұрын өрімдей бір жігіттің сүттей ұйып отырған отбасын бұзды да жіберді. Иығым жылтырап киім кимеген сорлы басым алтын мен күміске қызықтым, шалқып өмір сүруді құдай маңдайыма жазбаса да байлыққа қызықтым... Осы бір жаман мінез менің бойыма кімнен тарады екен? Тек, әжемнен емес, әрине, шешемнен! Барлық жамандық шешемнен! Адам өзінің бойындағы мінезбен маңдайына соққы тигенше жүре береді-ау... Неге ғана мен сондай шешеден тудым екен?! Назгүл тек Аяғандай таза да, адал, қасиетті жан болса екен! Жоқ, мені бүгін дарға асса да Төкенді өлтіргенім үшін өкінбеймін! Тап қарсы алдында отқа бөленген Төкен тұрғандай көрінсе де, енді тұла бойын бір жайбарақаттылық жайлап, көзінде күлкінің ізі жылт ете қалады.

Кемпір Назымның бетіндегі жылулықты көрісімен:

– Айналайын, әке-шешен бар ма? – деді.

Кішкене қыз басын көтеріп, Назымның бетіне үңілді.

– Жоқ, апа, ешкімім жоқ, жетімдер үйінде өстім. Барым күйеуім мен қызым еді, олардан да айырылып қалдым.

– Е... түңілме... түңілме... Құдайдың берейін десе берері көп...

– Енді маған ештеме бере қоймас!

– Тек, олай деме! Жассың, әлі-ақ күйеуіңмен татуласарсың, бәрі жөнделеді...

Бал сөзге араласпайды, қазақшаны шорқақтау білетін болғандықтан ба екен, әйтеуір сөзді құптағанын монтиған әдемі жүзінен ғана байқайсың.

Бахтияр есіктен сөйлей кірді.

– Ал, келіншектер, мен сіздерді ресторанға апарып қайтайын, апа, қонаққа қонақасы беру керек қой, әйтпесе, сіздің құр шайыңызды қазіргі келіншектер місе тұта бермейді. Пойыздың мейрамханасынан қонағасылық бірдеме табылып қалар...

– Апамның шайы анау-мынау еттен артық екен. Он жасқа шейін мені әжем асыраған еді, әжемді көргендей болып серпіліп отырмын.

Пойыздың іші қоңыр салқын. Назым өзінің осындай тап-таза, тып-тыныш вагонға тап келгеніне қуанады. Көршілерінің жөні тіпті басқа. Сөйлесе отырып Назым өзінің болашағын да ойлауды ұмытпайды. Енді кімге сенер, кімге сүйенер!

Мейрамхананың іші лық толы. Бірақ барлығы да сыбырласып қана сөйлеседі, біріне-бірінің еш бөгеті жоқ. Бахтияр шампан мен коньяктың аузын ашып жатып:

– Мен сізді бір жерден көрген сияқтымын, бірақ еш есіме түсіре алмай отырмын, – деді.

– Қазақтың қыздары бір-біріне ұқсас келеді ғой.

– Мүмкін...

Бахтиярдың өзін көргені рас, былтыр Төкенмен Алматыда болғанында қонақ үйдің алдында бетпе-бет кездескен. Бахтияр үстіндегі аппақ үлпілдеген тоны өзіне жарасымды сұлу келіншектің ізінен біразға шейін қарап қалған.

– А... енді есіме түсті, «Алматы» қонақ үйінің алдында... Ұмытпасам үстіңізде аппақ тоныңыз болды.

– Жо-жоқ! Менің ешуақытта ақ тоным болған емес!

Ақ тонның өртеніп кеткені өзіне мәлім. Бар бәле сонымен кетсін! Саусағындағы, құлағындағы асыл бұйымдарды да әлгінде вагонның терезесінен лақтырып жіберуге оқталып барып «Бес жылдан бері азаппен

келген дүниеде менің де үлесім бар. Мүмкін, бір керегіме жарап қалар, алдымда не күтіп тұрғанын қайдан білемін?!» деген оймен өзін-өзі тоқтатқан.

– Ал, Назым, танысқанымыз үшін, барлық бақытты бір басыңызға тілеймін! – деді Бал әсем үнін сыңғырлата орыс тілінде.

Көп ұзамай-ақ Назым қызып қалды. Бахтияр сұлу келіншектің басындағы үлкен қайғыны бар жүрегімен сезініп:

– Егер біздің жағымыздан бір көмек қажет болса, барымызша көмектесейік, ұялмай айт, не жәрдем керек, – деп енді ағасындай еркелете сөйледі.

– Ағам жоқ еді, аға болыңызшы! Мәскеуге неге бара жатқанымды өзім де білмеймін. Паспортымды жоғалтып алдым, маған қазір ең бастысы паспорт керек, сосын жұмысқа тұрсам, енді менің артыма қарайлайтын ештеме жоқ. Қазірше осыдан басқа ештеме айта алмаймын.

Бахтияр ойланып қалды. Бал күйеуіне жалтақтай қарайды, бал-бұл жанған жүзіне аяушылық орнай қалыпты.

– Айып етпеңіз, жазушы адамсыз, адамның басындағы тағдырдың алуан түрінен хабарыңыз бар шығар, сондықтан да сізді түсінер деп отырмын. Сіздің кітабыңыздағы Сұлушаштың басынан өткен қиыншылықтарды оқығанымда, көзімнің жасын тоқтата алмап ем, енді өз басымдағы қайғы Сұлушаштың қайғысынан жүз есе асып түспесе бір де бір кем болмай тұр.

– Қалқам, қазақтың әп-әдемі қызы екенсің. Ақыры пойызға еш мақсатсыз отыруға мәжбүр болсаң, саған қайда барсаң да бәрібір болғаны ғой. – Бахтияр сағатына қарады. – Енді үш сағаттан кейін біздің достарымыз Ізгілік пен Мағираш қарсы алады. Кеше шығарда телефон соққанбыз. Облыстың орталығы ғой, жұмыс та табылып қалар. Менің ол досым қаланың төрт бұрышының біреуін ұстап тұрғандай мықты жігіт. Өзі менімен жасты болғанмен ерте үйленді де, бүгінде он ұл, бір қызы бар. Соларға тапсырайын, от басы тыныш, берекелі адамдар.

– Аға, құдайдың маған оң көзімен қарай бастағанын сіздерді кездестіргенімнен байқап отырмын. Сіздерді ұятқа қалдырмаймын, еден жусам да күнімді көрермін, тек қана қасымда адал өмір сүруге мүмкіншілік жасайтын адамдар болса...

– Мұның енді дұрыс, мамандығым сауда қызметкері дедің бе?

– Балалықпен таңдалып қалған мамандық қой. Саудада істейтін адамдардың жөн-жосығы басқалау болатынын өте кеш түсіндім. Бәрін де өте

кеш түсініппін... – Назым қатты күрсініп, көзіне келіп қалған жасты байқатпау үшін сырт айналды.

Жай ғана тоқтай берген пойыздың терезесінен қарап тұрған Бахтияр күжілдеген даусымен:

– О, сабазың! Әнеки, ана бір қора адамды бастап келе жатқан жалпақ бас, мұрты қиылған жігіт менің досым Ізгілік. Жүрісінен-ақ өзінің кім екені білініп тұрған жоқ па? – деп өзінің досы үшін мақтана, кеудесін шалқайтыңқырап, екі иығын қомдап қойды.

Дұшпанның алдында да қаймықпай, мақтанып көрсете алатын досыңның болғанының үлкен бақыт екенін Назым алғаш рет ұғынып, ішін жайлаған өз қайғысынан арыла алмай тұрса да езу тартты.

Ізгілік бастаған бір топ адам мен жас әйелдер ішке кірісімен, бірінің бетінен бірі сүйіп, амандық-саулық сұрасып, шеттеп тұрған Назымды ешқайсысы елей қоймады. Бірнеше орама қағаздармен беттері жабылған жәшіктер, сөмкелерді тасып жатқан жігіттерге күле қараған Бахтияр:

– Ау, біз енді үш күнге жетпей Мәскеуде боламыз ғой, жартысын алып кетіндер, – деді.

– Жо-жоқ, ештеме қайтпайды, – деген Ізгілік, досына көзін ежірейтіп, арқасынан қақты.

– Айтпақшы, мен ең басты жұмысты ұмытып бара жатыр екенмін ғой, мына менің сұлу қарындасым осы жерде қалады. Аты – Назым. Әрі ойлап, бері ойлап, Мағираш екеуіңнің жанында болсын деп шештік. Оған біраз себептер бар, ал енді өз көзіңмен қарап дегендей, Мағираш, осы Назымның бар тағдыры осы сағаттан бастап сенің мойныңда.

Шашының алды бұйра, қара торының әдемісі, шап-шағын ғана бойы бар, күлім көз келіншектің бет әлпетінде адамды өзіне тартып аларлықтай бір сиқыр бар екен. Назым дайын тұрған чемоданын қолына ала беріп қайта қойды. Аз ғана уақыттың ішінде өз әжесіндей болып қалған кемпірдің мойнынан құшақтап, біразға шейін жібермеді...

– Ой, айналайын, біз де бір қауым елміз, Бахтиярдан артық болмасақ та, кем болмауға тырысамыз, – деген Ізгіліктің сөзі өзінің бойына бір күш бітіргендей болды.

Өзіне жәудірей қарап тұрған Балдың бетінен сүйіп, қайта-қайта:

– Кездескенше, кездескенше, мен сіздерді өзім іздеп барамын, – дей берді.

Машинаның рулінде отырған Ізгілік жанындағы сұлу келіншектің бетіне карамауға тырысты. Тек анда-санда:

– Мынау біздің театрымыз, мынау біздің ең үлкен сауда орнымыз, мынау музейіміз, – деп қаланы таныстырып келеді.

«Жақсы адамдар көп қой. Бірақ, мынау аңқылдаған ақкөңіл адамдар менің кім екенімді білсе, масқараның көкесі сонда болар. Ешкім ештеме білмейді, мен ондай айуан үшін түрмеге отырмаймын! Не деген көр соқыр ем, Күміскүлдің қолжаулығы болып жүре бергенімді-ай... Жоқ, бар бәле өзімнен! Ана сүтім аузымнан кетпей жатып, дүнияжанды, ашқарақтық маған қайдан пайда болды? Үлде мен бүлдеге бөленіп, алапес тигендей жалғыз қалатынымды неге ғана ертерек ойлай алмадым?! Неге?! Не үшін мені жасаған ием сонша ақыл-естен айырып қойды?!»

Машинадан түсе сала үйіне қарай жүгірген Мағирашты шулап қарсы алған балалары:

– Ана бар ғой, – дей берген еді, ол:

– Тынышталыңдар, қонақты қарсы алыңдар, – деді де, өзі Назымды табалдырығында тұрып қарсы алды.

– Төрлет! Төрлет! Мынау біздің батырлар!

Ізгілік ең кіші ұлын жерден тік көтеріп алып, маңдайынан сүйді.

Назым төр жақта қонақ болып отыра алмады. Өзін туғанындай күтіп алып жатқан адамдарға өзі де жақындай түскісі келіп, ас үйге кіріп:

– Мен де жәрдемдесейін, – деді.

– Жо-жоқ, демалып отыра беріңдер, қазір-ақ бәрін өзім алып барамын.

Назым бір қолын екі ете алмай жатқан жеңгесінің айтқанына көнбей, балықты аршып жатқан еді, Ізгілік есіктен басын қылтитып, әйеліне сұрақты жүзбен қарай қалыпты.

– Етің пісіп тұрған сияқты еді ғой.

– Әуелі шай ішіп алайық, ет пісіп тұр ғой. Сен бүгіндікке тамақ ішкен жоқсың ғой, мына балықты бұқтырып қоя салайын.

Ізгілік келген ізімен шығып кеткеннен кейін Мағираш ақталғандай болды.

– Ағаң биыл жиі науқастанып қалатын болып жүр. Көбінесе өзіне арнап жеңіл тамақтар жасаймын.

«Күйеуін баласындай күтетін әйел өз басын қадірлей алмайды» деп ұғынатындардың бірі Назым еді. Сөйтсе азаматын күткен әйелдің ғана өз кара басының да қадірленетінін білмепті-ау. Аяғаны қай жігіттен кем еді?! Тап сол Төкеннің қойнында жатқанынан өз күйеуінің аяғында жатқаны артық емес пе еді?!

Аяқ астынан терең ойға шома қалатын қонағының мінезін Мағираш байқап та үлгерген-ді.

– Бәйбіше, бүгін кешкісін қонақ шақырайық. Достарымызды Назыммен таныстырайық, – деді Ізгілік орнынан тұрып жатып.

Қонақ көп жиналды. Ешқайсысынан «Бұл қайда жүрген жан?!» деген сияқты көзқарасты байқамаған Назым өмірді тағы бір қырынан ашқандай, түн бойына ойына не келіп, не кетпеді?! Өлгісі келетін еді ғой, енді өмір өзіне басқа қырынан көріне бастағандай. Осы адамдардай өмір сүрсе, қолынан келсе күйеуге шығып, бала туып, Алланың да, адамның да алдында күнәсінен арылғысы келеді. Төкендей қара құзғынды өлтіргенім үшін мүмкін Алла тағалам мені енді жазалай қоймас. Аяғанға көрсеткен қиянатым үшін жазамды алдым ғой. Е, Алла, енді қалған өмірімде абыройлы еңбек, абыройлы несібе, бақ бере гөр! Қашаннан бері екенін өзі де білмейді, әйтеуір Алла аузынан түспейтін болыпты.

Дастархан басында Ізгілік көрші аудандағы бір совхозда дүкенші болып істейтін жекжатының көлік апатынан қайтыс болғанын әңгіме еткен-ді. Қонақтар кеткеннен кейін Мағираштың жуып жатқан ыдыстарын ақ сүлгімен сүрте отырып Назым:

– Көрші ауылдағы қайтыс болған дүкеншінің орнына мені жұмысқа алар ма екен? – деді.

– Жұмыс керек болса осы қаладан да табылады ғой. Ауылда тұру саған оңай бола қоймас...

– Неге? Мен де ауылдан шықтым, ауылдың адамдары маған көбірек ұнайды.

– Солай ма?! Ол ауылда менің де таныстарым бар, ағаңа айтып көрейік. Есіктен басын көрсеткен Ізгілік:

– Енді өзімізше бір шай ішсек қалай болар екен, бәйбіше? – деді.

Шайдың үстінде қонағының ауылға баратын ойын Ізгілік қуана құптады.

Таң атып қалса да, Назым көзінің шырымын алмады. «Ол үйді жауыздың менің атыма жазбағаны қандай жақсы болды. Көршілер мені пәтер жалдаушы деп түсінген болар, себебі мен ешкіммен араласқан жоқпын ғой.

Менің паспортым да сол үйдің ішінде қалды. Еш жерде жұмыс істеген жоқпын, ал Қарагүл мен Төкеннің жендеттері ауыздарын аша қоймас, әрқайсысы өзінің өмірін сақтап қалу үшін бар әрекеттерін салып жатқан болар».

Ақыры елден бұрын тұрған Назым сояудай тырнақтарын қайшымен әбден қысқартып, шашын желкесіне түйіп, айнаға қарады. Өзінің мүлдем өзгергенін көріп, қатты күрсініп қалды.

Дүкенші болып бір-ақ күнде орналасқан Назым, бейнетке белшесінен бататынынан хабарсыз еді...

Ақ кірпіштен қаланған зәулім үйдің төбесінен аққан судан әбден есі кеткен Назым әр жерге үйдегі бар ыдысты қойып, зыр жүгіріп жүр. Далаға шығып, жан-жағына көз салды. Аспанды қою бұлттар жайлап алыпты. Әзір жауынның басылатын түрі байқалмайды. Бұрыштары опырылып жатқан үйге түңіле қарап, ішке кірді. Әбден суланып қалған бірнеше қап ұнды бар күшін сала, өзі ұйықтайтын бөлмеге қарай жылжытты.

Есік сырғи ашылды да, көзі бақырайған қара бала көрінді.

– Келе ғой, кім жіберді?

– Мамам айтты, ана дүкенді жауып, маған келіп кетсін деді.

– Мамаң кім еді?!

– Менің мамамды білмейсіз бе? Мен директордың баласымын ғой.

– Айналайын, дүкенді жауып сенің мамаңа бара алмаймын. Көріп тұрсың ғой, мыналарды жөнге келтірмесем болмайды!

Жұмысқа кіріспей жатып, сатылып кеткен мақпалдарды өздеріне қалдырмағаны үшін парторгтың әйелі айқай шығарды. Тапқан екен, Төкенді құртса да, оның әрбір ісін есіне салар дүниеқоңыздарды көрген сайын Төкен өлмегендей тұла бойы түршігеді. «Қалған өмірімде қолым сендердің жағаларыңда болар».

Бала теп-тез қайтып келді.

– Егер келе алмаса, кешегі келген үнді шайы мен шетелдің көйлегін беріп жіберсін деген, – деп басын төмен тұқыртты.

– Үнді шайы ешкімге берілмейді. Жақында қойлы ауылға барамын. Қойшылардың еңбегі сенің мамаң екеуімізден гөрі ауырлау, басқалары

ертеңгісін дүкен ашылысымен сатылып кеткен, үлгерген адамдар алып қалды.

«Директордың әйелі болса қайтейін. Ендігі менің әміршім директордың әйелі болыпты ғой».

Өмірін қиындықтан бастағысы келді. Өткен өмірін еңбек қана ұмыттыра алатынына әбден көзі жетті. Кешкісін бетін жууға әзер шамасы келіп, басы жастыққа тиісімен тәтті ұйқыға кетеді. Таңертең тұра сала, іші әбден былыққан дүкеннің қай жерін жөнге келтірерін білмей жанталасады. Тұратын үйі де осы дүкеннің бір жақ жартысы. Жалғыз басты әйелге берілетін үй жоқ екеніне де бірден келіскен. Кереуеті тұратын жердің төбесінен су ақпайтынына қуанады. Анда-санда, іштей бұрынғы сатушыны да іштей сыбап алады.

Жақында бір топ милиция келіп, бір жәшік арақ алған. Олар кіріп келе жатқанда басындағы орамалын баса тартып, аяғынан жан кетіп, тізесі қалтырап, тілі біразға шейін байланып қалған. Ішінен «Ең бастысы Төкенді өлтіріп өшімді алдым, өз еркіммен түрмеге бармаймын!» Дүкеннің қоймасындағы көртышқандарды құртатын дәріні бет сүртетін орамалдың шетіне түйіп, ас үйдегі жәшіктің төбесіне тығып қойған. «Өз еркіммен түрмеге бармаймын! Отыру керек болса көртышқанның дәрісі аман болсын!» Анда-санда іштей қайталайтын қағидасы осы.

Ертеңіне Назымның демалыс күні еді. Не де болса тағы бір рет директорға барып, ремонт туралы сөйлескенді жөн көрді. Мұрны шиедей қып-қызыл директор, арасынан екі адам өтіп кететіндей қисық аяғымен маймиып, кеңсенің алдында бір шалмен сөйлесіп тұр екен. Назымның сәлемін алмай, сырт айналды. Шал директорды айналып өтіп:

– Ой, айналайын, ақ қызым-ай, кемпір біткеннің бәрі саған сәлем айтып жатыр. Қазір өзіңе барайын деп тұрған ем. Ұзыннан ұзақ жазылған тізімді өзің оқып көрерсің, үнді шайы ғана есімде, – деп шапанының қалтасынан төрт бүктелген ақ қағазды шығарды.

– Иә, үнді шайды сіздерге сары майдай сақтап отырмын. Ата, сіздің ауылда болған ем ғой, жаңа таныдым, кешіріңіз. Ауыл аман-есен бе?

– Аман болғандай қандай! Директор бала, баяғыдан бері осындай дүкенші тауып қойғандарыңда ғой.

Директор шірене қалды. Осы алақандай совхоздың директорының маңғаздығы Назымның ызасын келтіреді.

«Каждый суслик в поле агроном!» Өмірінде бір кітап оқымаған, өнердің бірде бір тарабынан да еш хабары жоқ директордың клубтың меңгерушісі Масатының да жүйкесін құртып жүргенін білетін Назым алдында тұрған, бақайшағына шейін бюрократтықпен қаруланған бастыққа жалынышты болғаны үшін қорланып тұрса да:

– Көп ұзамай дүкендегі бар зат бұзылады, төбесін жөндемейінше мен қаладан жаңа тауар әкеле алмаймын, – деді.

Назым қолындағы жаңағы шал ұсынған қағазды ашып көзін жүгіртті.

– Міне, бес қап ұн керек депті. Бүгін күн жаумайтын сияқты, сондықтан кешке шейін ана ұстаны босатып берсеңіз? Екінші шаруам, мына кісілердің ауылына барып қайтатын машина керек.

– Берсеңіз! Берсеңіз! – Директордың құлағына әйелінің шағымының жетіп те үлгергенін Назым біліп тұр. – Түс қайта келіңіз, ойланып көрерміз.

Сөйте тұра Назымның тұла бойын жіпсиген көзімен ішіп-жеп барады.

– Түс қайтқанша ойланатын іс емес қой. Одан да төтеншесін айтпайсыз ба? Егер болмайтын болса, онда мен ана шешендерді өз қалтамнан болса да жалдап аламын!

– Е, ондай жомарттығың болса өзің біл. Жүріңіз, ақсақал, ішке кіріп сөйлесейік.

Назым жалт бұрылып, тістенген күйі осы ауылдың меншікті үйлерін салып жатқан шешендердің қастарына жақындап барып, мұрны біздей, көзі көкшиген шешенге:

– Ақша тапқыңыз келе ме? – деп төтесінен бір-ақ қойды.

– Ақша тапқысы келмейтін адам бала-шағасынан безіп осы жақта жүрмейді ғой. – Қазақшаға тілі жетік.

– Олай болса, дүкеннің төбесінен түнімен су ағып, түнімен шелектеп төгіп шығамын. Бір күндік қана жұмыс. Директорға талай рет айтқан ем, барған сайын бірінші рет естіп тұрғандай ыңыранады. Сондықтан өз қалтамнан төлемесем болар емес. Менің асырай алмай жатқан бала-шағам жоқ, ең болмаса істеп жүрген жұмысым абыройлы болса деймін.

Шешен жігіт желкесін қасып біраз тұрды да, жылаудың аз-ақ алдында тұрған Назымның арқасынан қақты.

– Жарайды, бүгін онсыз да цемент келмей жатыр, жүріңіз, барып көрейін. Менімше, көп шығындала да қоймассыз.

Шешеннің аты Магомед екен. Осы ауылдың кемпір-шалдарының намаз оқымайтынына таңданатынын, жасөспірім балалардың әке-шешелерімен дөрекі сөйлесетіндерін таңдайын қағып, қамыға сөз етіп келеді.

Бәрі рас, сондықтан Назым үнсіз ғана, басын изеп, құптайды.

Магомед көне баспалдақпен төбеге шығып көрді.

– Әрі кетсе үш-төрт сағаттық жұмыс, – деп айқайлады. – Тек қазір мен барып ана үй иесінің машинасымен қара қағаз әкеліп алайын. Сосын осы үйдің ғұмырына жететіндей етіп қатырып беремін.

– Ой, ағатай-ай, бала-шағаңыздың қызығын көріңіз, – деп қазақшаны қатырып сөйлейтін Магомедке қазақшалап алғысын жаудырып жатыр.

– Мен сіздерге қазақтың бесбармағын дайындауға кірісейін. Барлық сауданың ашығы жақсы, ақысын келісіп алайық.

– Сізге біздің күніміз әруақыт түсіп тұрады, бұл бір. Екіншіден, ел үшін өз қалтасынан ақша шығаратын әйел табылғанда мен енді еркек емеспін бе? Ештеңе керек емес. Тек бесбармаққа жақсылап бір тойғызсаң болды.

Терезеден директордың машинасының есігінің алдына тоқтағанын көріп Назым жүгіріп шықты.

– Отырыңыз машинаға, директор сізді алып кел деп жіберді, – дейді мұрнынан сөйлейтін жігіт машинасының отын өшірместен.

– Менің қазір қолым тимейді. Қайбір мені жақсылықпен шақырып жатыр дейсің.

– Қалайда алып кел деген, отырсаңызшы енді.

Директор Назымды қабағын түксите қарсы алды. Оң қолын столға сүйеп, төбелеске дайындалғандай шүйліге қалыпты.

– Сен өзің... менің кім екенімді ұмытып бара жатырсың-ау деймін. Сені біз ауылдан адам табылмағандықтан жұмысқа алған жоқпыз. Ізгілік жолдас жігіт болған соң, өз адамымыз ғой деп... Ал сен болсаң кердең-кердең етесің.

– Иә, Ізгілік ағайға ауылдық жерде жұмыс болса деген өзім ем. Бірақ мен жұмыс бабында жанымды қинаған адамның тепкісіне көне алмайтын жайым бар. Тезірек шаруаңызды айтыңыз, мені жұрт күтіп қалады.

– Бұл ауылда менен үлкен жұрт жоқ! Біздің үйдегі жеңгенді де қатты өкпелетіп алыпсың.

– Ол кісі маған не үшін өкпелі екен?!

– Біле тұрып сұрайсың! Алдымен дүкенге келген заттың тізімін жеңгеңе, қалғанын парторг, бухгалтердің әйелдеріне көрсету атам заманнан келе жатқан үрдіс.

– Үрдістің де алуан түрі болады екен-ау... Ендігі жерде ол үрдісті өзгертулеріңізге тура келеді. Маған ауданның қоймасынан қанша зат бөлінсе, сонша зат ашықтан-ашық сатылады. Бұрынғы әдеттен амал жоқ, бас тартуға тура келеді, жеңгейлерге де солай деп сәлем айтарсыз, әйтпесе...

– Немене әйтпесе?

– Әйтпесе мені де тыңдар құлақ табылып қалар!

– Айтқанды тыңда!

Назым отты көзін қадап, тістеніп тұр.

– Тыңдамасаң, амал жоқ, ауданнан тізімді өзіміз алып отыратын боламыз, жақсылықпен айтқанды ұғарсың, мен ескерттім, тыңдамасаң өз обалың өзіңе!

– Оны кезінде көрерміз! Менің жұмысымнан бір мін тапсаңыз бір жөн, ал басқалардың сөзі маған бір тиын. Құлдыққа көнетін адамыңыз мен емес!

– Құл деген сөзді қайдан шығардың? Өкіметтің орнағанына жарты ғасырдан артық уақыт өтті, ал сен...

– Енді өкіметтің ісіне қарсы шығуға өзіңіз итермелеп отырсыз ғой. Айтар шаруаңыз болмаса мен кеттім. Ертең машина бересіз бе, жоқ па, соны айтыңыз, қойшы ауыл мені күтіп отыр.

– Оны көрерміз... Ойлан, қарындас, ойлан, әйтпесе ерегіс жақсылыққа апармайды.

Назым есікті сарт еткізген күйі шыға жөнелді.

Абырой болғанда, Магомед дүкенге әлі жете қоймаған екен. Екі өкпесін қолына алып, үйінің қасына тоқтаған машинаның үстіндегі Магомедке:

– Жәрдем керек пе? – деді даусын көтеріп.

– Жо-жоқ, міне, мына жігіт екеумізден ауысатын шаруа жоқ.

Жер жүзінде жақсы адамдар көп қой. Мыңның арасынан бірді-екілі Төкен, ана директор сияқтылар шығып жатса... сол бірді-екеудің өзі талай адамның обалына қалар-ау.

Жауыннан кейінгі шақырайған күннің сәулесі түс болмай-ақ төбеңді теседі. Сөмкесінен аппақ жібек орамалды алып, қабағына түсіре тартып алды.

Клуб жақтан өзіне қол бұлғаған Масатыға, естімейтінін білсе де:

– Аманбысың? – деп қолын көтерді.

Масаты осы ауылдағы өзіне құдай силаған жақсы әйелдердің бірі. Клубта меңгеруші, – араққа үйірлеу күйеуі, екі ұл, бір қызы бар. Сыпайы ғана, үлкенді сыйлай білетін келіншек, жұртқа қадірлі. Кішкене ауылда кімнің кім екенін жұрт өзі-ақ елеп-екшеп береді. Келгеніне екі айдан асса да, үйлеріне бірінен соң бірі қонаққа шақырып, әзірше жалғызсыратпай жатыр. Қара басының біруақытта осындай сыйлы болатынынан үміттенбеген де еді ғой. «Е, Алла, берерің көп екен ғой... Назгүлімді бір өзіңе тапсырдым, – жалғызымды бәле-жәледен сақтай гөр. Қайда жүрсе де аман жүрсе екен! Жасаған ием қолдап, алыстан болса да бір рет көз қиығымды салсам-ау». Ойсыз өткен бес жылдың есесін енді алып жатқандай, сәл оңаша қалса, ұшы-қиыры жоқ ойдың шыңырау түбіне түседі де кетеді...

Ұзын бойлы, шатыраш көйлегінің жағасын кір басқан, аяғындағы бәтеңкесінің сірісі кеткен, бет әлпетін ерекше көзге ұрарлық әжім басқан жігіт Назымның жанына жақындап келіп, біраз үнсіз тұрып қалды. Назымның іші сезеді. Бұған керегі арақ. Үйден арақ сатылмайды, тек қана жұмыс кезінде беріледі дегенді Назым ішкіштерге мойындатқан сияқты еді. Бірде көрші әжесі:

– Қарағым, Назымжан, сен ол бәлелерді ерегістіре берме, бұрынғы дүкенші арақты күндіз демей, түн демей, қымбатына үйінен сатып оларды әдеттендірген, біреуі бір күні қастандық істеп жүрмесін, жалғыз екенінді олар біледі ғой, – деген.

Назым өзі адам өлтіргелі, ешкімнен сескенбейтін болған. Өлім де өзіне қорқынышты емес сияқты. Бірде мылтығын құшақтаған күйі қалғып-мүлгіп отыратын күзетші шалдың жанында біраз уақыт тұрып, қолындағы бір құшақ кілттерін сылдырлатып көріп еді, шал ояна қоймады. Содан Назым сықылықтап тұрып күлсін!

Өзер көзін ашқан шал Назымның бетіне аңырая қарап, құлағын қалқалап:

– Не дейсің? Жақынырақ келіп айтсаңшы! – деді.

– Ата-ау, мына түріңізбен ауылды түгелімен көшіріп жатса да, осылай ұйықтап отыра беретін сияқтысыз ғой.

– Е, Назымжан, құдай сақтасын!

Сол күннен бері Назым ол күзетшіден күдер үзіп, түнде бірнеше рет оянып, жан-жақты шолып келмей көңілі көншімейтін болды. Өзіне қырындаушы бозбалалар да, сақалдылар да табылып жатыр. Әрине, Назым

үшін еркек атаулының бәрі қырылып қалғандай. Жақсысы да, жаманы да бәрібір. Біреуі көңілін селт еткізбейді. Тіпті әйел екенін де ұмытып кеткендей.

Қазір де мына сүмірейген, қол-аяғы балғадай, арақтың құлы болып алған жігіттің бейшара түріне отты көзін түйрей тұрып:

– Неғып тұрсың, ақыры арақ керек болса, еңбегінді сіңіріп барып ішпеймісің, мен дүкеннен арақ бермеймін, ал ана кісілермен бірге тамақ ішетін болсаң, менің дастарханымнан да бірдеме табылып қалар, – деді.

Жігіт қутындап, дүкеннің төбесінен бір-ақ шықты. Төменнен Магомедтің ұсынған қапшығын жұлқи тартқан жігітке көз қиығын салған Назымның іші-бауыры елжіреп, жаны тебіреніп қоя берді. «Тым жақсы жігіттің мұндай күйге түсуіне не себеп?! Себепсіз адам баласы осылай азғындай ма? Әлде... мен сияқты бір сылқым түбіне жетті ме екен...»

Директордің машинасы дүкеннің алдына тоқтады да, директор басын шығарып:

– Ал, еш рұқсатсыз адамдарды жинап алыпсың... – Ақысын қалай келістіндер? – деді сұрлана, әзілдегендей болса да, даусында ашу бар.

– Ақысына қам жеменіз!

– Түсінікті...

Директордың бет аузындағы мысқыл мен жиреніштің ар жағында не жатқанын айтпай ұғынған Назым сырт айналды. «Сұрқия! Әйел бір жолмен ғана есептеседі деп бара жатыр-ау. Мейлі, сол пасықтың не ойлағанында не шаруам бар!»

Сәлден кейін-ақ Магомед:

– Назым, мінеки, енді күні-түні жауын құйса да ештемеден қорықпауыңа болады! – деп ыржиып тұр.

– Все! О, тамаша! – Әлгі жігіттің орысша, қазақшаны араластырып сөйлейтінін Назым байқап та қалған. Әрине, қазақшасынан орысшасы басым.

Назым беті-қолын жуып жатқан жігітке сүлгі ұсынып тұрып:

– Атың кім, жігітім? – деді.

– Жан! Қазақша Бекжан ғой. Достарым мені Жан деп кеткен.

– Енді бұл жерде сенің достарың жоқ қой. Қазақтың ауылында Бекжан болып, сосын қазақшаны тілінді бұраңдатпай жөндеп сөйлеуге тырыс.

– Тілім көнбейді... надо было с детства...

– Көндіру, көндірмеу өз қолыңда!

Бекжанның екі көзі дастарханның үстіндегі екі шөлмек арақта. Қаны кеуіп бара жатқандай, кеберсіген ернін жалай береді.

Үш жігіт тамақты тойғандарынша жеп, арақты да біраз сілтеп алысты. Бекжан сәлден кейін кереуеттің үстінде жатқан домбыраны қолына алып, ыңылдай бастады. – Оу, сен өзің домбырадан хабарың бар жан екенсің-ау.

– Жоқ, мен гитара ойнайтын ем. Барақтан барып алып келейін бе?

– Жарайды, тағы бір реті келер, менің шаруаларым бар еді, бүгін кешке бір үй шілдеханаға шақырып қойған.

– Шілдеханаға тек қана әйелдер баратыны қызық екен, – деген Бекжанның әжімі жазылып, өңіне шырай кірген түріне Назымның жанары біраз тоқтап қалды.

– Әрине... Ал енді жақсылап шай ішіндер, қаймақ құйған шай денсаулыққа жақсы.

– Магомед, сіздерде көп әйел алушыларға қалай қарайды? – деді Бекжан.

– Бізде көп әйел алушылар жоқ. Бірақ ер адамдарға еркіндік берілген. Мысалы, мен бір жаққа кешкісін жиналып жатсам, әйелім менен қайда барасың деп сұрай алмайды. Керісінше, – киімімнің дұрыс болуына, – қалтамда ақшамның молырақ болуына әйелім жауап береді. Біздің елде әйел қыдырса, ол үйден ырыс кетеді, еркек қыдырса, ауып бара жатқан ырыстың өзін қайтып әкеледі деген ұғым бар. Әйел адам ешуақытта ерінің көзіне шөп салмайды, ондай болған күнде ол әйел сол күні о дүниелік болады. Оған еш сотың да, отың да ара түсе алмайды.

– Вот здорово! Мен неге шешен болмадым екен!

Назым мұңая қалған Бекжанға көзінің астымен ұрлана қарады. «Сорлы бала-ай, сенің де басыңнан бір өмір өткен-ау».

– Осы ауылда көп жігіттермен сөйлесіп көрдім, – дейді Магомед. – Бәрінің айтатыны, айлықтарын тиынына шейін әйелдері қағып алатын көрінеді. Өмірі мейрамхананы көрмеген жігіттер де бар екен.

– Әрине, – деп бар әйел үшін Назым араға түсті. – Егер алатын айлығы жардымсыз болса, одан мейрамханаға не қалады?! Жаздыкүні тапа-тал түсте жұмыстан қайтса да, – ана салынып жатқан үйлер мен фермаларға барып, қол ұштарын берейін дейтін бір еркек жоқ. Сіздер ақша табу үшін қияннан келесіздер, олар да сіздер сияқты еңбек етсін, сосын барып әйелдеріне міндетсізін. Әйтпесе айлықты әйелдерінен аз тауып, тағы да еркекпін деп

көкіректерін

көтерулеріне жөн жоқ!

Назым сөйлей отырып, Бекжанға жәутеңдеп қарағыштай берді. «Аяушылықтың махаббаттан бір де бір кем емес екенін білмеуші ме ең» деп біреу құлағына сыбыр еткендей болды.

Назым шілдеханада отырып та бойында бір бекзаттық бар Бекжанды ұмыта алмады. Бұл елдің әйелдерінің арақ ішпейтіні Назымға ұнады. Айналасындағы адамдардың өзіне қатты әсер ететінін осы ауылға келгелі байқап жүрген. Өзі де басқа келіншектер сияқты анда-санда шампаннан бір ұрттап қояды. Есесіне өлең айту шарт. Назым оны алғашқы шілдеханаға барғанында байқап, қолынан өлеңдер жинағын тастамай жүріп, төрт-бес өлеңді жаттап та алған. Қазір сол өзінің қылтиып қыз болып келе жатқанында дүрілдеп аты шыққан композитор Шәмші Қалдаяқовтың әндерін асқақтата шырқап отырды да:

– Келіншектер Шәмшінің қай әндері де вальске келеді, – ал қанеки, біраз билеп, бойымызды жеңілдетіп алсақ қайтеді? – деп өзі орнынан тұрып кетті.

Аз уақыттың ішінде адалдығымен, мінезінің елгезектігімен елдің сыйына бөленіп үлгерген Назымның сөзін жерге тастағылары келмей, басқа келіншектер де ортаға шықты. Үй иесі осы ауылдың белді мұғалімдерінің бірі.

– Сылқым сұлулар, менің айтайын дегенім, енді мына балаға ат қоюымыз керек. Біз бүгін бір өзімізше жаңалық ашайық деп тұрмыз. Алдыңғы балалардың аттарын әжесі мен атасы қойған. Осы қызымның атын қоюыма мен үлкендерден рұқсат алдым. Мен арамызға енді қосылып жатқан, айдай сұлу, азамат Назымның құрметіне осы қызымның атын Назым қоймақшымын.

Келіншектер ду қол шапалақтады. Назымның көзінен парлап жас ақты. Неге жылайтынын жұрт қайдан білсін! Адам өлтіргенін білсе... Өзін үнемі қайрап жүретін, ішіндегі бір мығым дауыс басын көтере қалды «Бірақ ол адам ба еді?!».

– Көп рақмет! Көп рақмет! – дей берді. – Мен осы сіздердің сенімдеріңіз үшін, мына сәбидің мақтанышы болу үшін қалған өмірімде адал болуға, нағыз адам болуға тырысармын.

– Ойбай, сендей-ақ болсын әр адам!

– Тіпті директор мен партторгтың, бухгалтердің әйелдерін тәртіпке салып бергенің үшін біз саған өмірі қарыздармыз!

Назым күйеуін сұраушыларға «Өліп қалған» деген. Сонымен бұл ауылдың адамдары Назымды жесір деп мүсіркейді. Екі айдан бері бір еркекке емеурін танытпай жүрген, жүріс-тұрысы үлкен-кішіге ұнайтын Назымға кім болса да сеніммен, құрметпен қарайды.

Көңілі көтеріңкі Назым өзін шығарып салушы келіншектермен әзілі жарасып, салқын күздің таза түнінде, аспандағы жарқыраған жұлдыздарға басын шалқайта, құмарта қарап, сыңғырлап күліп те қояды. Өмірі бақытсыз болмағандай, бар бақыты алдында тұрғандай, көңілінде бір желпіністің қай уақытта пайда бола қалғанын да білмейді.

Алдарынан мылтық асынған күзетші шал шықты.

– Ата, халыңыз қалай? – деді Назым.

– Сенің үйде жоқ екеніңді біліп, мінеки, ұйықтамай жүрмін.

– Назымға күзетшіліктің де жартысын беріп қойған екенсіз ғой, ата. – Келіншектердің әзіліне қаудырап тұрған шалдың көңілі көтеріліп қалды.

Назым әдеттегісіндей беті-қолын жуу үшін ауыз үйге шыға бергенде, терезесінің алдынан біреудің өтіп бара жатқанын байқады.

Назым есіктің алдына жүгіріп барып:

– Бұл қайсың-әй? – деп айқай салды.

Ешкім көрінбейді. Тың тыңдады. Қайтып келіп, бетін жуып болып, тағы да құлағын тосты.

Енді ғана көзі ілініп кеткенде бірдеме гүрс ете қалды. Есіктің қайырылысында тұрған балтаны ұстап, ауыз үйге шықты. Тағы да тым-тырыс. Әйтеуір тегін еместігін жүрегі сезініп, мұнтаздай киініп, шам жақпаған күйі далаға шықты. Біреулер әрі қарай жүгіріп бара жатқан сияқты. Жалма-жан есікті ашты.

– Токтаңдар, кімсіңдер?

Сүттей аппақ айдың жарығы мол екен. Назым үйдің бұрылысынан шыға келген Бекжанды танып:

– Неғып жүрсің?! – деді таңданып. – Арқасына қарай қайырылған қолындағы балтаны сығымдай түсті.

– Назым! Назым! Сіз мені... мені бар ғой... сіз мені кешіріңізші... – Тілі күрмеліп, сөйлей алмай тұр.

– Иә, арақ керек қой, солай ма? Бар, тура қазір тап осы жерде қата қалсаң да арақ берілмейді. Басқаларға бермейтін арақты мен саған неге береді екенмін?

– Назым! Назым, жаным! ... Жігіттердің... бір... ішкісі келіп...

– Сендердің ішкілерің келмейтін күндерің бар ма? Әй, Бекжан-ай, түріңе қараса адам ажарыңа тоймайтын-ақ жігітсің, ал жүрісің мынау... Тұла бойың араққа, темекіге малып қойғандай, жаныңда тұрудың өзі мүмкін емес. – Назым сырт айналып, әдейі Бекжанның намысына тигісі келді. – Уақыт оздырмай бара бер, мен андай-мындай ойынды көтермеймін, қандай қайырымды болсам, сондай қатыгез де бола аламын. Бар, бар, енді мені мазалайтын болсаң жазанды аласың!

Бекжан мойны салбырап, екі иығын қиқаңдатқан күйі кете берді.

Назымның ұйқысы шайдай ашылды. Сорлы болған жаңағы жігітті ойлады... Аяғанын ойлады, оның да осының кебін кимесіне кім кепіл... Олай болған күнде Назгүлімнің жай-күйі қалай болар екен! Енесіне тарттырып кеткен қайғысы да аз емес. Енесіне өмір тілейді, ол тірі болса Назгүлін қанаттыға қақтырып, тұмсықтыға шоқытпайтынын біледі. Тағдырдың қайталанатыны шын болғаны ма? Не бетіммен іздеймін? Аздым ғой, аздым... Сәл есімді жинап, жан-жағыма қарап ойлануыма мұрша келтірді ме? Түнімен сауық-сайран, ертеңіне ұйқың қанбастан айналасын улатып, шулатып Төкен келеді, тағы да қымбат сыйлықтар, тағы да сол сыйлықтарды жуу... Көзімді шел оңдырмай басты. Хайдар кездеспесе, мүмкін осы уақытқа шейін дүния мен Төкеннің құлы болып жүре берер ме ем, кім білсін... Не десе де бар өмірімнің өзгеруіне Хайдар себепші болды, бала-шағасының қызығын көргір-ай... «Өз жолыңнан қатты адасып жүрсің-ау, жаным. Кез келген ақылсыз әйелдің қолынан келетін бұзық жолға қалайша түстің екен» деп, қайта-қайта күрсіне бергені өмірі есінен кетпес. Аяғаннан айырылған бойда ең болмаса Хайдар сияқты жігіт те кездеспегеніне өкінеді.

Назым бала күнінен бірге өскен Күміскүл досын да жиі ойлайды. Парықсыз от басында өскен досының болашағынан қорқады. Күміскүлдің де «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ» дегендей күйде екенін жақсы түсінсе де, өзінің бар бақытсыздығы досының қолымен жасалғанын да жүрегі сезсе де, мойындағысы келмейді. Назым өзінің айналасындағы адамдар қандай болса, соған теп-тез еліктейтінін біліп қалды. Өз ақылымен күн кешпегенін жол үстінде кездескен, өзіне жол сілтеп жіберген ардақты ағасы Бахтиярмен сөйлесіп отырғанда түсінген. Жазушы ағасының бір күннің ішінде барлық өткен өмірін мүлдем өзгертіп жібергеніне риза. Сөйтпесе жазушы бола ма? Адамды досына қарап таны дегендей, Бахтияр өзі қандай болса досы да сондай болып шықты. «Ал, өзінің досы Күміскүл ғана болыпты ғой. Өзінің де Аяғанмен бірге тұрғанда, жақсы адамдар қатарында болғанын бағаламапты.

Жақсы адамдардың бір бөлек, жаман адамдардың бір бөлек болатынын енді ғана түсінгендей. Жақсы адамдар өзіне сенді. «Енді солар үшін, қызымның бәле-жәледен аулақ болуы үшін, осы ауылдағы жақсы адамдар үшін, әрбір басқан қадамымды, аузымнан шыққан әрбір сөзімді аңдауым керек! Өмірі адам баласына сынап қарамаушы ем, енді күдікшіл болдым. Кім болса соған сырыңды айтпауды, қараниет адамдардан аулақ жүруді маған ешкім айтқан емес, өмірдің өзінен өткен үлкен сынақ жоқ екен-ау».

Назым енді директордың алдына бармауға тырысып, қойлы ауылға бару үшін көлік іздеді. Көлік табыла қоймады. Ауылдан екі шақырымдай жерде шұбырып өтіп жататын машиналардың бірімен келіспесе, басқа амал қалмады.

Анадайдан келе жатқан бортты машинаның алдында бір кемпір отырғанын көріп, қолын көтерді.

«Тақа болмаса үстіне-ақ отырармын».

– Айналайын, қойшыларға апаратын заттарым бар еді, мен осы ауылдың дүкеншісімін, мына ауылға бұрылсаң, сол заттарымды алып, сосын қой ауылына жолдан түсіріп кетсең болды.

– Ой... мына ауыл, одан кейін ана ауыл дейсіз... – деп қинала сөйлеген шашы желпілдеген шофер бала әзер көнді.

Назым қуанғанынан бортты машинаның үстіне қарғып мінді.

Аппақ жібек орамалмен басын шанди байлап алған Назымның ақшыл түсті жеңіл шалбары сыптай денесіне өте жарасып тұр. Осыдан үш-төрт ай бұрын ғана сояудай тырнақтарын күн сайын бояп, бетін сүтпен ғана жуып, қасы-көзін сүрмелеп отыратын сылқымның бүгінде жұрнағы да қалмаған.

Дүкеннің жанында айналасына жалтақтап қарап тұрған Бекжанды анадайдан көрісімен Назымның жүрегі тағы сыздады. «Әй, бейшара болған сорлы-ай, мұны қайтсем екен!»

– Бекжан, бері кел, – деп айқайлады дүкеннің сырт жағынан тоқтаған машинадан секіріп түскен Назым. – Кел бері, жәрдемдесіп жіберші.

Оның негізгі шаруасының не екенін білсе де, өзі сұрамаса үндемегенді жөн көрді.

Бекжан бес қапшық ұнды, бірнеше жәшікті машинаның үстіне жайғастырып:

– Назым, мені де ала кетші, – дегені.

– Сен қойшы ауылда не істемексің?

– Жай... Бүгін тағы да жұмыс болмайтын сияқты.

– Жүре ғой, мұның да ақыл шығар, біраз қазақыланып қайтасың, – деп тіпті Назым шынымен қуанып қалды.

Назым байқап келеді, қарсы алдында машинаның бортынан басын төмен салбыратып, темекі шегіп отырған Бекжанның көйлегі бүгін тап-таза. Шалбарына да қыр түсіп қалыпты. Тек аяғындағы бәтеңкесі келіспей тұр.

– Бекжан, ертең мен саған қарызға бәтеңке берейін, айлығыңды алған соң құтыларсың, бірақ есінде болсын, маған қарыздар адамдардың тізіміне тіркелесің. Келістік қой.

Бекжан құптағанын түрінен байқатып, жымыып күлді. Өзінің бүгін Назымнан арақ сұрамағанына іштей қуанып келе жатса да, бірдеме жетіспей, әдеттегідей өзінің бар есі-дертін жаулап алған сол әзәзіл арақты бір сіміргенше жағдайы да жөнделер емес. Бірақ, әйтеуір бір жәшік арақтан аузына бірдеме тиетініне күмәні жоқ, көңіліне сол ғана медеу.

Бекжан он сегіз жасында өз машинасымен келе жатып, бір бұрылыста жасы келіп қалған шалды байқамай басып кетіп, бірнеше жыл түрмеде отырып қайтқан. Өзі түрмеде отырғанда жалғыз баласының қайғысына төтеп бере алмаған шешесі жүрек ауруынан қайтыс болды. Шешесінің өліміне өзінің кінәлі екенін ұққан сайын жанын қоярға жер таппайды. Еш жерге жұмысқа тұра алмады. Жұмыс атаулының бәріне бейімі де шамалы еді. Шешесінен қалған бар дүнианы өткеніне сатып, күні-түні ішті. Бір жас қызға үйленген еді, ол арада үш-төрт ай өтпей-ақ қырын қарай бастады. Ақыры бір күні «Сен екеуіміз екі түрлі адамдар екенбіз» деп тайып отырды. Бекжан жалынбады да, артынан іздеп те бармады. Құлағының тыныштығына қуанды. Шешесінің тәркіндерінің осы ауылда екенін білетін. Бір досына пәтерін тастап, нағашыларын сағалап келгеніне де үш-төрт жыл болған. Маңдай алды қойшы нағашысына да арағы ұнамады, ақырында шешендермен танысып, барақта тұрып жатыр. Ал әйел атаулыға ақшаны мол табатын еркек қана қажет екенін өзінің жас әйелі өзіне әбден ұғындырып кеткен. Өзінің тапқаны арағынан ауыспайды.

– Қойшы шал менің шешемнің туған ағасы, – деді келбетті өңіне күлкі үйірілген Бекжан.

– Не дейді?! Сенейін бе, сенбейін бе? Сен де мен сияқты жетімдер үйінде тәрбиеленген біреу шығар деп үйірсектеп жүрсем, менен сен жақсы болып шықтың ғой.

– Мамам көзі тірісінде ауырып қаласың деп ауылға жібермейтін, сондықтан да қазақшаға шорқақпын, оның үстіне бес жыл түрмеде отырғанымда ол жерде қазақша сөйлесетін жан болмады.

– Түрмесі несі?! – Назым кедір-бұдыр жолда қисалаңдап келе жатқан машинадан құлап кете жаздады.

Бекжан жай ғана Назымның иығынан сүйеді.

– Балалық қой. Онжылдықты бітірген күні балалармен ішіп алып, менің машинамен зырылдатып келе жатып, бір қарт адамды басып кеттім. Ол кісі сол жерде қайтыс болды. Тап сол түннен бастап бақытсыздығым басталыпты.

Назымның көз алдынан Аяғанның қанталаған көзі, Төкеннің тұра қашып бара жатқаны, бәрі-бәрі зу етіп өте шықты. Өзінің де бар бақытсыздығы сол күні басталыпты-ау.

Назым бетінен бейкүнә балалықтың ізі кетпеген жігіттің өзіне тағы да бір адым жақындай түскенін іштей сезіп отыр.

– Енді бұл не жүрісің? Басынан қайғы өткен жалғыз сен емес! Осы қойлы ауылда жас қыздар көп екенін байқағанмын. Біреуіне осы барғанда-ақ құда түссек қайтеді, ә? – Назым өз ойына өзі қуанып, күлім қақты.

Онжылдықтан кейін қойшы ауылға барып екі жыл жұмыс істеу мектепті бітірген әр түлектің міндеті. Онсыз ешкім аттестат ала алмайды. Жұрттың бәріне бірдей қатаң талапты бұзып, баласын мектепті бітірісімен Мәскеуге оқуға жібергені үшін бір бастықтың партия қатарынан шығарылғанын Назым бір жерден естіген. Қойшы ауылда сол міндеттерін атқарып жүрген ұл-қыздарды білетін Назым қыздарға шетелдің көйлектерін алып келе жатқанына қуанып келеді.

Үйлену туралы сөзді естігісі келмейтін Бекжанның мойны салбырап, құты қашты.

– Керегі жоқ! Мен өмірі үйленбеймін!

– Неге?! Себебі бар ма?!

– Өзімді асырай алмай жүріп... қазіргі әйелдер көп ақша табатын күйеу болмаса, қолжаулық етіп алатынына менің көзім жеткен.

Біраз үнсіздіктен кейін Назым:

– Арақ деген эзәзілден құтылсаң, екі қолыңа бір күрек іздесең, ақша да, бәрі де болады! – деді.

– Айтуға оңай... айтуға ғана оңай... – Бекжан басын төмен тұқыртып, басын шайқады.

Машина көрінгеннен киіз үйлерден жүгіріп шыққан бала-шаға:

– Дүкенші апай келе жатыр, дүкенші апай келді, шүйінші, дүкенші апай келді, – деп, машинаның доңғалағының астына түсердей, бірін-бірі итермелеп, азан-қазан.

Қойшы ауыл әлі қыстаққа көше қоймаған. Бұл ауылдың балалары күз түссе де, аяқтарына аяқ киім кие қоймайды. Өкшелері күс-күс болып, омыраулары ашық көйлектерінің етегі де желбегей күйінде, беттері нарғтай.

– Маған машина әкелемін деп едіңіз ғой?

– Қуыршақ бар ма?

– Тізімде не жазылса соның бәрін әкелдім, тек сәл шыдаңыздар.

– Ой, айналайын, Назымжан, бала-шағанның қызығын көргір-ай...

– Бұрын қашан біреуіміз жылап бармайынша дүкенші атаулы ат ізін салмайтын, дені дұрыс зат бастықтардың әйелдерінен ауыспайтын.

Ақ жаулықтарын қақайта тартқан кемпірлердің алғыстарына Назым да маз бола жүріп, көзді ашып-жұмғанша машинаның үстіндегі заттарын сатуға ыңғайлана

бастады да, шофер балаға:

– Мүмкін, шай ішіп жүрерсіздер, – деп еді, қастарына жақындаған қойшы атасы атының басын тежеді:

– Қазір қой соямын, ең болмаса қуырдақ жеп аттанарсыздар.

– Жоқ, ата, асығыс ек, мен кешкісін қайтадан қайтамын ғой. Назым апай, кешкісін дайын отырыңыз, – деді шофер.

Қойшы шал сақалын сипап, шофер балаға ежірейе қарады.

– Солай ма, е, онда жөн екен. Сен келгенше қой да сойылады, қуырдақ та дайын болады, ал, жолың болсын!

Қойшы шал жиенін байқаса да, оған бұрылмай тұрған. Машинаның қарасы көрінбей кеткен соң барып, анадай жерде үрпиіп тұрған Бекжанды қасына шақырды.

– Ассалаумағалейкүм, отағасы! – деп кекетті. – Ау, сені қай құдай айдап келді, әлде адам болайын дедің бе?!

– Ата, Бекжанды мен ертіп келдім. Өзі де келгісі келді.

– Ойпырмай, мынауың, Назымжан, үлкен жаңалық екен. Осынымды қазақ жасап берсең бар ғой, қарағым, мал-жанның бәрі сенікі.

Бекжан желкесін қасып, қипақтап, абыржыды да қалды.

– Ата, одан да осы жігітті жаныңызға алмайсыз ба? – дейді Назым бір әйелге кәмпит өлшеп беріп жатып.

– Міне, өзі тұр, шешесі марқұмға осыны ауылға жіберіп тұр, қазақша үйренсін деп зарлағанмын. Топырағы торқа болғыр қарындасым-ай...

– Әй, бізге де қалсын да. Назымжан, шамалап бермесен, бізге жетпей қалар, – деп шуылдасқан әйелдердің әзілдері де жарасып-ақ тұр.

– Ал енді, – деді Назым әкелгендердің бәрін үлестіріп болған соң. – Енді кімге не қажет екенін мен шай ішіп болғанша өткендегідей тізіп жасап әкеліп беріңіздер.

Назым киіз үйдің қабырғасына ілінген үкілі домбыраны өткенде келгенде байқаған, бірақ тым асығыс болып, бұл домбыраның иесінің кім екенін сұрап үлгермеген. Төрге жақын отырған Бекжанның жанына тізесін бүккен Назым:

– Ата, мына домбыраны кім тартады? – деді.

– Е, домбыра ма? – Шал жауаптан қашқақтайтын сияқты. Шүберек дастархан жайып жатқан кемпіріне қарағыштады.

– Гүлзия дейтін бір қызымыз бар еді, әлгі жастар бригадасында істейтін. – Кемпір қатты күрсініп алды. – Ой, айналып кетейін-ай, саусақтары майысып, көзі қиылып, домбырада ойнап отырғанда әуесің келетін. Енді домбырасының қаңсып тұрғаны анау.

– Не болды оған?

– Е... Не болушы еді... Он байталдың соңына жиырма бес айғыр түскен соң қоя ма?

Ашуға булығып отырған шалының тізесін нұқып қалған кемпір бетін шымшып, күңк етті:

– Ой, көксоққан, балалардан да ұялмайсың, әй, қойшы әрі, осы бір қыңыр тілінді қысқарта алмай-ақ осы дүниядан өтерсің-ау.

– Бейшара бала жүкті болып қалып... енді елдің бетіне қарар жайы жоқ, әке-шешесі «Бізді масқара еттің, қараңды батыр» деп үйіне кіргізбей қойған соң, көрші колхозда бір әпкесі тұрады екен, соны паналап жүрген сияқты.

– Әлгі... иә... әлгі Гүлзияның елден безуіне себепші болған жігіт қайда?

– Осы күнгі балаларды түсінбеймін... Бәрі бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, ол қыздың қойнында бәріміз де бір күннен түнеп шыққанбыз деп тұрып алысты. Бірақ, қыздың айтуынша, бір жылмақай бар еді, әкесі тракторист, талай рет өзіңнен барып арақ алған шығар. Аты Қоңқабай.

Баланың өзі бүгінде әскерге кетті. Гүлзияш мына домбырасын да алып кетпеді.

– Ой, ол бейшараның домбыраны ойлауға мұршасы келіп жүр деймісің, – деп кемпір тағы бір күрсінді де, қабағын керіп, қызыл күрең шайды баптап құя бастады.

– Ондай скотты өлтіріп тастау керек қой! – Бекжанның мына сөзі Назымға ұнап :

– Ата, бәріңіз жабылып отырып басына күн түскен шикі өкпе қызды қаңғытып жібергендеріңіз қалай? – деді.

– Ойбай-ау, шешесі деген осы ауылға белгілі көкбет емес пе, сосын күнде келіп, отымыздың басын тепкілеп зікірін салар да отырар.

– Маған бермес пе екен? Баласын мен-ақ асырап алар ем.

– Бергенде қандай! Бірақ тағы шешесінен басың бәлеге қалады ғой. Солар ақыры жалғыз қыздарының түбіне жетпесе болғаны.

– Мен олардан да күштілерді көріп алғанмын, тек маған ол қызды қалай табу керегін айтыңызшы, мүмкін кейін жігіт те ойланар, маған адамның зияны жоқ, менің отбасымда бір сәби дүниеге келсе жаман ба?

– Назым! – Бекжан бар айтарын көзінен ұқтырып, өзінше сақтандырғандай болады.

Бір табақ қуырдақты көтере кірген жігітке қараған жұрт қолдарын жуу үшін орындарынан тұрды.

Бекжанның көзі тамақта емес, ана дастарханның шетінде мөлдіреп тұрған көк шыныда.

– Мә, сен мұны ашуға келгенде, жиенжан, алдына жан салмайсың ғой, мә, аша ғой. Мен де сенің арқанда бір қағып жіберейін.

Назымның қойлы ауылдан келгеніне үш-төрт күн өтіп кетсе де Гүлзияны ұмыта алар емес. Баладан да құтылар, ал әрі қарай өзі сияқты бір шерменде өмірге тап болмасына кім кепіл!

Кеше Назым көрші жырау шалға кәмпит, үнді шайын апарып беріп, біраз әнін тыңдап қайтқан. Аталы сөздің әрбірі жүрегіңе оқтай қадалады. «Баладан безген анадан қорқамын» деген атасының зары да өзіне маза берер емес. Қолы істе жүрсе де, ойша барып қайтпайтын жері жоқ... Кішкене ғана ауыл болса да, дүкеннің іші адамнан арылмайды. Біреу келеді, біреу кетеді,

үнемі сапырылыс. Жолдың үсті болғандықтан, қаладан әкелген арағы да, тамағы да шыдамайды. Екі күн бойы толастамай жауған жауынға да енді бәлендей көңіл аудармайды, дүкеннің төбесінен бір де бір тамшы тамбайтын болған. Сабазың Магомед адам екен! Алғаны адал ғой!

Бекжан дүкеннің жабылатын уақытында қалқып келеді де тұрады. Өзінше әзілдеп, Назымға қырындайтын да сияқты. Онысын Назым елең етпейді. Бүгін келсе, Назымның оған айтар өз ақылы бар. Бекжан күндегідей дәл уақытында жетіп келді.

– Бекжан! – деді Назым дүкендегі адамдардың аяғы сейілгенде. – Сен екеуміз Гүлзияға барып қайтсек қайтеді?

– Гүлзия деген кім?

– Шынымен ұмытып қалдың ба? Анада барғанымызда нағашың айтқан қыз ше? Бала күтіп отырған...

– Ол қызға менің қандай қатысым бар?!

– Қатысың болмаса болады! – Назым шошына қараған жігітке құпия қарап, құпия жымиды.

– Ты что?! Меня женить собираешься?!

– Ол да мүмкін. Нағашың айтты ғой, өзі сұлу дейді. Қиыншылықтың не екенін өзің де басыңнан өткіздің ғой.

– Бір Ханума табыла кеткенін қара! Біреуге әйел, біреуге күйеу тауып беру кәсібің бе?!

– Менің кәсібімнің ең үлкені кімнің мына өмірден тауы шағылып жүрсе, соның жанында болу.

Көз алдында мұрнын көтере қалған Бекжанға енді өкпелей сөйледі.

– Ойбуй, тіпті әлдеқандай болып қалдың ғой, жарайды, онда мені апарып қайтшы. Жалғыз өзім жүргеннен, жанымда маңдайың жарқырап сен жүрсең, ешкім ештеме ойламас!

– Маған шынымен жаның ашитын болса, өзің маған күйеуге шық! – Бекжанның оп-оңай айта салған мына сөзіне енді Назым ішек-сілесі қата күлді.

– Әй, шырағым, мені не, апа етпекпісің?!

– Ой, ой, үш-ақ жас үлкен екенсің, несі бар, маған енді түнде қойнымда жататын, күндіз ақыл айтатын әйел болмаса адам қатарына қосыла алмаймын. Оның үстіне сен маған күн санап ұнап бара жатырсың. Нағашым мені саған әдейі тапсырды ғой. Сені олар да өте жақсы көреді. Тек осы бастан айтып қояйын, үш ұл, үш қыз туып бересің.

– Қара сен мұны! Әуелі сен өзің балалықпен қоштасып ал, жігітім. Сен менің ақылымды алып тұрған жоқсың ғой.

– Қандай ақыл айтып ең?! Ә, ана екіқабат қызға бару жөнінде ме?

– Оның аты Гүлзия! Әуелі сол Гүлзияның басына төніп тұрған ауырлықты бөлісуге көмектесейік.

– Маған күйеуге шығатын болсаң ғана барамын!

– Сен сияқты арақтан аузы кеппейтін күйеуді мен балшықтан-ақ жасап аламын, білдің бе? – Назым басы төмен салбырай қалған Бекжанның қобыраған шашын жұлқылап, сөзінің аяғын әзілге айналдырғандай болды.

Гүлзияны табу Назым мен Бекжанға қиынға түспеді. Есікті өзі ашқан Гүлзия:

– Төрлетіңіз, тәтем мен жездем жұмыста, қазір келіп қалар, – деді де, сандықтың үстінде жиналып тұрған ұзынша көрпенің бірін алып, төрге жайды.

Қасы-көзі жәудіреген Гүлзияның аппақ қудай бетіндегі қолмен соғылғандай мінсіз мұрыны, топ-томпақ еріні, бойы, желкесіне әсемдеп түйіп қойған бұрымы, бәрі-бәрі Назымға қатты ұнады.

– Гүлзияш, мен өзінді әдейі іздеп келдім, барлық жағдаймен толық қанықпын. Менің де басымнан талай өмір өтті.

– Апай, ақыры маған жақсылық жасағыңыз келсе, адам баласының құлағы естімейтін бір жерге кетуіме жәрдем беріңізші.

Көзінен аққан жасты сүртпестен, екі иығы селкілдеп барып, ышқына өксіп қалды. Назымға таныс өксік!

Бекжан ішке кіруден бас тартып, аулада темекісін бұрқыратып тұр.

– Қойшы ауылда, киіз үйдің қабырғасында сағасынан жас сорғалағандай болып тұрған домбыраңды көрдім. Әңгіме сол домбырадан басталды. Мен де өмірдің ащысын бір емес, бірнеше рет тартқан жанмын. Өзім жетімдер үйінде өстім. Қолында білімнің де жоқ, қайда барасың? Қазір ең басты сенің міндетің, сәбиіңді аман-есен мына дүниеге әкелу. Қисаң, маған берерсің, қимасаң әкесі әскерден келгенше бағып береміз. Менің ешкімім жоқ, маған сіңлі боларсың.

– Жездем де мазасыз адам, мені бетіне басып, тәтемнің миын жейді де отырады. Өлейін десем өле амадым... Өлігін көрсетпейтін жақсы ит құрлы да бола алмадым.

– Менімен бірге кеткің келе ме?

– Білмеймін... Ауылға барсам әкем мені де, шешемді де өлтіреді.

– Ешкімді ешкім өлтірмейді, әлі ертең-ақ жиендерін көрген соң бәрін ұмытып кетеді. Оларды да түсіну керек. Ауылдағы адамдардың ұғымын білесің ғой. Өтірік те болса елдің көзіне тап-таза көрініп жүрсең бопты... Ал, болашақта қызының тағдырының не болатындарын ойлауға саналары жетпейді. Сондықтан, не де болса шыдаймыз, ойлан! Дүкеннің бір бұрышын өзіме бөлме жасап алғанмын, қысылып-қымтырылып күн көрерміз. Тәтең бар жағдайды түсіндіріп айт та, мына жолда қатынап жатқан машиналардың бірімен дүкенге келе бер. Мен әр уақыт сол жердемін. Тек тәтең келісімін беретін болсын.

– Тәтем менің кеткеніме қуанбаса ренжімейді.

– Олай болса тіпті жақсы!

Назым мен Бекжан жолдан машина ұстап, үйлеріне жеткенше түн ортасы болды. Алдымен ішке кіре берген Назым сүрініп кеткенде Бекжан құшақтай алып, енді Назымды жіберер емес.

– Жаным, мен үшін бәрі бітті ғой деп жүруші ем, шын айтамын, тіпті қазір бұрынғыдай көзімді аша сала арақты ойламайтын болдым. Сен маған күйеуге шықпасаң, мен бұл жерден басымның ауған жағына кетемін, менің бұл әзілім емес!

«Жер жүзінде өтірік айтпайтын бір еркек болса, ол еркек Бекжан болар» дегенді өзі де жиі ойлап қоятын. Өзін жерден көтеріп алған жігіттің мойнына қолын асып, тұла бойын жайлаған бір рахат сезімге бөленіп, көзін жұмды...

Назым қойнында балаша бұйығып жатқан жігітке қарап қояды. «Тым жақсы-ақ жігіт. Өмірдің ащысы мен тәттісін басынан өткізіп үлгерген екен. Маған байлық керек пе? Көктем шығысымен ең әдемі жерге үй салсақ. Айналасына көкпеңбек талдар, гүлдер ексек. Артық зат жинамаймын, байлығы күрсын, тапқан-таянғанымызды балаларымның білім алуына жұмсаймыз». Осыдан төрт-бес ай бұрын біреу өзіне келіп, «Бар өмірің өзгереді» десе сенбес еді-ау...

Өткенде Ізгілік ағасы қонақтарды шығарып салып келген соң, шампанға әбден тойып алған Назым:

– Сіздер мені білмейсіздер ғой, – деп Ізгіліктің әйелінің мойнына асылып, әбден жылаған.

Абырой болғанда Мағиращ өзін ұйықтатып тастапты. Ертеңіне Мағиращ:

– Назым, жүрегінде бір қайғың бар сияқты, егіле берме, басың жас... бұдан былай Ізгіліктің көзінше байқап іш, ол жалпы, әйел адамның ішімдік ішкенін ұнатпайды, – деді.

Сол күні Назым өмірі бір де бір ішімдікті аузына алмайтындай болып, өзіне-өзі серт берген. Біріншіден, ішіп алса ішіндегі өзін жегі құрттай жеп жүретін сырын сыртқа шығарғысы келетінін байқаған. Содан қорықты. Екіншіден, Мағираш пен Ізгілік сияқты жақсы адамдардан айырылғысы келмеді. Арақ бойын алып үлгермеген екен, сол күннен бастап арақ атаулыға жоламайтын болды.

Одан бері талай тойда, талай жиында болды, тіпті еш қиналмайды, тамақ пен шайды рахаттана ішіп, армансыз биін билеп, өлеңін айтып, абыроймен үйіне қайтады.

«Жақсы адамдар көп қой, көп... Әйтпесе мынау тылсым дүния не болар еді. Жақсы адамдар көп... Үй салып, сосын Бахтияр ағаны, Ізгілік ағаны бала-шағаларымен қонаққа шақырсам... Өздері сенген адамдарының отбасын көру оларға да қажет шығар-ау. Жазушылар халықтың адамдары, талай адамды түзу жолға салып жібереді, солардың бәрінің үйіне қонаққа бара берсе... жоқ, сонда да мен шақырамын!».

Назым өзінің бір түнде ішкі жан-дүниесінің мүлдем өзгеріп қалғанын байқады. «Жалғыздықтың тек бір Аллаға ғана жарасатыны рас екен. Күйеуім мен қызымнан айырылып, зар еңіреп қалғанымда екі-үш айға шейін көзіме көрінбесе де, менің көңілімді аулап, ақша мен асыл бұйымдарды Күміскүлден беріп жіберіп, телефонмен ғана айналып, толғанатын Төкенді ақыры бір күні өзім шақырып алған жоқ па ем! Жалғыз тұратын жас әйелдің азғындамауы үшін ол әйелдің айналасын қоршайтын адамдардың тазалығы ауадай қажет екенін мен сонда білсемші».

Назымның есіне Гүлзия түсісімен басын көтеріп алып, апыл-ғұпыл киіне бастады. Көзін еріне ашқан Бекжан:

– Әлі ерте ғой, жата тұршы, – деп қолын созды.

– Жоқ, Бекжан, тұршы. Менімше бүгін Гүлзия келеді. Сосын бар ғой, ол көп ұзамай босанып та қалар.

– Охо! Ол келсе мен қайда кетемін?!

– Қайда кетуші ең... Біріншіден, мен саған күйеуге шығамын деп уәде берген жоқпын. Екіншіден, былай істейік, мына бөлмені көріп жатырсың ғой, даладай, тұр енді, бір кереует пен баланың қоларбасы сиятындай етіп

бөлмені екіге бөлейік. Сонда Гүлзия баласы екеуі өздерімен өздері болады. Сен екеуімізге қалғаны да жетеді, неміз сыймай бара жатыр.

- Гүлзияның әке-шешесі келіп тас-талқаныңды шығарса қайтесің?
- Менің де оларға айтар сөзім дайын.

Енді жатса тұрса Назымның ойынан Гүлзия кетпейтін болды. Ойына алғанын тындырмай қоймайтын әдеті жоқ сияқты еді, кейде іштей өзіне өзі таң қалады. Бекжан екеуінің арасында сүю, күй жоқ. Бекжан өзіне тапсырылған жұмыстан бас тартпайды. Бүгін де Бекжанға талай шаруасын тапсырып, өзі қаладан зат әкелуге кеткен.

Анадайдан көріп келеді, Магомед пен Бекжан өздері салып жатқан үйдің жанында темекі тартып тұр. Машинадан қарғып түскен Назым жанына жүгіріп келген Бекжанның сасқалақтаған түріне қарап:

– Жайшылық па? – деді.

– Гүлзия келді, келе сала үйдің ішін жинастырып, енді тамақ пісіріп жатыр.

– Көрдің бе, айттым ғой... келетінін білдім ғой.

– Магомед, ішке кіріңіз, қонағымыздың келу құрметін атап өтейік.

Оттың басында күйбендеген Гүлзияны көрісімен, Назымның езуіне күлкі үйірілді.

– Үйдің іші тәртіпке келіп қалыпты ғой. Аманбысың, айналайын. – Назым кірпігін төмен түсіріп, аппақ өңі қызара қалған Гүлзияның маңдайынан сүйді. – Жарайды, шайыңды қамдай бер, ал біз ана әкелген заттарды дүкенге кіргізіп алайық.

Бірнеше күннен кейін түн ортасында Гүлзияның ыңырсыған даусынан шошып оянды:

– Бекжан, тұр деймін, тұр-деуге ғана шамасы келіп, орамалын жүре тартып, Гүлзияның жанына келді.

Гүлзия аласұрып жатыр.

– Бекжан, тұр деймін, тұрдың ба? Тез дәрігер шақыр, дәрігер келіншекті шақыр.

Дөңгелек жүзді, алтын тістері жарқыраған дәрігер келіншек теп-тез келді де:

– Қазір... қазір... Қорықпа, қазір... – деп, Гүлзияның тершіген маңдайын қолындағы түкті орамалмен сүртті.

Гүлзия ернін тістелеп, сырт айналды. Назымның түсінің қатқылдана қалғанынан бірдемені ұққандай болған дәрігер көзін жыпылықтатып:

– Қалаға апармасақ болмайды. Бір рет маған келіп көрінген жоқ, кім біліпті... бұл жерде мен ештеме істей алмаймын, таң атқанша қалдыруға болмайды, көлік іздеу керек, – деді.

Назым орнынан атып тұрды.

– Қазір, қазір... амал жоқ, әлгі директорға барамын енді... Бекжан, сен Гүлзияның жанында бола тұр.

Қақпаны ашқан директордың әйелі, түн ортасында мазасын алып тұрған Назымды көргеннен кірпіше жиырылды.

– Тыныштық па, бұл не... түн ортасында...

– Машина керек болып қалып... қалаға бір ауруды тез жеткізбесек жағдайы өте қиын болып тұр.

Гүлзияның жағдайын жария етсе, бәрі бүлінетінін білгендіктен Назым амалсыздан өтірік айтты.

– Ол кім?

– Менің сіңлім, қаладан келіп еді, енді аяқ астынан тыпырлады да қалды, соқырішек пе деп қорқып тұрмын.

– Машина сынып қалған!

– Бастықтың өзі қайда екен?

Директордың келіншегінің беті талаурап, жылан көзі жылтылдай қалды, ұйқысы шайдай ашылып кеткендей.

– Ә, директорға күнің түседі екен ғой.

– Мен директордың меншікті машинасын сұрап тұрған жоқпын!

Назым қолын бір сермеп, тұра жүгірді. «Осындай иттерге күнімді салып қойғанын-ай...»

Таң да ағарып атып қалыпты. Жылап келе жатқанында алыс жолда келе жатқан машинаның оты көрінді. Машинаны тосып тұруға шамасы келмей, қарсы жүгірді. Шофері орта жастағы орыс екен, бар жағдайды айтып, тызылдап тұрған Назымға:

– Өзі тірі ме, неге сонша жылайсың? – деген шофер Назымның бетіне үрейлене қарады.

– Тірі болатын, толғақ қой, мен үйден шыққалы да жарты сағаттан асып кетті, тірі болатын.

Машинаға шофер мен Бекжанның көмегімен әзер отырған Гүлзияның анда-санда жан даусы шығып кетеді. Осындайда қаланың өздеріне алыс болмағанына іштей Назым шүкіршілік етіп, Аллаға сыйынып келеді.

Әйелдер босанатын аурухананың ішінен жүгіре шыққан екі әйел, Гүлзияны ішке алып кірісімен, столға жатқызып қойып, дәрігер келіншекті шақырып келді. Ұзын бойлы, аппақ халаты өзіне жараса қалған, өңі шаршаулы қараторы келіншек:

– Бала күнінде сары аурумен ауырған жоқ па ең? – деді.

– Ауырғанмын, ауырғанмын, бала күнімде, әлі есімде.

Гүлзияның әлсіз дауысында бір қорқыныш бар. Назымның тіпті есі кетті. «Шыда, жаным, шыда» дей береді. Дәрігер келіншек Назымды сыртқа шығарып жіберді.

Назым ауладағы үлкен бір терекке сүйеніп тұрып «Әр жерде жасырынып жүріп, уайымнан сарғайған сорлыға Алла тағалам кеңшілігінді бере гөр» деді күбірлеп.

Гүлзия дәрігерлердің көмегімен баласын аман-есен туды да, сәбиіне бір рет те көз қиығын салмаған күйі қайтыс болды. Назымның маңдай тұсынан бір жетінің ішінде бір топ шашы ағарып кетті. Гүлзияның қазасына Назым өзі кінәлі сияқты, сары уайымнан арыла алмай, сылынып жүдеді. Даладан қаңғып келген біреудің Гүлзияның өліміне соншалықты егілгені де, емшегінен сүт шығып кеткені де осы ауылдағы өсекші әйелдердің жемі болып жатты. Назымның ешкімнің сөзін тыңдауға шамасы жоқ...

Бетінде бір жұмсақтық пайда болғанын байқаған Бекжан баланы емізіп отырған Назымға бірде:

– Сен өзің күн өткен сайын сұлуланып барасың, осы отырысында тура суреттегі Мадонна сияқтысың, – деді.

– Сен білсең ғой... баланы емізудің кереметін... алпыс екі тамырың ииді ғой...

– Алпыс екі тамыр деген не?!

– Әй, шалақазағым-ай... – деп күлген де қойған.

Гүлзияның әке-шешесі қайғыдан орындарынан тұра алмай қалды. Іштен шыққан баладан гөрі тайыз адамдардың өсегімен көбірек санасатын ескі ұғымдағы Гүлзияның әкесі мен шешесінің қызын тіпті дауыстарын шығарып жоқтай алмағандарын біреу түсінсе, біреу түсінбеді.

Гүлзия бірде кешкісін төсегінде отырып, жанына қисайып жатқан Назымға:

– Жездем мас болып келіп, тәтемнің басын жарып қойды, сосын маған тиісіп «Сен үшін мен ешкімнің бетіне қарай алмайтын болдым» деп мені жерге жығып, ішімнен тепті, – деп жылаған.

Гүлзияны жерлегеннен кейін ертеңінде қисық көз, мұрны делдиген, масаңдау жігіт дүкенге кіріп келді де:

– Сен менің балдызымды әдейі өлтірдің, мен сені сотқа беремін! – деді сұқ саусағын шошайтып.

– Тек жақындап көр, сотқа сен емес мына сені мен беремін, екіқабат әйелді ішінен теуіп өлтірген сен! – деп еді, дүкенде сауда жасап жатқан екі әйелге осықарая қарап, далаға зыта жөнелді.

Дүкенді уақытында ашып, сауда жасауды Назым сол күйінше ұстап келеді. Масаты екеуі кезектесіп, әйтеуір әзірге бәріне үлгеріп жүр. Қолы қалт етсе жүгіріп барып сәбиді емізе қояды. Үйінің дүкеннің ішінде болғанына өзі қуанышты.

Бір күні маймыл директор келіп:

– Дүкенді жауып, бала емізуге кетеді екенсіз. Мұныңыз заңға қайшы, сондықтан жұмыстан шыққаныңыз дұрыс болар, – деп кекірейді.

– Менің бала емізгенімнен жұмысым ақсап жатқан жоқ. Гүлзияның баласы, атасы мен әжесінің баласы, емшектен шыққан соң өздеріне апарып беремін. Бала үшін менің жұмысым ешуақытта ақсамайды.

– Осы сіз не елден өткен өте ақылды, не болмаса өте қу әйелсіз-ау.

– Бізге не десеңіз де жарасады.

Алдындағы адамдарды елемей тұрған директордың парықсыздығына әзер шыдап тұр. Директор басын қайқитып, қампиған қарнын бір сипап қойып, керги қалды.

– Олай болса ақыры бәрін мойныңызға алған екенсіз, дүкен уақытында жұмыс істейтін болсын!

– Әй, қарағым директор бала, – деді шеттеу тұрған жырау шал. – Осы дүкен өмірі құлыптаулы тұрушы еді ғой, енді жұмыс істейтін бір адал адам келіп, жұрт айра-жайра болып қалып еді, соңына шырақ алып түсе бастадыңдар ғой. Қайсың ана зарлап қалған кемпір-шалға жетімекті бағып бере аласыңдар? Мұның ұят, директор бала, ұят! Бізге Назымжаннан басқа дүкенші керек емес. Назымжан мүмкін сіздерге ұнамас, бірақ халықпен анда-санда болса да бір санасып қойғандарың жөн болар, директор бала!

– Ақсақал, өзіңіздің балаңыз осы ауылға директор болғанда ақыл айтарсыз, әзірше бұл елді басқарып отырған мына менмін.

Жырау шал, сақалын сипап, ыңыранып, басын түңіле шайқады.

– Е, сұмдық-ай... сұмдық-ай...

Ертеңіне директор Назымды кеңсесіне шақыртты. Бір минөтінің өзі санаулы Назым директордың аннан-мыннан сөз қозғап, жұмбақтап отырғанын түсінбей:

– Бала жылап қалатын болды, дүкен де жабық, ел күтіп қалған шығар, – деді.

– Сау басыңды саудаға салып не қыласың? Анау маскүнемнің саған не қажеті бар? Осы ауылда өзіңнен ажарлы әйел жоқ!

– Мен оған күйеуге шығамын, өзіңіз сияқты азамат қой, жақсылығыңыз құдайдан қайтар, бір жұмыс берсеңіз.

– Күйеуге шығамын дейді?! Қарық боларсың! Осы ауылдың жындыларымен арпалысқаным аздай, енді түрмеден шыққан адаммен арпалысуым қалып еді... жұмыс жоқ!

– Түрмеге адам әртүрлі жағдаймен түседі, ал өмір бойы айналасындағылардың қанын ішіп, түрме түгілі бір рет маңдай терін төгіп жұмыс істемей, асығы алшысынан түсіп жүретіндер де бар ғой.

– Осы мінезіңді ұнатамын. Сен маған кіжіне түскен сайын менің өзіңе деген құштарлығым да артып барады.

Назымның көзінің шарасы үлкейіп, екі иығы алға созылып, тура директордың мұрнының астына бетін таяп біраз тұрды да:

– Сен сияқты адамдар біріне-бірі сырт бейнесімен ғана емес, ішкі пасықтығымен де ағайындас екен ғой, тфу, – деп басын сәл шалқайтқан қорқаудың майлы бетіне түкіріп жіберді.

– Әй, әй, сен қатын... өзің жынды екенсің ғой!

– Әлгінде ғана махаббатыңыз ем ғой, енді жынды болып қалдым ба?! Бұдан былай менің соңыма түскеніңді қоймасаң, мен де арызданатын жерді табармын. Бірнеше жыл бойына қойшыларға бөлінген заттарды талан-таражға салып отырғандарыңды мен бір күнде дәлелдеп бере аламын. Мені аңдығанша, ана жолды жөндетіп, қала мен ауылдың екі ортасына ең болмаса бір автобус жүргізіп қоймаймысың? Гүлзияны дер кезінде жеткізсек, мүмкін тірі алып қалар ма ек, кім білсін... Оның да обалы сенің қатыныңның мойнында. Осы ауылдың ақсақалдарынан бастап, мектептегі оқушыларға шейін қолдарын қойдырып алып, ауданның бірінші хатшысына өзім барамын. Көрдің бе, алдыңда сіз деп сызылып тұрушы ем, ақыры оны да өзіңе көп көрдің.

– Та-та-та... Әр сөзің тура пулеметтен бораған оқтай екен, құрсын, тыныштық керек, осы сөз осы жерде қалсын!

– Мен анау-мынау жаман еркектерден өзімді жоғары қойып үйреніп қалған ұрғашымын. Ол жөнінде қорықпа! Ал ашындырсаң... онда өз обалың өзіңе!

Назым далаға шыға беріп «Мұндайлар дөрекі сөзді ғана мойындайды» деп күбірледі.

Алдынан шыққан Бекжанның:

– Неге шақырыпты? – дегеніне қолын бір сермеді.

Кешкісін Бекжан екеуі баланы шомылдырып, ұйықтатып қойып, шай ішіп отырғанда ғана Назым:

– Иншалла, енді маймыл директор менің атымды атай қоймас, – деп сықылықтай күлді. – Сол баяғы әні, жұмысымнан мін тапқысы келеді, жоғарыға арыз жазамын деп қорқытпасыма болмады. Адамшылықтан да, құдайдан да гөрі ондайлардың арыздан қатты қорқатынын білсемші.

– Осылай, жиірек күліп жүрші, жаным, өзің де әбден шаршадың-ау.

Назымның мәмесін бүлкілдете сорып жатқан сәбиге Бекжан сүйсіне қарайды.

– Маған жаның ашыса, арақты аздап іш! Жарайды енді, ренжіме, аузың бұртия қалды ғой.

– Мына баланың атын кім қоямыз?

– Баланың атын атасы мен әжесі өздері қояр. Бұл балаға мен бауыр басып қалдым, атасы мен әжесі алып кетсе, білмеймін...

– Мен де бауыр басып қалдым, ұл болғаны қандай жақсы болды, мені таниды өзі, жаңа аузын бүрістіріп, міне, былай, көзін алғаш рет маған қадай қарады. – Бекжанның балалық бір бейкүнә түрге енгеніне қарап, Назымның тағы

да күлкісі келді.

Назым түске шейін интернатта жатып оқитын қыздардың біреуін, түстен кейін біреуін шақырады. Өзі әбден сылынып жүдегені болмаса, езуінен күлкі кетпейтін болды...

Атасы мен әжесі азан шақырып, жиендерінің атын Ермек деп қойды.

Ермек екі үйдің ортасындағы дәнекер. Назым мен Бекжанның кемпір-шалға деген құрметтерін көріп-біліп отырған ел:

– Құдай бейшараларды өлтірсін бе... – деседі.

Назым мен Бекжан ешкімге жария қылмай-ақ үйленді. Назым өкіметтен қарыз алып, Бекжан ауылдың ең көрнекті жерінен үй сала бастады. Қыс түспей қабырғасын көтеріп алғанына мәз болып жүрген күйеуіне бірде:

– Осы біз жерді неге Ермектің ата-әжесінің жанынан алмадық, – деді.

– Оны мен де ойлағанмын, бірақ ол жер сортаң, біз өле-өлгенше осы жерде отырамыз ғой, екі-үш жылдан кейін үйіміздің жанындағы бос жерге Ермекке арнап, үй салып берерміз.

– Е, ол да жөн екен.

Ермек екі жастан асқанда Назым аяғының ауыр екенін білді. Бекжан бұл жаңалықты естігеннен бері Назымды күніне мың рет айналып, мың рет толғанатын болды. Назымның киім киісі жинақы болғанмен, басынан орамалын бір тастамайды. Бекжан талай рет жұлып алып, лақтырып жіберсе де:

– Елден ерекше шашымды қоқитып жүргенім жараспайды, – деп көнбейді. – Сенің қойнында жатқанда шашымды барынша жайып жатамын ғой, ол саған аз ба?!

Арақ ішуден тиылып, үнемі шаршап жүретін күйеуіне жаны ашып, кейде Назым тамақтың алдында өзі бір стакан арақты толтырып құйып береді. Назымның қатты танданатыны осы ауылдағы кейбір еркектердің жалқаулықтары. Ештеңемен істері жоқ ездіктері. Жиналыста талай нәрсенің басын бастап айта бастаса:

– Байтал шауып бәйге алмас! – деп әр жерден күңкілдеседі.

– Шолақ белсендіден-ақ басымыз бөлеге қалды ғой, – деген маймақ директордың жағымпаздарының сөздерін естіп те мысы құрып қалады. Назым өзінің бойынан байқаған бір мінезі, ашу үстінде айтар жауабын дөптеп айта алмай қалады екен. Сондықтан, ойлана жүріп, кезін аңдып, тағы бір реті келгенде он есе есесін алатын болған.

Бүгінгі активтер жиналысына іштей өзі әбден дайындалып келді. Жиналысты директордан бір де бір айнымайтын, шаласаятты парторг ашты.

– Клубтың іші суық, күніне он тонна көмір жақсаң да жылымайды. Жастардың баратын жері жоқ, сосын әр бұрышта жиналып алып арақ ішіп, ақырында аяғы төбелеске ұласады, – деп жас агроном жігіт ренжи сөйледі.

– Еріксе жұмыс істесін! – Парторг мыңқ ете қалды.

– Бәрі де жұмыстарына мығым-ақ, ал кешкісін қайда барады? Мен осы мәселені бірінші рет айтып тұрған жоқпын, мәселені шешудің орнына мені мазақ етесіздер. Жастар үшін ештеме істей алмай отырмыз. Бұлай бола берсе мен комсомол комитетінің хатшысы деген қызметтен бас тартамын.

– Біздің еркектер тек кекетіп, мұқатудан ғана алдарына жан салмайды. Мына жігіт дұрыс айтады, елдегі жастарға көңіл бөлінбесе, ертең олардан да қара басының ғана қамын ойлайтын бастықтар шығады. – Назым нықтай сөйледі.

Директор мен парторг біріне-бірі көздерінің астынан түксие қарасты.

– Ауданға барсам осы совхозға екі автобус бөлінген дейді, – деп жалғастырды сөзін Назым. – Бастықтарың біледі дейді. Ол енді үйге апарып тыға салатын тон немесе көйлек емес, автобус қой. Осы бір түсініксіз жағдайды мына халықтың алдында шешіп алайықшы, қашанға дейін біз өздерінен гөрі әйелдері көбірек пайдаланатын бастықтың машинасына телміріп отырамыз. Кеше мен баламды дәрігерге апару үшін бір күн уақытымды кетірдім. Ауру баламен жолдан машина ұстаудың қиямет екені белгілі. Өздерінің әйелдері бір рет жолға шығып машина ұстап көрсінші!

– Қалаға апармасаң болмай ма? Ондай шешесін жалмай туған бала дәрігерсіз де жүз жасайды! – Мұны айтып отырған да бас шұлғығыш жағымпаздардың бірі.

Оларға директор, парторг, кім болса да бәрібір, олар кімге болса да жағынып, жалпандап қалады. Олардың тобыры аз болса да, жан-жақтарына шашатын улары жеткілікті.

Назым бірде Бекжанға:

– Мен бір күн бастық болсам, алдымен жағымпаздар мен жемқорларды жұмыстан шығарар ем, өздерін сыйламайтын олар кімді аяйды, – деп күйінгені бар-ды.

Назым жағымпаздың сөзіне мән бермей, сөзін жалғастыра берді.

– Біздің совхоз облыс бойынша ең үлкен совхоз екен, ең болмаса бір бала дәрігеріміз жоқ. Жолдаманы осы ауылдан алып, осы ауылдың атынан медицина институтында оқып, ауылға қайтпай қалған жастарымыз үшін кім жауап береді?

– Ойланармыз, көрерміз, Назымжан, сен өзің осы менің орнымнан дәмең бар-ау деймін, – деген директордың сөзін жағымпаздар дарақы күлкілерімен іліп әкетті.

Назым кейде өз-өзінен ойға кетеді: «Аяғын аңдап басатын жемқор, сараң, өзінің қара басынан жақсылығы ауыспайтын біреулер машинаның астына да түспейді, адам да өлтірмейді. Кімге күле амандасуды, кімнің алдында бүгіліп тұруды бес саусағындай жаттап алады да қағанағы қарқ, сағанағы сарқ болып жүре береді!»

Жырау атасының «Құдай асықпайды, балам!» деген сөзі ғана өзіне медеу...

Әйтеуір жиналыс өтті деген аты ғана қалатын, ешуақытта еш мәселе шешілмейтін активтен Назым бұрынғыдан да ширығып қалды «Өмірді өзгерту керек, қалай?» Назым өзінің білімінің жетіспейтінін жиі-жиі сезінетін болып жүр. Көңілдің желігінің соңынан қиқулап жүре бергенше білімнің соңына түссеші!

Назым есікті ашты да, табалдырықта тұрып қалды.

– Тәй-тәй-тәй... – Бекжан балпанақтай Ермекті аяғына тұрғызу үшін әрі-бері жетектеп, балаша мәз.

– Әлі ерте емес пе? Аяғы қисайып кетер, көп жүргізе берме! – Назымның даусына жалт қараған Бекжан:

– Өзінің жүргісі келеді. Қабырғаны жағалайды да, құлап қалса, шалқасынан жатып алып, әбден күледі, – деді.

– Әжесіне айтайық, тұсауын кестірсін!

– Ол не, тұсау кесу дегенді айтамын.

– Ол қазақтың ырымы, Ермектің екі аяғын жіппен байлайды да, сол жіпті осы ауылдағы еліне беделді бір апасы кеседі, сосын біздің Ермек шауып кетеді. Бұл қазақтың ырымы.

– Вот здорово!

Ермек екі қолын алға жая беріп, етпетінен құлады.

– Ойбай-ау, не бітіріп отырсың? – Шайнекке су құйып жатқан Назым күйеуіне ұрсып жатыр.

– Ау, енді бұл жігіт емес пе? Құласын, сүрінсін, өзі еңбектенсін! Әйтпесе әркімнен таяқ жеп жүретін біреу болар.

– Қазақша сөйле, қазақша...

Бекжан келіншегінің үйіне әр жиналыстан кейін жан-жағына зәрін шаша келетінін байқап жүрген. Сондықтан да сөздің бетін бұрды.

– Жаңа байқадым, дүкенде көнерген заттар бар екен, олардың бағасын төмендетейік...

– Сен одан да мені тыңда! – Назым кішкене диванның үстіне отырып жатып күйеуіне бағдарлай көз салды. – Сен сырттай оқуға түсші. Ауылшаруашылық институтына деймін.

– Оқуға бару үшін мінездеме керек. Ал оны маған ешкім бермейді.

Бекжанның иығы түсіп, жотасы құнжия қалды.

– Мен сені кепілдікке аламын деймін. Менің күйеуім деймін. Аудандағы мықтыларға барсам да аламын. Болмаса Ізгілік ағаны араластырамын. Бір уақытта жастықпен, мастықпен біреуді аңдаусыз өлтіріп алғаның үшін өмір бойы азаптан арылмауың керек пе?

«Әдейі кісі өлтірген менен де жауыз адамдар бар осы ауылда». Әруақыт өзін аңдып тұратын Төкен тағы да көз алдына келе қалды. «Өлімді қалап алған өзі!»

– Назым, сен қызықсың... – дейді примустың үстіндегі шәйнекті қолына ала берген Бекжан. – Олар сен екеуіміздің некеде жоқ екенімізді біледі.

– Е, сонысы бар екен ғой, несі бар... Ертең барамыз да некеге тұрамыз.

– Той жасаймыз ба?

– Той деймісің? Тойдың керегі не? Екеуіміз ғана барып, неке қию куәлігін аламыз, сосын Масатыны күйеуімен, Магомедті, жырау атаны, өзіміздің апам мен атамды, екі көршімізді шақырамыз. Сосын осы отауымыздың басында отырып үлкендерден бата алайық. Осыған қалай қарайсың?

– Өте дұрыс қараймын.

Бекжанның жүрегі күпті болып жүргені Назымның неке туралы аузына алмайтыны еді. Өздігінен ештеме айта алмайды, еркек деген әйелден ақшаны артық тапқанда ғана өз үні, өз даусы болады дегенді бір сәт ұмыта алмайды. Осы үйдің иесі өзі екенін реті келген жерде Назым күйеуінің есіне салып отырады, сонда да әйтеуір Бекжан қорғанып, тартыншақтай береді.

Қаладан ауылға кіре берісте үлкен гараж бар. Ауласының сыртында үйіліп жатқан көне трактор мен көне машиналар, дөңгелектерге көзі түскен сайын жүрегі қақ айырылатын Назым бірде:

– Қанша дүния ысырап болып жатыр! Мен жиналыста осыны да айтқан ем, әй... – деп түңіле қолын сермеді.

Масаты құрбысының күйіп-піспе мінезіне үйреніп алған.

– Сен неге оқымай қалдың екен... Жалпы, елді әйел адам басқарса үйіріп әкетер еді. Осы күні партия билетін тамыр-таныстықпен алатындар да бар көрінеді.

– Оларды партия билетінің киесі ұрсын!

Назым қарғысшыл болып бара жатқанын өзінің шарасыздығынан деп ұғады. Қолынан келер ештеңе жоқ, қарғысының періштенің құлағына шалынатынына да күмәні жоқ. Жаны күйгеннің құдайды қарғайтыны рас болар, бірақ қанша қиналса да Назым құдайға тілін тигізбейді.

Бекжанға мінездеме алу үшін облысқа шейін барып қайтты. Бекжан сырттай оқуға түсіп келгенше, аяғы ауырлап бара жатса да дүкеннің жұмысын тоқтатпады. Әзірше алдына қойған жоспары іске асып келеді.

Мына алдында талпынып отырған ұлы дүниеге келгенде Бекжанның еңкілдеп жылағанын өзі өмірі ұмытпайтындай.

Барлығы жөнделіп, достары да көбейіп келе жатқанда директор мен парторг басқа жақтан қыса бастады. Қаладан анда-санда келетін шетелдің заттары соңғы кезде мүлдем болмай қалған соң Назым бірде:

– Осы қулар қалада бір қулармен тіл табысып жүрген сияқты, – деп еді, шай ішіп отырған күйеуінің жүзі қоңырайып, көзін төмен түсірді.

– Саған не болды, қызарып кеткеніңді айтамын.

– Саған айта алмай... айта алмай жүр едім, тағы жұрттың бәрін дүрліктіресің ғой... Директор мен парторгтың әйелі біраз заттарды сол жерде ақшасын төлеп алып кетіп жүрген көрінеді.

– Наряд қайда?!

– Менде.

– Әй, Бекжан, не істегенің бұл... – Назымның көзінен парлап жас ақты. – Не істеймін енді?! Ертең-ақ бүкіл ауыл біледі, сосын елдің бетіне қалай қараймыз? Қасықтап жинап жүрген абыройымды сен бір күнде төге салатын болдың-ау! Әй, сенің адам болуың қиын шығар. Е, құдай, не жаздым!

Назым ұзақ жылады. Бекжан орнынан тұрып бара жатып:

– Болды енді! Ана баланы қорқыттың ғой! Бүгін солардың қолында өлсем де, бәрін қайтарып аламын! – деді.

Оңайшылықпен тарап кеткен заттар жинала қоймады. Кешкісін барып бір тай жапонның велюрі, бірнеше тоқыма кеудеше, бес-алты француздың туфлиі дүкенге қайтарылды. Сол күні Бекжан дүкеннің алдына «Ертеңнен бастап шетел бұйымдары сатылады. Велюр үш метрден, француздың туфлиі біреуден ғана беріледі» деген хабарлама жазып іліп қойды.

Бекжан жиын-тойда болмаса арақ атаулының бұл дүниеде бар екенін ұмытып та кеткендей. Ажары нұрланып, он сегіз жасар қыздар да ғашық болатындай күйеуін Назым іштей мақтан тұтып, кейде әзілдеп:

– Осы сені оқытамын деп жүріп, айрылып қалармын, – дейтін болды.

Бекжанға әйелінің өзін жанын жараламай қызғанатыны ұнайды. Өзі туралы ештеңе айтпайтын әйелінің әйтеуір басынан бір үлкен қайғының өткенін сезетін Бекжан да ештеңе қазбалап сұрамайды. Өзімен құрдас осы ауылдағы жігіттердің бір-екі рет карта ойнауға шақырғанына бара алмайтынын айтқанда, біреуі:

– Ой, сенің әуелі түзге де әйеліңнен рұқсатсыз бармайтыныңды ұмытып кетіппіз ғой, – дегеніне де шамданбады.

Екіншісі:

– Он же подкаблучник, – деп еді, Бекжан желкесін қасып, көзін қысып:

– Оның тақасы алтын тақа ғой, алтын ғой, – деді.

Іштей өзінің Назымдай әйелі барына шүкірлік етеді. Әйелін сүйеді, отбасының берекесі мен мерекесі бар, одан артық қандай бақыт керек!

Назымдай әйелдің ері болу үшін Назымға лайық еркек болудың қажеттілігін түсінбейтіндердің не ойлайтындарында шаруасы жоқ!

Биыл қар өте кеш түсті. Бірақ, бұрынғы қыстардан айырмашылық, желтоқсанда-ақ қар табандап жатып алды. Түнге қарай айтарлықтай аяз да болып жүр. Бөлменің іші азынап тұр. Күміскүл ескі көрпенің астына тығыла

түседі. Жылы төсекті қимай жатыр. Көмір жағудан өткен азап жоқ, қашан от алып кеткенше де біраз уақыт өтеді. Күміскүлдің кішкене пәтерінің терезесінен ағарандаған сәуле көрінеді. Бұл тап-таза, ешкімнің аяғы тимеген, жаңа түскен қардың жарығы еді. Аппақ ұлпа қар алма, өрік ағаштарын да жауып қалыпты. Атам заманнан бері көктемде олар гүлдейді, жазда жеміс береді... Неге бұлай екен, қыста бәрі қатып қалатыны несі? Жеміс-жидек те жоқ, құс та жоқ, көңілдің хошы да...

«Кешеден бері әлгі байсымағым да жоғалып кетті, басқа қатын тауып алғаннан сау ма?» дегенді ойлап, Күміскүл ауыр күрсінді. «Менен басқа ол кімге керек дейсің» деп өзін-өзі жұбатты. Ойын аяқтап үлгірмей-ақ есік ашылып, ішке кірген күйеуіне көз қиығын тастап, сырт айналды.

– Әлі жатырмысың? – Сақалы өсіңкі, көзі кіртиген, киімі жұпыны еркек оң керегедегі темір кереуетке итініп кеп тоқтады.

Күміскүл басын көтеріп, терезенің сәулесін қалқалаған күйеуіне назарын аударды. Сабалақ құлақшынның астынан шыққан самай шашы күн көзінде ұзақ жатқан сым темірдің будасындай селтиіп тұр. Уақыт дегенің күшті ғой. Өзінің де оңып тұрғаны шамалы. Бір кездегі аршын төсі солып, тік иығы салбырап кеткен. Келбетсіз болса да алтайы түлкідей құлпыратын қызыл шырайы дәл қазір шөбі қураған күзгі даладай сүреңсіз еді. Майланған бидайдай жалтырайтын торсық шекесін өрмекшінің торындай әжім шиырлап, сүрмелей-сүрмелей сұйылтқан жіңішке қастың орны ғана көрінеді. Әлінің, әрінің барында қараңғыда жалғыз шырақтай жылтылдайтын қара көзі бітік болса да, қылықты еді. Үнемі әлденені айтатындай, әлденені дәмелендіретіндей үлбіреп тұратын ерні көк өңез тартқан.

Тегінде Күміскүл ажарсыз болғанымен, ашық-жарқын болатын. Елірген, ер көңіл азаматтар отқа ұмтылған көбелектей шарқ ұратын. Енді бәрі де көктемгі сағымдай құбылады. Күміскүлдің есіне әлдене түсті ме, «Уһ, дүние-ай» деді. Күйеуі қалқиып осы тұрғанына қанағат ететіндей.

– От жағайын, – деп бұрылып кетті.

– Сенің барыңа да құдайға шүкір... Бас жазатын бірдеме...

Күміскүл көз қиығымен есік жаққа тастай салған күйеуінің қоңыр дорбасына ашқарақтана қарады. Басы ап-ауыр, қашан бір қырлы стакан шарап ішке бармайынша, басы түгілі тілі де өз еркіне көнбейтіні бір өзіне аян. Күйеуі жағайын деп жатқан отын тастай салып, алба-жұлба болған дорбаға жабысты.

– Мә, аша бер, – деп бүйірлері жапырылған шелектегі көмірді көсеумен араластырып, ошақтың ішіндегі қиқым ағаштарға сіріңкені тигізіп еді, лау ете қалған қызыл жалын үйдің ішін құлпыртып жібергендей болды.

– Жаныңқырасын, сосын көмір салармыз, – деген күйеуі, әлі жатқан Күміскүлге:

– Ау, көтерсеңші басыңды, – деді.

Өткен-кеткен есіне түсіп кеткен Күміскүл күйеуінің әмірімен арбиған саусақтарымен кереуеттің басынан ұстап, орнынан көтерілді. Үстіндегі талайдан бері жуылмаған іш көйлегінің үстінен түсі әбден оңған, жолақ халатты жамылып, тірі аруақтай күйеуіне мұңая қарады. Бөтелкенің аузын ашып, стакандағы түннен қалған қалдықты төгіп, бүкшеңдеп жүрген күйеуі өзінің бары да, нары да сияқты.

Күйеуі темір кереуетке жантайған Күміскүлдің тізесін баса отырды. Енді байқады, Күміскүлдің әжімді жүзі мен жанары қайтқан бір кездегі отты көзін өкініш жайлап алыпты.

– Сонша мұқалып не болды?

Қан сияқты қып-қызыл, қоп-қою ішімдік оттың жарығымен жылтырап, сиқырлы құбылады. Күміскүл ең бір қымбат та, нәзік дүниеге қолы жеткендей қырлы стаканды өте сақтықпен ұстап, қан тамырына құйылып жатқан нәрді бар болмысымен сезіне отырып, тамсана ішті. Сәлден кейін-ақ жүрек соғысы да, тынысы да түзеліп сала берді.

– Бір уақытта коньякты шынылап сіміруші ек, енді мынау түбіне қоқым ұялаған арзан шарапқа таңылып қалғанымыз... Мені өлтіретін адам жоқ! Бүгін тағы түсімде Назымды көрдім, сол сұлу қалпы, алыстан қолын бұлғайды да, сақылдап күледі. Қазірге шейін күлкісі құлағымнан кетпей отыр. Назым сенгіш еді, аңғал еді, мен болмағанда ол Төкенді, басқаны қайдан білсін! Ақыры, міне, құдай жазамды берді, жалғыз қалдым. Қандай досым еді-ай...

Күміскүл әуелі кемсеңдей, сосын шашын жұлқылап, ойбайын сала дауыс етті... Кенеттен тына қалып, көз жасын кір-қожалақ халатының жеңімен бір сипап өтті.

Қалбалақтап отырған күйеуіне Күміскүл:

– Сен де басыңның ауған жағына жүре бересің, бір күні мен өліп қалсам, бетімді жабатын да адам болмас, – деп күрсінді. – Түнде қайда болдың?

– Бір әйелдің пешін соғып...

– Сосын сол әйелдің қойнына жата салдым де...

Күміскүл қалған шарапты тепе-тең етіп бөліп құйды да, біреу қуып келе жатқандай, демалмастан бір тамшысын қалдырмай ішті. Кірпігін де қақпайды, қайда көз тіккені де белгісіз.

– Не болды? Саған не болды деймін, айтсаңшы! – деп жекірген болды.

Күміскүл біраздан кейін барып аяғын кереуеттен түсіріп жіберіп еді, көне пружиналар әндетіп қоя берді. Сүйретіліп барып, сырты алба-жұлба болған альбомды ала беріп еді, арасынан бірнеше суреттер шашылып жерге түсті. Күміскүл қолы қалтырай альбомды ұзақ ақтарды. Ақыры жерде жатқан суреттердің ішінен іздегенін тапты. Төрт бұрышты ақ қағазды кеудесіне қысып, қайта келіп отырды. Жаңа ғана тіршіліктің нышаны кете бастаған көзі күлімдеп, өзгеріп сала берген Күміскүлге күйеуі қорқа қарады. «Есінен ауысып кетпесе болғаны!» Бірақ Күміскүлдің суретке тесіліп қалған бейнесінен оның қуанышты екенін көріп, өзі де ыржындап күле берді.

– Жастығыңды еске алар бірдеме таптың-ау, қанеки, көрсетші, – деп күйеуі алға ұмтылды.

– Тауып айттың... – Өмірдегі ең бақытты шағымнан қалған жалғыз ескерткіш... – деген Күміскүл көне суретті тізесіне қойып, күстенген алақанымен аялады. Үш жастағы ұлы Назым екеуінің ортасында үлкен көздерін бадырая ашып қалыпты. Назым ұяла күлімсірейді. Күміскүл өзін-өзі әрең танитын сияқты. Аппақ көйлегі, қап-қара шашы, қара барқыт белбеуі қылдырықтай белін қынай түсіпті. Бір уақытта өзін осындай болды дегенге кім сенер?! «Өзім жылатпасам, мені енді ешкім жылата алмас!» деген түйінге келген Күміскүл, алдымен дүнианы жалпақ басу дегеннің тек ақшамен ғана шешілетінін жақсы түсініп, өзі қызмет ететін ауруханадағы бойдақ әйелдерге жақын жүретін болды. Ақыры солар арқылы сауда қызметінде істейтін адамдардың ең сенімді адамына айналып, көзі тұнып жүріп, қасындағы жалғыз досынан, ауылындағы ұлынан айырылды. Өзінің бар бақытын Назым алып кеткендей. Сол күннен бастап-ақ бар ісі төмен құлдырай беріпті. Өзінен жұрт бойын аулақ салатын болды. Баланың бал мінезіне мән беріп, құмарта, қызыға қарамаған соң аналық сезім де адыра қалатын болғаны ғой. Өзі аналық жауапкершілікті сезінетіндей де болмапты. Тоғыз ай құрсағында жатқаны болмаса сорлы сәбиін алпыс екі тамыры иіп емізбеген де екен. Балалы болуды армандамапты, өзіне бар бейнетті ала келген баладан құтылғанша асықты ғой.

– Жаңа жыл да келіп қалды, – деді темекісін ошақтың алдында бұрқыратып, қалғып-мүлгіген күйеуі.

– Жаңа жыл менің не теңім, келсе келеді дағы...

Талай Жаңа жылды мейрамханада, қонақ үйінде, таныстарының үйінде қарсы алған еді-ау. Шынында Жаңа жыл келем дегенше-ақ арақ пен шарапқа тойып алып, елден бұрын ұйқыға кететін. Тіпті кейде танымайтын біреулердің үйінде оянып, жаңа жылдың келгенін бір жұтым арақ пен сораптай тартылған темекіден кейін барып білетін. Ал соңғы кезде өздерін ешкім елеп шақырмайтын болғанда күйеуі екеуі жертөлелерінде құлағанша ішіп, отырған жерлерінде ұйықтап қалатын. Бүгін өзіне не болған?! Тіпті мұндай ұят пен өкініштің өзі қайдан пайда болды?! Бұл да өзіне жат қылық болғаны әлдеқашан емес пе? Адамның өмір сүруі қилы-қилы қалтарысты болғанымен, ойлау оңай екен. Азабы көп азғана жыл ағындап, санасын ыстық темірмен сан қарып өте шықты. Осы күйге түскені үшін кімді жазғырып, кімді кінәларын да білмейді. Аннан қашқан, мыннан қашқан оншақты еркекпен бас қосыпты, соңғысы ана отырған Қырықбай. Тұрақты жұмыс істейтін жері жоқ, кейде жоғалып кетеді, ондайда Күміскүл бәлендей елеңдеп оны іздемейді. Өзі болса тозығы жеткен жетпіс жастағы кемпірдей бүрісіп отырысы мынау. Жеткен жері осы болды, тіршіліктің қызығы қас қаққандай сәтте өте шығатын тән ләззаты деп біліпті. Не деген арамза ем?! Соның жолында адал досымнан айырылдым, баламнан айырылдым, қазір сол балапаным болса, менің мұртымды балта шаппас еді-ау. Тұу, жалған дүние-ай!

Көзінен құйылған жас енді бір сәтте ыстық бұлақтай самайын күйдіре ағып жатты.

– Мынауың түк болмай қалды ғой, дүкенге барып келе қояйын.

Қипақтап бір отырып, бір тұрып, бес саусағын жыбырлата берген күйеуінің өзінен ақша күтіп тұрғанын біледі.

– Менде не бар дейсің... қазір көрейін... мә, үш-ақ сом.

Күміскүл кереуеттің басында ілулі тұрған көне күртесіне қолын созды. – Е, міне, мынаның қалтасынан бір сом шықты.

– Бір жартыға да жетпейтін болғаны ғой. Кемпірден сұрап көрсеңші.

– Қой, ойбай, пәтердің ақшасын төлемедің деп кеше шаңымды қаққан.

Күйеуі шығып кетті. Енді келер, келмесі неғайбыл.

Күміскүл бүрісіп жатқан күйі талай рет ойлаған ойын тағы да есіне алды. Сол Хайдармен несіне таныстырып ем. Назым оған шынымен ғашық болып, сондықтан да сақтықты біле алмай қалды. Өзімнің қайғым басымнан асып жүргенде, тергеушілердің күн сайын соңыма түсіп алған азабы маған аз

болды ма? Әй, Назымжан, ең болмаса сені кім өртегенін де біле алмай осы дүниядан өтетін болдым-ау. Жабулы қазан жабулы күйінде қала берді. Хайдардың несі кетті, бес баланың әкесі, ең үлкен аурухананың дәрігері. Маскүнем деген атпен жұмыстан қуылғанымда ара түспек түгілі амандасудан да қалды. Қайтейін... Бүгінде менен жуас адам жоқ. «Тыныш жүрмесен қаладан да қуыласың» деп бір мықты ескертіп те қойған. Аннан мыннан тапқан тиын-тебені арағына да жетпейді. Ішпесе күні қараң. Елге бармағанына да талай жыл өтті. Елде өзін күтіп отырған да ешкім жоқ. Әке-шешесі қайтыс болды. Әлдеқашан сүйегі қурап кеткен әке-шешесін айтып жылайтындарды да өз басы түсінбейді. Інісі «Көзіме көрінбе, елдің алдында мені жерге қаратып біттің...» деп, соңғы барғанында үйінен қуып шыққан.

Не деген бітіп болмайтын ұзақ та азапты өмір... Тап осылай бір жатқанында о дүниелік бола қалса ғой...

– Әкеңнің келуіне бір-ақ жеті уақыт қалды, ал мына ремонт дегеннің әлі бітетін түрі жоқ. Құрсын, бәрін таста, әкең келгенше мынау үйді жөндеп қоймасақ болмайтынын білесің ғой. – Болғангүл қолына тамақ салынған сөмке көтере кірген, ұзын бойлы, көзілдірікті жас жігіттің аяқ киімін шешуіне мұрса бермей, үсті-үстіне сөйлейді. – Өзі жолдан шаршап келгенде үйдің іші осылай болып жайрап жатса...

Даусы дірілдеп, жылаудың аз-ақ алдында тұрған шешесінің бұл өмірде бірінші міндеті әкесінің бабын табу ғана екенін жақсы білетін Нұрлан ештеңе деместен ауыз үйде тұрған телефонға жармасты.

– Тез, үйге кел, мамам үйде. Сен енді демалыстағы адамсың ғой. Әлгі жұмысшыларды қайдан болса да тауып әкел де, қашан бітіргенше өзің қастарында бол. Машинаңды бір жетіден кейін жөндетсең де үлгересің. Әкеміздің келетін уақыты болғанын ұмытып кеттің бе? – Нұрлан інісі Ерланға дауысын қаттырақ шығарып жатқанын байқаған Болғангүл тағы да шырылдады.

– Ол да бір баланың әкесі. Соншама әкіреңдеп... көңіліне келіп қалар да демейсің... әйелінің көзінше қатты сөйлеме, жаным.

– Жо-ға әйелінің қасында жоқ екенін мен де біліп тұрмын ғой.

– Келетін болды ма?

– Келеді, сосын мама, сен Ерланнан айырылма. Жұмысшылар ер адамның бақылап тұрғанын білсе сескеніп, тезірек қимылдайды. Менің ертеңнен бастап Мәскеуге командировкам бар. Назгүлге қиын болатын болды. Егіз бала туғаны үшін күнде жылайды.

– О, Алла, өзің сақта! Онысы несі-ай... – Болғангүл бүгінде ағылшын тілін де мүдіртпей сөйлейтін, атақты суретшінің әйелі болса да, аузынан құдайын тастамайды.

– Осы архитекторлардың командировкасы көп болатынын кім біліпті, отбасыңның жағдайын айтып, басқа біреуді жібере тұруларын өтінбедің бе?

– Генералдың әйелі болу үшін әуелі лейтенаттың әйелі болу керек екенін Назгүл жақсы біледі. Сондықтан да ол менің жұмысыма кедергі болмай, отбасының бар бейнетін өз мойнына алуға дайын тұрады, тек өзін балалар ғана шаршатып жүр.

– Балам «Жақсы жерге келген келін – келін, жаман жерге келген келін – келсап» деген қазақтың жақсы мақалы бар. Еңбекті сүйеді екен деп, езе беруге болмайды, – дейді Болғангүл қызғылтқа бояған қысқа шашын желкесіне қарай сілкіп тастап. – Кел, отыр, жаңа ғана самса жасап қойып ем, суып үлгермеді. Биылша мебельді ауыстырмай қоя тұрармыз. Бес бөлмелі үйдің бәріне біріне-бірі сәйкес келетін мебель табу оңай болмас, көне да болса мыналардың сапасы жақсы, гүлдері де тамаша! Бүгінгі газеттерді қарап та шыға алмадым, не деп жатыр екен?

Нұрлан қолындағы газетін тізесіне қойып, тамақ ішуге ыңғайланды.

– Бір жерде самолет апатқа ұшырап, алпыс төрт адам қайтыс болыпты.

– Алла-ай, шалым аман-есен үйге келсе екен. Азербайжандар мен армяндар тағы келісе алмай жатқан көрінеді ғой. Литва өздерінше бөлек мемлекет болмақшы дейді. Бір кооператившіктің үйінен қырық жеті мың сом ақшасын алып, біреулер өзін өлтіріп кетіпті, обал-ай...

– Сол кооператившіктерге мен әруақыт күмәнмен қараймын, – деп Нұрлан костюмының жағасына қыстырған аппақ салфеткасын төмен тартыңқырап қойды.

Әкесі сияқты қағылез, аппақ бетінде бір тамшы қан жоқ баласының мінезі де ұяң. Көп тыңдап, аз сөйлейді.

– Бөліну дегенді қайдан шығарды бұл жұрт?! Тоқырау заманын күні-түні даттап жатырмыз, бірақ сол уақытта жұрттың ауызбіршілігі бар еді. Енді не болды, бәрін ашып айтамыз, бірақ бір түйінге келе алмаймыз.

Шешесінің кітапты көп оқитынын, әдемілік атаулының бәрін жақсы көретінін білетін Нұрлан бір жылдан бері бәрін қойып, саясатты әңгіме ете бастағанына таң қалады. Шешесі елуден асса да, әруақытта шашы да әсем, беті де күтулі, тіпті ас үйдің өзінде үнемі шыттан да болса соңғы үлгімен тігілген көйлек киіп жүреді. Келіндеріне көп ақыл айтпайды. Жер жүзінде өле-өлгенше сақталатын жалғыз махаббат болса, сол махаббаттың иесі шешесі екенін Нұрлан әйеліне үнемі айтып жүреді.

Баяғыда біреудің махаббатына қиянат жасау арқылы өз бақытына қолы жеткен Болғангүлдің орындалмай келе жатқан бір-ақ арманы бар. Тайжанның өзін сүйетініне көзін жеткізе алмай келеді. Бірнеше рет түсінде Назымның атын атап жатқанын естіп, жүрегі қақ айырылса да ешуақытта сыр білдірген емес. Ұлы ұл, қызы қыз болғанша жанын жай таптырмайтын, қызуы бір сәтке де әлсіремейтін азабы мол махаббаттан кейде өзі де қатты шаршап қалады. Сонысын сезетін шалы бірде:

– Осы сенің махаббатыңнан мен де шаршадым, жетті ғой енді... – деп қатты ренжігені бар.

«Бұл еркектерге қалай жағарсың, еңкейсең шалқаяды, шалқайсаң еңкейеді». Екі адам бірдей сүйгенде ғана махаббаттың жарығы мол болатынын біле тұра білгісі, сезе тұра сезгісі келмейді. Өзінің «Баланың өз қызығы өзімен» деген қағидасы бар. Өмір бойы қонаққа барғанда сол қонақта өздерімен бірге болатын әйелдердің бәрінен әдемі болу ең басты міндеті. Тайжанның «Сен сурет салмасаң, өнер одан ақсай қоймас» деген бір ауыз сөзінен өзінше тұжырым жасады да, үйінің қарсы алдындағы кітапханаға жұмысқа тұрып, сырттай оқып, жоғары білім де алып алды. Бүгінде қаладағы ең үлкен кітапхананың меңгерушісі. Өзінің де таныс құрбылары көбейді, олардан сұрайтыны тамақ емес, шетелдің көйлектері, бетке, шашқа жағатын елде жоқ майлар мен бояулар. Қол астында жұмыс істейтін қыздарға таңертең бір көрініп кетеді де, сосын шаштараз бен бетіне массаж жасайтын келіншекке барады. Өзі әжелікті онша мойындай қоймайды. Басқа біреуге Тайжанның көз қиығын да қимайды. Күйеуінің қызғанышты жек көретінін білгендіктен, онысын да қолынан келгенінше күйеуіне сездірмеуге тырысады. Күйеуінің достарының «Бесаспап әйелді, сұлу әйелді тек суретшінің маңдайына ғана жазатын болу керек» дегеніне мәз. Бірақ күйеуінің өзіне ең болмаса бір рет өліп-өшкенін, өзін қызғанғанын көре алмай бұл өмірден өтетінін де біледі.

Бірде шарапқа тойып алып, екі аяғын бауырына алып, бүрісіп жатқан күйеуінің иығынан жұлқа тартып:

– Осы мен саған кіммін? Мен саған не үшін керекпін, соны білейін деп ем, – деді жыламсырап.

Ештеңеден саса қоймайтын Тайжан әйелінің жан-дүниесін айна-қатесіз түсініп жатса да:

– Әйел адамның ең басты міндеті ана болу, ал мен сенен туған балаларымды жақсы көремін, ол саған аз ба, аз ба деймін?! – деді тістеніп.

– Әлі сол Назымынды ұмыта алмайсың ғой. Ол бұл өмірде жоқ! Естимісің, жоқ! Соған үйленгенде жетісер ең, қазір елдің бетіне қарай алмай, оның күйеуі сияқты екі қолыңды төбеңе қойып қаңғып кетер ең!

Тайжан да ауылына барғанда Назым туралы естігені «Ашынасымен бірге өртеніп кетіпті». Назымның бар бақытсыздығына өзін ғана кінәлі санайды...

Тайжан басын жұлып алып, көгерендеп тұрған әйеліне түнере қарады.

– Бәсе, сен қалайша ондай өсектен құр қалды екен деп анда-санда ойлаушы ем...

– Мен неге құр қалады екенмін?! Ол менің өмір бойғы күндесім емес пе? Сен, әрине, өздігіңнен маған ешуақытта ештеңе айтпайсың, өзімді де, сені де азаптап, неге ғана саған күйеуге шықтым екен... Неге, неге?!

Ұзақ жылаған әйелін Тайжан өмірінде бірінші рет жұбатпады. «Назымды ұмыта алмайтыны рас, бірақ енді өзін сүйгені үшін Болғангүл кінәлі ме? Ақылына жеңдірмейтін сезім болатынын мен Болғангүлге түсіндіре алмай-ақ осы өмірден өтермін...»

Болғангүл болса өліп қалған сайқалды аңсауын қоймайтын күйеуін кешіре алмайды, ал көз алдында басқаға үйленіп кетіп, кейін қайтып келген күйеуін кешіретін әйелдерді өз басы түсіне алмайды. Құдай сақтасын! Ондай болса, мен бір күнде-ақ мына дүниемен қош айтысар ем! Құрбыларымен сырласқанда да айтатыны осы. Құрбылары «Сен махаббат туралы романдарды көп оқып, есің ауып кеткен» деп күліседі. «Тайжанға ғашық болғанда бір де бір кітап оқымағанымды олар қайдан білсін...»

Өзінің ойын жұртқа түсіндіре алмай шаршап, соңғы кезде ештеңе айтпайтын да болған.

Тағдырдың ісіне шара бар ма, Тайжанның үлкен ұлы Нұрланның келіншегі Аяған мен Назымның қызы Назгүл. Бірақ Тайжан да, Болғангүл де мұны білмейді. Назгүлдің әкесі Аяған да, бағып-қағып өсірген шешесі

Алтынай да адам баласы түгілі құдайдан жасыруға тырысатын сырларын құдасы мен құдағиына айта алмады. Тайжан курорттан ертерек қайтып, ауырып жатқан Аяғанның көңілін сұрап, қасында үш-төрт күн болатынын хабарлаған болатын.

...Аяған сол кеткеннен көрші қаладан бір-ақ шықты. Өзімен институтта бірге оқыған досын барып паналаған. Бар ынтасымен сүйген жары жүрегіне салып кеткен, мәңгі жазылмайтын жараның әлі күнге сыздайтыны бір өзіне ғана аян. Екі жасар Назгүлі әжесінің арқасында шешесін іздемей өсті. Назгүлі өзі балалар бақшасына барған күннен бастап тәрбиешісінің сүйіктісі болып алып, ақыры Аяған сол сүйкімді тәрбиеші қызға үйленіп, бір қыз, бір ұлды болды. Назгүлге өзінің өгейлігін білдірмеу үшін Алтынай қолынан келгеннің бәрін істеді. Назгүл бірде:

– Мама, мен неге саған тартпағанмын, тіпті мен ешқайсыңа ұқсамаймын, – деп ренжіп еді, – әжесі әңгімеге араласып:

– Маған тартқансың, мұрның, көзің... Әрине, мен енді әбден қартайдым, сондықтан сен маған, мен саған ұқсамай қалдық, – деп көңілін бөлетін.

– Әже, жас күніңізде бір рет те суретке түспегеніңіз қалай? – дегеніне де әжесі әруақыт жауап тауып жатады.

Қарт ана келінін жиі-жиі есіне алады: «Алтыным-ай, шайтан азғырды, адасты, адасты, қайтейін...» деп күңіренеді.

Аяған абырой-атақтан кенде емес. Оқу ағарту бөлімінің меңгерушісі. Үлкен қаладағы абыройы бар азаматтардың бірі. Аяған Алматыға үлкен бір жиналысқа

барғанында Назым екеуіне таныс бір жігітті кездестіргенінде ол Назымның із-түзсіз жоғалып кеткенін, әркім әртүрлі айтып жүргенін күмілжи айтып берген. Бірде шешесі «Келіншегің ешкімнен кем емес, өзіңді жерге қаратқан әйелді аңсап не болды?» деп ренжіген. Онысы дұрыс, бірақ, ақылға көнбейтін не деген алып күш бұл?! Тілмен айтып жеткізе алмайтынын біледі де, ешкімге сырын да ашпайды. Назгүлі Алматыда оқып жүріп Тайжанның баласына күйеуге шығатынын айтып өздерінен рұқсат сұрағанда да Тайжанның Назымның ауылының жігіті екенін білсе де, ешкімге ештеме айтпады. Бірде Назымы еркелеп отырып «Мен сенен де бұрын Тайжан деген суретші жігітті ұнатқанмын, бірақ ол мені тастап кетті» деген еді. «Назым

ақкөңіл, сенгіш еді-ау, сондықтан да алдауға түсті» деп, іштей махаббатын ақтаудан жалықпай келеді.

Екі құда ағайынды екі жігіттей. Бірінің жайын бірі көздерінен ұғысады. «Назым сен екеуміздің маңдайымызға сыймады!» Әрдайым құдасымен кездескен сайын Аяғанды осы бір ой мазалай береді.

Назгүл кішкене күнінен «Мен биші боламын» дей бастады. Қызының талшыбықтай бұралған денесіне, басын үнемі шалқайта ұстап жүретініне қарайтын да Аяған «Мүмкін шынымен таланты бар шығар» деп ойлап, әуелі басқа үйірмелерге де апарып көрді. Назгүлі енді «Мені неге бимен айналысатын үйірмелерге апармайсың» деуін қоймады. Аяған ақыры қызын Алматыдағы бишілер дайындайтын училищеге апарды. Назгүл барлық сыннан сүрінбей өтті. Бұғанасы қатпаған қызын үлкен қалада тастап кету Аяғанға оңайға түспесе де, қызының арманына балта шаба алмады. «Өмір бойы өзімді өнерге арнаймын, маған бала тууға болмайды, сондықтан күйеуге де шықпаймын!» деп, Назгүл әке-шешесінің зәресін алатын еді. Нұрланды кездестірген күннен Назгүлдің барлық жоспарының күл-талқаны шығыпты. Әкесіне ұқсайтын Нұрлан бас-аяғы үш айдың ішінде Назгүлге үйленіп те алған еді.

Бірнеше күннен бері төсек тартып жатқан Аяған құдасының келгеніне қуанып, басын көтеріп, тіпті кішкене шампаннан да ұрттап, екі бетіне қан жүгірді.

Екеуі оңашаланған соң Аяған:

– Тайжан... Талай жылдан бері жүрегімдегі жарадан құлан-таза арыла алмай жүруші ем, ақыры... міне... жұмыста отырғанда құлап қалдым. Дәрігерлер шындықты айта қоя ма? Өзім сеземін... – деп сөзінің аяғын сыбырға көшіріп, балалары мен әйелі жүрген жаққа көзінің қиығын тастады. – Бәрінің үрейін алып біттім. Енді мына дүниеде маған арналған дәм-тұз бітуге айналған сияқты. – Бурыл шашын саусағымен қинала салалап, кірпігін қағып-қағып қалды.

– Олай деме... кім ауырмайды... кімнің жүрегінде жара жоқ дейсің... әлі-ақ жазылып кетесің.

Бір уақыттағы әлжуаз кейпі толысып, бет-терісі қалыңдап, мінезі де салмақтанған, көргені де, білетіні де көп екені ойлы көзінен байқалатын Тайжан құдасының тап осындай таусылғанын бұрын көрген емес еді.

– Өзім жалғыз болдым, іштей тілеуші ем, құдам жақсы болса жалғыздық та ұмытылар деп...

Ауыз үйдегілердің әрқайсысы өз жұмыстарымен жүргендерін байқаған Аяған дауысын көтере сөйледі.

– Құдай ол тілегімді берді, саған ризамын...

Аяған мың рет ойланып, мың рет толғанатын: «Жоқ, Тайжанға бар шындықты айтсам, қызымның бақытына көлеңке түсірермін. Жоқ, өзіммен бірге кетсін!»

– Бір тілегім бар, Назгүліме мені жоқтатпасаң...

– Айеке, Назгүлді бәріміз да жақсы көреміз. Болғангүлдің балажандылығын байқаған боларсың. Тек енді өзіңнің сауығып кетуінді ойла, сосын балалармен біздің ауылға қыдырып қайтарсыңдар. Барған соң Назгүл мен Нұрланды, немерелеріңді жіберемін.

Назгүлдің бет-бейнесі, адамға күлімдеп қарайтын әдемі көзі, бәрі-бәрі Тайжанның есіне Назымды сала берген соң, бірде:

– Назтай, сенің Назым деген апаң жоқ па? Бізбен бірге оқыған бір қызға өте ұқсайсың? – деп сұраған.

Келіні сықылықтай күліп алды.

– Жоқ, Назым деген туысымыз болған емес. Тіпті атымыз да ұқсап тұр екен, қызық, жалпы қазақтың қыздары біріне-бірі ұқсас қой, көп адамдар мені біреулерге ұқсатады да жүреді.

Келіні солай десе де, Тайжанның жүрегінде бір күмән қалып қойған. Бірақ, ешуақытта құдасына бұл күмәнін айтқан емес...

Арада үш күн өтпей, Аяған өмір бойы жүрегіне жазылмас жара салып кеткен Назымын ойлап жатып, о дүниеге аттанып кете барды.

Бүгінде үш ұлдың анасы болған Назымның кіші ұлы он екіде. Бекжан екеуі салып бітірген еңсесі биік, әсем үйлерінің іші әртүрлі жиһазға толы. Алдында бау-бақшасы, малдары да жеткілікті, қыстай жейтіндері қазы-қарта, жазда ішетіндері сары қымыз. Бекжан балаларын жанындай жақсы көреді. Ермектің атасы қайтыс болды. Ермек әжесінің қуанышы. Шаңырақтың иесі. Мектепті бітірісімен, шоферлық курсты аяқтады, машинасына өте ұқышты. Институтқа сырттай түспек ойы бар.

Назым мен Бекжанның үйінде кейде әжесі екеуі қона жатып қалады. Әжесінің «Құдай мені өлтірсін бе, бала-шағасының қызығын көргір

Назжаным аман болсын» дегенін естіген сайын Ермек қатты ойға кетеді. Бекжан айтқан уәдесіне тұрып, Ермекке арнап, үйлерінің жанынан үй салып берген, аталары да сол үйден о дүниеге аттандырылды.

Назым бұл ауылға келгелі төрт директор ауысыпты. Бәрі де әдепкіде жайлы болып келеді, кейіннен сабындай бұзылады. Назым мен Бекжан еш директорға жақпаса да, жұмыстарынан мін таба алмай діңкелері құриды.

Ермек даладан жүгіріп кірген бойы төрде тұрған телевизорға жармасты.

– Сембек айқайлап келеді, тез телевизорды қойыңдар дейді. Қызық бірдеме болып жатқан сияқты.

Назымның үлкен ұлы Сембек үйге жүгірген бойы теледидарға жармасты.

– Мама, міне, атақты Тайжан деген суретші ағай туралы хабар болып жатыр. Мен ол кісі туралы журналдан оқығанмын, осы ағайдай суретші боламын.

Баласының ес білгелі қолынан қағаз-қарындаш тастамай, сурет салуға талпынғанына Назым іштей қуанып жүретін. Назым басын көтеріп, тігіп отырған ісін ысырып, жүрегі лүпілдеп, сөйлеп жатқан Тайжанға тесіле қарады. Қазақтың келбетті азаматы болыпты. Сәл толысқаны болмаса, еш өзгермеген. Тайжаннан сұхбат алып отырған тілші қолындағы микрофонын Тайжанның аузына жақындата беріп:

– Енді отбасыңыз туралы айтсаңыз, – деді.

– Отбасы деймісіз... мынау отырған жұбайым Болғангүл, мамандығы кітапханашы. Аржағындағы үлкен ұлым Нұрлан архитектор, келіншегі Назгүл биші, ал мыналар менің сүйікті немерелерім. Кіші ұлым шетелде жүр, қызым Мәскеудегі шет тілдер институтының студенті. Балаларымның сурет салуға құштарлықтары жоқ, мүмкін немерелерімнің біреуі суретші болар деп үміттенемін.

– Тәке, қарап отырсам, бір басыңызда адам баласына керек бақыттың бәрі бар сияқты. Өзіңізді бақыттымын деп есептейсіз бе?

– Бақыт дегенді әр адам әртүрлі түсінеді. Аш адам тамаққа тойған сәтте өзін бақытты сезінер, бақыттың миллион тармақтан тұратыны әр адамға-ақ белгілі. Адамның жақсылыққа тойымы жоқ. Немерелерімді бауырыма қысқан сайын көңілім шалқиды. Сәби атаулы жыламаса, қарттарымыз бағулы, күтулі болса, жастарымыз махаббаттарынан көз жазып қалмаса бақыт та көбірек болар еді.

Назымның көзінен парлап жас ақты. Өздерімен өздері болған балалар шешесінің көңіл-күйлерін байқамады. Назгүлінің өзінен айнымай қалғанына таңданды. Тағдырға не шара!. Тайжанның баласына апарып өзінің Назгүлін кездестіргенін қарасаңшы! Өкініші, күйініші аралас бір сезім тұла бойын қысып, жүрегі аузына тығылды.

Енді Назым жүрген жерінде теледидарды қосып қоятын болды.

Әр ұлы дүниеге келіп, қуанышы көбейген сайын қайғысы да ұлғая түсіпті. Ұят деген ұлы сезім жанын күні-түні табаға салып шыжғыратын кездері болады. Өзінің ұяты көбейген сайын жан күйзелісі де жиілей берді. Енді бүгінде бақытты болатын шағында жан азабы ұлғайып, екі күннің бірінде жүрегі қысылып, бала-шағасының зәре-құтын алады. Бекжанның «Дәріңді кезінде ішіп жүрмейсің, баладан бетерсің!» деп ренжігеніне:

– Менің емім жоқ! Малды семіртіп барып соятын болса, адамды құдай бар бақыттың дәмін таттырып барып соятын сияқты, – деп айғай салғысы келеді. Бірақ әдеттегідей тілін тістеп қалады. Әйтеуір бір адамға ақтарыла алмай-ақ қойды...

Егеменді ел болудың не екенін біреу біліп, біреу білмей жатқан аласапыран заман. Ішер ас пен киер киімге жарымай, екі қолға бір күрек таба алмай жатқан ауыл адамдары шетінен қалаға көшіп жатты. Ауылдың тракторлары мен комбайндарын жекешелендіріп алған ауылдың белсенділерінің халықтың аштан өлгенімен де ісі болмайтынын көріп жүрген Назым:

– Бекжан, осы ауылдың қарттарының басын қосып, әңгіме-дүкен құратын жерлері жоқ. Дүкеннің жанына киіз үй тігіп қойсақ қайтеді? Ішіне аласа столдар қоямыз, столдың үстінде үлкен самаурын, шәйнектер тұрады. Қарттарға шай дайындайтын бір келіншекті жұмысқа аламыз, – деген болатын.

Бас-аяғы бір айдың ішінде дайын болған он екі қабаттық киіз үйді Назым жайнатып, бірнеше домбыраны қабырғаға іліп, домино, шахматтар сатып алды. Бозбалалар мен бойжеткендер өз еріктерімен келіп, кемпір-шалдарға қызмет етіп, баталарын алып кетіп жататын болды.

Маңдайына «Бірімізге-біріміз бақыт тілейік» деген жазу қағылды. Енді жұрт бұл үйді қысқаша «Бақыт үйі» деп атап кетті. Бір мезгіл адамсыз болмайтын «Бақыт» үйінің алды бүгін де ығы-жығы. Кемпір-шалдардың алдына бүгін үлкен мәселе қойылып отыр.

Осыдан бір жеті бұрын Назым қаладан қайтып келе жатып, бұтақтардың арасында бұқпалап жүрген бір баланы көріп, машинасын тоқтатып, әлгі балаға дауыстап:

– Әй, балақай, неге тығыласың? Кімнен қашып жүрсің? Кел бері, қорықпа, кел, менің машинама отырып... сосын не болғанын айтарсың, – деді.

Он бір, он екі жастағы арық, қара бала, зырылдаған күйі машинаға келіп отырды да, тағы да басын жауып, екі бүктетіле қалды.

– Апа, қарным аш, әуелі нан беріңізші, сосын егер мені милицияға тапсырмасаңыз, бәрін айтып беремін, – деді.

Назым жалма-жан коробкаларды ашып, бір бөлке нан, бір бөтелке айранды баланың алдына қойды. Біреу тартып алып кететіндей бала аузына нанды жұмарлап тығып жатыр еді, Назым:

– Балам, түйіліп қаласың, мә, мына айранды іше ғой, атың кім? – деп, сөмкесінен тарағын шығарып, баланың ұйысқан шашын тарай бастады.

– Менің атымды мамам Бауыржан батырға ұқсасын деп Бауыржан қойған.

– Бұл жерді қашаннан бері паналап жүрсің?

– Бұл жерде ме? Бұл жерде екі күн түнедім. Апа, мені алып кетіңізші... Әйтпесе мені милициялар ұстап алады. Мен тауық ұрлап, ауырып жатқан мамама сорпа істеп берейін деп ем... Ол тауықтың учаскелік милицияның тауығы екенін білмедім. Милиция мені іздеп үйге келіп кетіпті. Ауру мамам «Кет, кет, әйтпесе түрмеге отырасың, жасырын бір жерге барып» деп жылаған соң, жасырынып жүрмін.

– Ойбуй, сорлы балам-ай... сорлы балам-ай... Күздің суығында... түнде осы жерде қондың ба?! Былай болсын, қазір сенің апаңа барамыз, сен машинаның артында мына кәмпитті сорып жата бер. Сен тек үйіңнің қай жерде екенін маған жақсылап түсіндір.

– Біздің үй ме? Біздің үйді табу оңай, орталық стадион бар ғой, тап соның артында. Көне көк қақпаға қырық бірінші нөмір деп бормен өзім жазып қойғанмын.

Назым баланы машинаның арқа жағына жатқызып, үстін көлдей түбіт орамалмен жауып тастады.

– Өзім дыбыс бермейінше қозғалма!

Биік зәулім үйдің жанындағы, бір жағы құлайын деп тұрған, жапырайған аласа үйдің көк қақпасындағы бормен жазылған қырық бірінші үй деген жазуды көріп, Назым машинаны тоқтатты. Жыбырлай бастаған балаға сыбырлай сөйледі.

– Мен шыққанша орныңнан қозғалма! Мен тез шығамын!

Қақпа сарт ашылып, бір келіншек жүгіре шықты.

– Сізге кім керек?! – Өзі үрейленіп тұр.

– Маған Бауыржанның анасы керек.

– Ол кісі науқас, мен сол кісінің туған сіңлісімін. Көрші ауданда тұрамыз, бала-шағадан шыға алмай, көптен келе алмай қалып ем, тәтем төсек тартып жатып қалыпты. Бауыржан үйде жоқ. Ол сізге неге керек, сіз кімсіз?!

– Ішке кіруге бола ма? Қорықпаңыз, мен Бауыржанның қайда екенін білемін.

Жылап қоя берген әйел енді жалт бұрылып:

– Тәте, тәте, Бауыржан табылды, табылды! – деп айқай салды.

Назым келіншектің соңынан ерді.

Кішкене терезеден түскен сәуленің жарығы бөлменің ішін қаракөлеңкелеп қана тұр. Шымылдық пештің түбіне қойылған темір кереуеттің үстінде шалқасынан жатқан арық әйел әлсіз ғана қолын созып, иегі кемсеңдей бастады. Назым кереуеттің шетіне отырып, әйелдің қолын алды.

– Мен барлығын білемін, мына көрші ауылда дүкеншімін, жолда жасырынып жүрген Бауыржанды көріп, машинамды тоқтаттым. Ол маған бар жағдайды айтты. Тамақтандырдым, машинаның артына жатқызып, үстін жауып қойдым. Ешкім оны таба алмайды.

– Жарығым-ай... Жоқтықтан тұралаған түріміз мынау... осы жоқтық қой оны ұрлыққа итермелеген... қайтейін... Жартымсыз пенсияның өзін алмағанымызға төрт ай болды.

– Ол ұрлық жасаған жоқ! Бір тауық үшін біз ол баланы түрмеге жібере қоймаспыз! Мен машинаны аулаға кіргізейін, Бауыржанның маңдайынан сүйіңіз, сосын мен оны ауылға алып кетемін. Әзірше біздің балалармен болсын, әрі қарай мен құйттай баланы соттауға қолы қышып отырғандарды тауып алып, бар істі өз мойныма аламын.

Машинадан қарғып түскен Бауыржан зырылдаған күйі анасының койнына қойып кетті. Анасының көзінен аққан жасты сүйіп:

– Мені батыр болсын десең жыламашы! Жыламашы! – деп өксіді.

– Бауыржан, айналайын, бізге кету керек. Мамаңның бетінен сүй, сосын жолға шығайық.

– Менің атым Назым. Үйдің телефонын, бәрін жазып берейін қағаз, қарындаш болса.

– Менің атым Жазира, мына сіңлімнің аты Қанзира.

Қанзира терезенің алдында тұрған бір топ кітаптың арасынан қағаз бен қарындаш алып, Назымға ұсынды.

– Құдайдан айналайын... сіздей адамды кездестірген құдайдан айналайын... – деген Жазира баласының маңдайынан сүйіп:

– Мамасының алтыны... мамасының жарық жұлдызы... бір құдайға тапсырдым... Күнде жатарыңда Аллаға сиынып, мен үйреткен дұғаны айтып жатарсың, құлыным. Назым апаңның айтқанынан шықпа! Ертең Қанзира тәтең барып қайтар, – деді жыламсырап.

– Қанзира біздің совхозда өзі бір-ақ дүкен бар, мені сол жерден табасың, егер мен бір жаққа шығып кетсем, күйеуім Бекжан болады. Оған сенің келетініңді айтып қоярмын.

«Бақыт» үйіне жиналған қарттар қысыла-қымтырыла кірген Бауыржанды қауқылдаса қарсы алды.

– Кел, балам, мына жерге отыр, – деді шоқша сақалды, бойын тіп-тік ұстап отырған қарт кісі.

– Балам, сенің басыңа түскен ауыр жағдайдың бәрінен хабардар болдық. Біз әбден ақылдасып, сен тауығын ұрлаған учаскелік милицияны осы жерге шақырып отырмыз. Міне, көрдің ғой, сені қанша адам қорғайын деп отырғанын. Қажет болып жатса осы «Бақыт» үйінің жүзден астам мүшесін қосып аламыз. Әрине, біз сенің тауық ұрлағаныңды құптап отырған жоқпыз, қазір біздің алдымызда «Ешуақытта, қандай жағдайда да ұрлық жасамаймын» деген уәденді бересің.

Бауыржан басын тік көтеріп: «Ешуақытта, қандай жағдайда да ұрлық жасамаймын!» деді даусын барынша көтеріп.

– Біздің өтінішіміз бойынша қазір осы жерге милицияның өзі келеді.

Бауыржан алақтап, есік жақта отырған Назымға қарады.

– Осынша аталарың жаныңда отырғанда неге сонша абыржи қалдың, балам, қорықпа! – деп қана үлгерген Назым киіз үйдің есігін көтере ашып кіріп келе жатқан ұзын бойлы, қызыл шырайлы милиция жігітке:

– Төрлетіңіз, халықтың қорғаушысы мен қолдаушысы! – деді.

– Ассалаумағелейкүм!

– Төрлет, бала, төрлет! – деп шуылдасты қарттар.

Бауыржанға көзі түскен милиция:

– Әй, батыр, сен өзің... соншама жұртты шулатып... мұның қалай? – деді тершіген маңдайын көлдей бет орамалымен сүрткіштеп.

– Өзіңіз апама айтыпсыз ғой, балаң түрмеде шіриді деп... сосын мен қашып кеттім.

– Он беске жетпей жатып тауық ұрласа ертең кісі өлтірер дегенім рас.

– Жігітім, мына қарттардың сөзін жерге тастамай келгеніңізге мың рахмет... Бауыржанның үйіне барған екенсіз. Он беске жетпеген баланың басына жоқтық пен ауру анасының тауқыметі түскеніне көзіңіз жетті ғой. Сіздің тәжірибеңізде екі күннің бірінде осындай ауыр жағдайдың ортасында қалған он екі жасар бала кездесе бермейтін болар. Жақсылап тұрып, құлағын бұрап кешіре салмадыңыз ба?

– Оған менің правом жоқ!

– Түрмеге апарып тыға салуға ғана праволарыңыз бар екен ғой, – деген шоқша сақалды қарт милицияға дүрсе қоя берді.

– Ақсақал! Бұл баланың болашағын ойласаңыздаршы...

– Халықтың жиған-тергенін миллиардтап ұрлап жатқандар бостандықта жүр, ауру адам емделе алмаса, аш бала тамағын тойдыра алмаса, бірнеше айлап пенсияларын ала алмаса оған ең алдымен анау жоғарыда отырғандар жауап беруге тиіс. Әр мемлекетте жетімдер мен жесірлерге бөлінетін қаражат қарастырылған. Қайда солар?! Қағаз жүзінде бар, іс жүзінде күндіз шырақпен іздесең де таппайсың!

Милиция жігіттің құлағынан әйелінің «Құрсын, кемпір-шалдар ертең шулап әкімге барады, сосын әкім өзінің былығын ашпау үшін өзінді жұмыссыз қалдырар, бәрін кештім де» дегені кетпей отыр.

– Ақсақалдар! Ақсақалдар! Менің бұл енді жұмысым ғой, тіпті менің тауығым болмай басқаның тауығы болса да мен айналысуға тиіспін.

– Иә, білеміз, түрмеде екі пирожки ұрлағаны үшін отырған балалар да бар, – деген Назымның сөзі отырғандарды бір қозғалтып тастады.

– Сұмдық-ай! – Ақсақалдардың алдына көлдей дастарханын жайып жатқан келіншек бетін шымшып, басын түңіле шайқады.

– Милиция бала! Сен мына мені тыңда! Қай уақытта да әр елдің өз даналары, өз тентектері болған. Сол тентектерді жөнге салатын сол ауылдың өз ақсақалдары болған. Бәріміздің басымызды осы жерге қосқан мына Назымжанға күніне мың рет алғыс айтамыз. Осы жерде шаңырағы шайқалған талай отбасын тәубаларына келтірдік. Талай тентекті жолға салдық.

– Ақсақаладар! Егер қазақтың әр ауылында сіздер сияқты ақсақалдар болатын болса онда тіпті бізге де жеңіл болар еді. Менен бір кемшілік кетіпті, бұл баланы мен де енді ерекше қамқорлығыма алып жүрермін. Анасынан

барып кешірім сұраймын. Сіздер де кешіріңіздер.

Милиция жігіт тізесін бүгіп, қолын кеудесіне қойып, басын төмен тұқыртты.

– Ой, бәрекелді! Ой, бәрекелді!

– Тұра ғой, балам, тұра ғой.

– Өркенің өссін!

– Дегенмен қазақтың баласы ғой, біздің алдымызға келгенін айтамын да...

Бауыржанның екі езуі екі құлағында. Назым құлағына сыбырлап еді, ортаға жүгіріп шығып:

– Милиция аға! Мен сіздің жақсылығыңызды ұмытпаймын! Аталарымның сенімін ақтаймын! – деп, мұрнын бір тартып қойды.

– Ал, ақсақалдар, рұқсат болса мен де жүрейін, заман өздеріңізге белгілі, жұмыс бастан асады.

– Алладан рұқсат! Рұқсат! Өркенің өссін! Жолың болсын!

– Назымжан! – деді шоқша сақалды ақсақал Битұрған. – Біздің де өзіңе қатысты бір үлкен шаруамыз болып отыр.

– Құлағым сіздерде, – деген Назым елең етті.

– Жаңағы Бауыржанның басынан өтіп жатқан ауыртпалық бүгінде екінің бірінің басында. Мына ауыл күйреп барады. Соғыстан кейінгі жылдардағыдай терезелерін ағашпен шегелеп тастап көшіп кетіп жатқандар аз емес. Бұл ауылды қалай сақтап қаламыз? Мектептің жабылып қалатын түрі бар, осы ауылға бір Қожайын керек-ақ. Ауылдың әкімінің әуселесі белгілі.

Біз бірнеше күннен бері ақылдасып, бір жеке шаруашылық құрмақ ойымыз бар. Егер сол шаруашылықтың басында өзің тұрсаң, онда біз бәріміз саған мүше болып кіреміз. Бұл істің тек қана сенің қолыңнан келетініне біздің шүбәміз жоқ!

Екінші шаруа, мына дүкен мен мына біз отырған «Бақыт» үйін жекешелендіріп алу керек, әйтпесе бір күні жоғарыдағылардың құлағын бұрап, бұл дүкенді де өздері жекешелендіріп алады да, бізді далаға лақтырып тастай салады.

– Ойпырмай... күтпеген жерден... Шаруашылықтың қожайынына менен гөрі Бекжан лайықты болар еді. Ал, дүкенді жекешелендіруге өзім жауап бере аламын.

Есік жақта түрегеліп тұрған Бекжан қызарақтап, сырт айналды.

– Бекжан деймісің? – Битұрған сақалын сипап, біраз тынып қалды. – Бекжан ғой ауылшаруашылық институтын бітірді. Шынында оны қалай ескермегенбіз. Олай болса Бекжанның өзін тыңдайық.

– Егер сенім білдірсеңіздер, сенімдеріңізді ақтауға бар күшімді саламын.

Одан бері де жеті жыл уақыт өтіпті. «Бақыт» шаруашылығы ең бай шаруашылықтардың бірі. «Бақыт» үйінің ақсақалдары мен ауылдың жастарының өтінішімен Бекжан селолық әкімнің сайлауына қатысып, сайлауға түскен он бір адамның барлығынан үстем шығып, бірауыздан әкім болып сайланды.

Бүгінде өзін бір әйелдей бақытты санауға тиісті Назымның сырты ғана бүтін, ал іші түтін екенін ешкім білмейді. Бір күн Назгүлін есіне алмай көзін ілген емес. Адам баласына айта алмайтын, жүрегіндегі шер мен мұң өз дегенін істеп бақты. Жүрегі ауыратын болды, көзі ілініп кетсе болды, ғұмырына жететін бар бақытсыздықты басына үйіп-төгіп кеткен Төкен түсіне кіретін болды, кіріп қана қоймайды, қанша ұйықтаса өзімен сонша уақыт арпалысады. Бірнеше рет айқайлап, бастығырылып жатқанында Бекжан өзін әзер оятып алған.

Бекжанның шетелден трактор сатып алуға кеткеніне бір жетіден асқан. Ұйықтауға қорқып, таң атқанша өзін-өзі аңдып жататын Назым «Енді бір күн шыдасам, ертең Бекжан келеді, сосын бір ұйқымды қандырып алармын» деп жатып көзі ілініп кеткен... Назым сол жатқаннан оянбаған күйі о дүниелік болып кете барды.

Бекжан пойыз тоқтамай жатып-ақ анадайдан қара-құрым халықты көріп келеді. Тұрғандардың өзінің ауылының ақсақалдары екенін танып, жүрегі

бірдемені сезгендей бұлқынып қоя берді. Тамбурдан түсе бергенде байқады, жас жігіттердің белінде қара белбеу, қолдарында таяқ. Есін жиып үлгермей, нағашысы өзін бас салып құшақтап, еңіреп қоя берді. Ар жақта жоқтау айтып келе жатқан әйелдердің бірі:

– Асылдан жаратылған Назымжан-ау, – дегенін естігенде, меңіреу адамдай айналасына жалтақтай қарап:

– Не болды?! Назым қайда?! – деді сасқалақтай.

– Назымнан айырылып қалдық!

– Неге?! Ол қайда кетті?!

Есеңгіреген Бекжан тізерлеп отыра кетіп, екі қолын көкке көтеріп, жараланған жолбарыстай күркіреп, айқай салды.

– Мүмкін емес! Мүмкін емес!

Елдің қадірлі ағасы болған Бекжан арада талай жыл өтсе де үйленбеді. Ұлдары үйленіп, қыздары күйеуге шықты, немерелері өзінің ең үлкен бақыты.

Назым қайтыс болған жылдан бастап баптап келе жатқан Бекжанның талдары бүгінде барлық көшені бойлап, көкпен тіресіп, жайқалып тұр...

Сана өзі нүктесін қойған хикаятын қайыра оқып шығып, қалың ойдан арыла алмай отыр: Сорлы болған Назым-ай... Сенің басыңнан өткен қайғы ең болмаса бір қыздың санасын оята алса екен... Ар мен намыстан жүрдай, қалталы азғындардың ойыншығына айналып жүрген жас қыздарымыз бен келіншектеріміз аз ба?! Біреулердің «Қандай болғанда да Назымның адамды өлтіргенін қолдай алмаймын» дейтіндері анық! Назым өзінің өмірінің қыл үстінде тұрғанына көзі анық жетті. Назым өлгісі келмеді, себебі, Назгүлін ақыры бір табатынына сенімі мол еді. Өзіне ара түскен Құдыреттің Назым сенімін ақтады, өзі сияқты өмірден өкшесі тайып жүрген бір азаматқа даңғыл жол ашып берді. Назым өлтірген хайуанды адамның қатарына жатқызуға бола ма?! Ондай хайуандар көбеймесе азаяр емес. Бір алаяққа алданып

қалған жап-жас қызды адал жолға салып жібермей, өзінің ғана қызығына пайдаланатын, өзінің ойыншығына айналдыратын еркек атаулы өз жазаларын осы өмірде алулары керек! Адамға зияны тиетін хайуанды өлтірген адамды ешкім айыптамайды ғой, сондықтан, Назым өлтірген хайуанның өмір сүруге құқы жоқ еді! Жоқ еді... . Жоқ еді!

Біреулердің «Сонда Назымның кінәсі жоқ па?» дейтіндері анық! Болғандай қандай... Назым өзінің кінәсін бір сәт те ұмытқан емес. Қызын бір көруге зар болып, шерменде өмір сүрді. Өз бақытын өзі бағаламағаны үшін, жанында жүрген досының кім екенін білмегені үшін, дүниеқоңыз болғаны үшін, алдамшы қызықты қалап алғаны үшін, ананың қасиетін бағаламағаны үшін Назымның әрі қарай бақытты өмір сүруге құқы жоқ еді! Жоқ еді... Жоқ еді...